Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

О. МҰСЫРМАНОВА, М. ҚАРШЫБАЕВ,
Р. ҚОШҚАРОВ

ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ НЕГІЗДЕРІ

9-СЫНЫП

Қайта өңделген және толықтырылған 4-басылуы

Ұлттық идея және идеология ғылыми-практикалық орталығы баспаға ұсынған

ТАШКЕНТ «MA'NAVIYAT» 2015

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

УЎК 37.035.6 = 512.122
КБК 66.3(5Ў)+74.200.50
М 85

Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch», «O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптары негізінде қайта өңделген. Онда ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздерін құрайтын білімдер мен ұғымдар заманауи әдістемелік тәсілдер мен талаптар негізінде баяндалған.

УЎК 37.035.6 = 512.122
КБК 66.3(5Ў)+74.200.50

Пікір жазғандар:

А. Холбеков, социология ғылымдарының докторы;
С. Олимов, филология ғылымдарының кандидаты.

Мұсырманова О.

М 85 Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері: 9-сынып: Оқулық / О. Мұсырманова, М. Қаршыбаев, Р. Қошқаров; Ауд. А. Ташметов; ӨзР Халыққа білім беру министрлігі. — Т.: «Маънавият», 2015. — 128 б.

I. Қаршыбаев М. II. Қошқаров Р.

ISBN 978-9943-04-157-8

Шартты белгілер:

– есте сақта

– біліп ал

– кілт сөз

– сұрақтар мен тапсырмалар

– мұқият біліп ал

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-04-157-8

© О. Мұсырманова және басқ., 2015.
© «Ma'naviyat», 2015.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

I *тарау*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ЕҢ ҰЛЫ МАҚСАТ

Қымбатты оқушы, бұл күндерде елімізде Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік салтанаттар жүріп жатыр.

Сен білім алып жатқан мектепте, ұстаздарың мен сыныптас достарыңның келбетінен, жанарынан, көңіл күйінен де мерекелік қуаныш лебі қадам сайын сезіліп тұр. Бұндай қуанышты сәттерде біз алдымен тәуелсіздіктің халқымыздың, Отанымыздың өмірінен, әрқайсысымыздың тағдырымыздан қаншалықты маңызды орын алғандығы жөнінде ойларға беріледі. Бұл тұрғыда сен жыл сайын, жаңа оқу жылының алғашқы сабақтарында ұстаздарыңмен, сыныптас достарыңмен жан-жақты әңгімелесесің. Осы пікірлерді жинақтап, қорыта айтатын болсақ, біз 1991 жылдың 31 тамызынан – халқымыз, мемлекетіміз өзін тәуелсіз деп жариялаған күннен бері қандай жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткізген болсақ, олардың барлығы да тәуелсіздіктің арқасында иеленіп отыр. Тек қол жеткізіп қою ғана емес, бізге бүгінгі таңда армандап, ұмтылып жатқан межелерді иелеу үшін де, ең алдымен, тәуелсіздік, еркін де азат өмір керек.Сондықтан да біз ата-бабаларымыздың арманы болып келген тәуелсіздікті ең ұлы игілік ретінде бағалап, қадірлейміз.

Бүгін сен оқып-үйренуді одан әрі жалғастыратын «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәнінің негізгі бағыттарының бірі – ұлттық идея.

Ұлттық идеямыздың негізінде де ең ұлы мақсат, ең басты қағидат ретінде тәуелсіздік, оны көздің қарашығындай сақтау мәселесі тұрады.

Президентіміз Ислам Каримовтың бұл мәселеге арнайы тоқталып, **«Біздің ең ұлы мақсатымыз, ең ұлы идеямыз сол, Өзбекстанның жалғыз жолы бар: тәуелсіздікті нығайтып, мемлекетті жан-жақты кемелдендіру және жарқын да еркін өмірге қарай алға басу»**[1], – деп қадап айтқаны тегін емес, әрине.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 76-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сен ұлттық идеямыздың негізінде ел тыныштығы, Отанның гүлденуі, халықтың әл-ауқаты сынды үш маңызды ұғым тұратыны жөнінде 8-сыныпта біліп алғансың. Міне, сол мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте еліміз тәуелсіз, ал халқымыз азат та еркін болуы керек.

Тәуелсіздікті аялау мен нығайтуды біз ең ұлы мақсат деп санаймыз. Ұлттық идеямыздың түпкі мәнін белгілейтін осы мақсат біздің өмірімізге, сана-сезімімізге дарып, дүниетанымымыздың, іс жүзіндегі жұмыстарымыздың негізіне айналуға тиіс.

Адамның жүрегі мен санасын билеп алуды, сол арқылы оны өзінің бұзық ниеттерін жүзеге асырудың қарапайым құралына айналдыруды көздеген түрлі ағымдар мен қозғалыстардың ықпалы күшейіп бара жатқан бүгінгі алмағайып заманда нақ осындай ұлы мақсаттарға ұмтылып өмір сүрген адам ғана адаспайды.

Адам баласы жаратылысынан-ақ қызыққыш екені, сондықтан да оның жиі-жиі алданып қала беретіні саған да құпия емес шығар. Ол табиғат пен қоғамдағы көптеген оқиғалар мен құбылыстарға, орын алған ділгірліктерге жастайынан-ақ жауап іздейді. Олардың мәнін, мағынасын түсінуге ұмтылады. Осылайша оның сана-сезімі дамып, дүниетанымы кеңейеді. Бұл үдеріс үздіксіз жүреді, әлемнің ұдайы қозғалыста болғанындай, адам да білуден, ойлаудан тоқтамайды.

Бірақ әлемді білу мен түсінудің өзіне тән жолдары мен әдістері бар. Соларға сәйкес білімдер пайдалы және пайдасыз, керекті яки керексіз болуы да мүмкін. Міне, сол білімдердің арасынан ең қажеттілерін алу үшін адамда белгілі бір мақсат болуға тиіс. Мысалы, бұрынғы КСРО заманында оқытылатын білімдердің дені пайдасыз әрі керексіз болатын. Өйткені олардың басым көпшілігі жасанды, адамдарды, әсіресе жастарды іші кеуек, жалған мақсаттарға сендіруге бағытталған еді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Тарихқа назар аударатын болсақ, әлемдегі небір ұлы да жанқияр адамдар бүкіл өмірін Отанының гүлденуіне арнағанын көреміз. Өйткені бұндай ұлы мақсаттармен жасау адам өміріне мән мен мазмұн береді, оны кемелдендіреді. Адам өзінің арман-ұмтылыстарын, қызығуы мен сұранысын жүзеге асыруға іргетас болып қызмет ететін осындай мақсатқа, идеяға тұрақты мұқтаждық сезінеді.

Егер көңіл бөлген болсаң, сәбидің қолынан ойыншығын алып қойсаң, ол біраз жылайды да, көп өтпей оны есінен шығарады. Себебі оның ой-қиялын басқа нәрсе, мәселен, қолына ұстатылған кәмпит иелеп алады. Яғни оның әлі оянбаған санасындағы ойыншыққа деген қызығудың орнын сол заматында-ақ өзге нәрсеге деген қызығу басады. Адамның жаратылысы да сондай: бірер нәрсеге қызықпай, ойы мен санасын бірер нәрсеге билетпей тұра алмайды. Табиғатта, жаратылыста бос кеңістік болмайтыны сияқты адамның жүрегі мен санасында да бос орын жоқ.

Сондықтан да халқымыз ізгі дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, жасампаз идеяларды ғасырлардан ғасырларға алып өтеді, оны перзенттерінің жан дүниесіне дарытады. Тәуелсіздік идеясы да нақ осындай таусылмайтын, өлмейтін идеялар қатарына жатады.

Адамның жүрегінде не санасында бірер бостыққа жол берілсе, ол өзінің арман-ұмтылыстары мен өмірлік мүдделеріне сай келетін құндылықтарға емес, керісінше дұрыс жолдан тайдыратын жалған идеялар мен идеологияларға сеніп, адасуы, жақсылықтың орнына жамандықтың, ізгіліктің орнына жауыздықтың соңына еріп кетуі мүмкін.

Әсіресе адамды тез баурап алатын заманауи ақпарат құралдарының қызметі күшейе түскен бүгінгі таңда бұндай қауіп-қатерлер әр түрлі көріністерде найзағайдың жылдамдығымен көбейіп барады. Бүлдіргіш идеялар мен идеологиялар осы ақпарат құралдарын пайдаланып, сана-сезімі әлсіз, қауқарсыз адамдарды тұзағына іліндіруге тырысады.

Адамның жүрегіне басып кіріп, оның сана-түйсігін ізден тайдыруға ұмтылатын идея – озбыр идея болып табылады.

Озбырлық – бүлдіргіштік пен қиратушылықтың негізі. Сондықтан да әлемдегі қиратқыш күштердің дені озбыр идеялар мен идеологияларға сүйенеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бұған мысал ретінде XX ғасырдың 30-жылдарында Германияда үстемдік еткен фашизмнің, өткен жүзжылдықта бұрынғы КСРО аумағында тамыр жайған кеңестік жүйенің тіміскі әрекеттерін келтіруге болады.

Ал жасампаз идеялар мен идеологиялар өзінің ықпалын ағартушылық негізінде жаюға ұмтылады. Президент Ислам Каримов айтқандай, олар надандыққа қарсы ағартушылық күрес жүргізеді.

Жасампаз идея – жарату мен орнатуға, жақсылыққа қызмет ететін идея.

Жасампаз идея мен идеологияға ие болған халық ешқашан озбыр күштердің ықпалына ілікпейді. Өйткені оның жүрегі мен санасы туған жерге сүйіспеншілікпен, Отанға адалдықпен, батылдық, жанқиярлық істерімен, өз күшіне деген сеніммен суарылған.

Біз тәуелсіздікке қол жеткізген соң еліміздің жер асты және жер үсті байлықтарымен қатар халқымыздың рухани әлемін, жан дүниесі мен ой-санасын сақтау және байыту мәселесі де ең маңызды міндетке айналды. Осы мақсатқа орай елімізде көптеген жұмыстарды жүзеге асыру қолға алынды, ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттары қалыптастырылып, жетілдірілді. 2000 жылы Елбасымыздың шығармалары негізінде «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» атты іргелі туынды басылды.

Ұлттық тәуелсіздік идеясының негізгі ұғымдары мен қағидаттары халқымыздың жаңа қоғам орнату жолындағы арман-ұмтылыстарын, тәуелсіздік жылдарында жинақтаған тәжірибелерін, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың үндестігін, идеялар мен идеологиялардың тарихын, бүгінгі әлемнің идеологиялық сипатына байланысты білімдер мен түсініктерді қамтиды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ұлттық идеяға байланысты білімдер мен түсініктерді сатылы түрде игеру жастардың бойында жоғары дүниетаным мен идеологиялық қорғанышты (иммунитетті) қалыптастыруға қызмет етеді. Сен оқып-үйренуге кіріскен «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» де – нақ сол пәннің құрамдас бөлігі.

Идея мен руханият өзінің әлеуметтік өмірдегі орны мен міндетіне, тәрбиелік маңызына қарай бір-біріне өте жақын тұрады. Идеяға байланысты білімдер руханиятқа байланысты білімдерді де талап етеді.

Идея да, руханият та адамның жүрегі мен санасындағы өзгерістерді қоғам өміріндегі оқиғалармен байланыстыра оқып-үйренуді талап етеді. Осыларды ескере отырып, сен оқуға кіріскен бұл пән «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» деп аталды.

Бұл пәнді оқып-үйрену барысында жоғарыда айтылған «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» трактаты, Президент Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабы, ұлттық идея мен идеологияға, руханиятқа қатысты басқа да шығармалары, ата-бабаларымыздың бай мұрасы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар басты қайнар, әдістемелік негіз болып қызмет етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Біз неліктен тәуелсіздікті ең ұлы игілік ретінде қадірлейміз?
2. Президентіміз Ислам Каримовтың ең ұлы мақсатымыз, ең ұлы идеямыз жөніндегі пікірлерін баяндап бер.
3. Ел тыныштығы, Отанның гүлденуі және халықтың әл-ауқаты сияқты ізгі мақсаттарды жүзеге асыру үшін алдымен не істеу керек?
4. Сенің де айқын мақсаттарың бар ма, оны жүзеге асыру үшін не істейсің?
5. Сен де әлденелерді жарату, құру жөнінде армандайсың ба?
6. Сен озбыр идея дегенді қалай түсінесің, оның ықпалына ілікпеу үшін не істейсің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ПРОГРЕСС

Қымбатты оқушы, мынаны есте сақта, әлемдегі әрбір халықтың ұлттық идеясы оның алға басуына, қоғамның барлық мүшелерін ортақ мақсат жолында бірлестіруге, олардың күш-мүмкіндіктерін сол ізгі мақсаттарға жұмылдыруға қызмет етеді. Біздің ұлттық идеямызда елімізде құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам орнату, бұл үдеріске халықтың белсене қатысуын қамтамасыз ету, оның тұрмыстық әл-ауқатын, Отанның әлемдік шеңбердегі абырой-даңқын арттыру басты мақсаттардың қатарына жатады.

Ұлттық идеяның құрамындағы негізгі ұғымдардың бірі Отанның гүлденуі деп аталады.

Отанның гүлденіп-дамуы үшін, ең алдымен, ел тыныш, халықтың әл-ауқаты жоғары болуы керек. Сол себепті ел тыныштығы мен халықтың әл-ауқаты секілді ізгі мақсаттар Отанның гүлденуімен қосылып, ұлттық идеяның негізін құрайды.

Міне, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін елімізде жасайтын барлық адамдар әрі дене бітімі тұрғысынан, әрі рухани тұрғыдан кемел болуға, қайсы ұлттың немесе ұлыстың өкілі екендігіне қарамастан, барлығымыз үшін ортақ Өзбекстанның гүлденіп, алға басуы жолында бірлесіп, тату-тәтті өмір сүруге тиіс. Бұндай ұмтылыстар мен көзқарастарды жас кезінен бастап-ақ олардың жүрегі мен санасына дарыту үшін ұлттық идея құрамындағы кемел адам, әлеуметтік ынтымақтастық, ұлтаралық татулық, дінаралық бауырмалдық секілді қағидаттар да айрықша орын иелейді. Ал бұл өз кезегінде ұлттық идея құрамындағы ұғымдар мен қағидаттардың бір-бірімен тығыз байланыстылығын, халықты бірлестіріп, біртұтас құдіретті күшке айналдыруда оның практикалық мүмкіндіктері қаншалықты мол екендігін көрсетеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ұлттық идея халықтың өзіне тән тұрмыс салтын, табиғатын, мінез-құлқын, ежелгі дәстүрлері мен құндылықтарын, арман-ұмтылыстарын және мүдделерін айқын бейнелейді.

Қаншама ұрпақтардың ұлттық идея жолында қажырлы күрес жүргізіп өткендіктері себепті ол көбінесе ұлттық өздікке, абырой-мақтаныш рәмізіне айналып кетеді.

Сен әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер қол жеткізген даму дәрежесі жөнінде сөз қозғалғанда, «жапон кереметі» яки «корей кереметі» деген сөздерді естіген шығарсың. Бұл халықтар өткен ғасырдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте ауыр жағдайға душар болды. Аталмыш мемлекеттердің көл-көсір табиғи шикізат қорлары, минералдық ресурстары да жоқ-тын. Олар тек ұлттық идеяларына, рухани әлеуеті мен интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сүйеніп, нағыз жасампаз ұлт ретіндегі жаратушылық қабілеттерін паш ету жолымен ғана жоғары дамуға қол жеткізе алатын еді.

Президентіміз Ислам Каримов осы шындықты айрықша атап көрсетіп, былай деп жазады: **«Жапон және корей халықтары ғасырлар барысында қалыптасып, үлкен жасампаз күшке айналған өзіндік ұлттық руханият есебінен де алға басқаны қазір ешкімге құпия емес. Сондықтан да «жапон кереметі» немесе «корей кереметі» жөнінде сөз қозғалғанда, танымал сарапшылар мен мамандар да бірінші кезекте «жапондық мінез-құлық», «корей жаратылысы» дейтін тіркестерді тілге алады. Олар бұл ретте ең алдымен сол халықтарға тән рухани қасиеттерге сілтеме жасайды. Яғни бұл халықтардың ішкі жан дүниесі мен ерік-жігері руханияттың арқасында шыңдалып, кемеліне жеткен»[1].**

Бұл сөздердің қаншалықты дұрыс екендігін соңғы жылдардағы оқиғалар тағы да дәлелдеді. Мысалы, 2011 жылдың 11 наурыз күні Жапонияның Тохоку аумағына таяу маңда, Тынық мұхитта күшті жер сілкіну болды. Осының салдарынан мұхиттың суы 10 метрге дейін көтеріліп, дүлей дауыл – цунами пайда болып, жағалауға жақын орналасқан елді мекендерді түгелімен жермен-жексен етті. Мыңдаған адамдар

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma’naviyat» баспасы, 2013 жыл, 27-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

опат болып, аман қалғандары баспанасынан айырылды. Бұл да аз болғандай, зілзаладан зардап шеккен «Фукусима–1» атом электр стансасының реакторларында жарылыс болып, мұхитқа радиация сәулесі тарап кетті. Осылайша сол маңайда жасайтын халықтың, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өмірі елеулі қауіп астында қалды. Нақ сондай өте ауыр трагедияларға душар болған жапон халқы үмітсіздік пен абыржушылыққа түспеді. Керісінше, бұндай қиын да қорқынышты сынақ алдында бұрынғыдан да тығызырақ бірлесіп, апаттың салдарларын жоюға бір кісідей жұмылды. Адам ағзасын уландырып, барлық ұлпаларын күйдіріп жіберетін өте қауіпті сәуле таралып жатқан апат ошағында 200 маман күндіз-түні дамылсыз еңбек етті. Олар өз өмірлерін бәйгеге тігіп, ертең өмірлік мүгедек болып қалатынын, яки бұл дүниеден беймезгіл көз жұматынын біле тұрып, халқы, Отаны үшін осындай қаһармандыққа бел буды. Олардың ішінен 17 адам ауыр сәуле ауруына шалдығып, ауруханаға түсті, ал кейбіреулері күшті сәуле радиациясынан сол жердің өзінде-ақ қаза тапты. Дегенмен апаттың алдын алу жұмыстары бір сәтке де тоқтаған жоқ. Міне, осындай өмір мен өлім белдескен қиын-қыстау сәттерде кез келген ұлттық идеяның негізін құрайтын Отанға, халыққа, ұлтқа деген сүйіспеншілік, адалдық, жанқиярлық сезімі жапон халқына қолдау көрсетті, медет болды.

Біздің халқымыз да алыс және жақын тарихы барысында қаншалықты қиын да ауыр кезеңдерді бастан өткізген. Тек өткен ғасырдың 80-жылдарында біздің халқымызға қарсы қолданылған, «мақта ісі» деген жасанды жала мен көпе-көрнеу қиянаттан тұратын қуғын-сүргінді ғана мысалға алайық. Бұрынғы КСРО-ның орталығынан келген, мақсаттары ел-жұртымызды кемсітіп, оның мақтанышы мен абыройын, ар-намысын аяқ асты ету, байлықтарын талау болған тергеушілер тобы бірнеше жыл бойы бейкүнә адамдарды қамаумен, олардың жанұя мүшелерін азап пен қинауға салумен шұғылданды. Ұлттық тарихымыздағы ең қаралы кезең

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

болып табылатын сол жылдардағы оқиғаларды зерттеген ғалымдардың айтуларына қарағанда, Гдлян және Иванов есімді тергеушілер басқарған бұл топ түнге қарай мақта өндіруге мүлдем қатысы жоқ қарапайым адамдардың үйлеріне баса-көктеп кіріп, оларды тұтқындаған, бала-шағалары мен әйелдерін көз алдарында қинап, көз бояу үшін жасалған жалған құжаттарға қол қоюға мәжбүрлеген. Әйелдер мен қыз-келіншектердің сырға-білезіктерін, тұрмыстық заттарын тартып алудан да тайынбаған. Халқымыз бұндай әділетсіздіктерден әбден запы болып, дертін кімге айтуды білмей, тұйыққа тірелген кездерде оның өксіген көңіліне жұбату болған не еді? Ең алдымен, бұл дүниеде әділет пен ақиқаттың бар екеніне, ә демей-ақ жарық күндердің келетініне деген сенім халыққа медет, көңіліне демеу болды.

Біздің ұлттық идеямыз нақ осындай сенім сезімімен күшті. Бұндай сенім көптеген ата-бабаларымызға қиналған кезде күш берген, оларды еркін де азат күндер үшін күресуге жігерлендірген.

Халқымыздың басына орынсыз жала мен жалған айыптаулар жаңбырдай жауған 80-жылдардың соңында да осылай болды. Ол кезде Қашқадария облысында бірінші басшы болып қызмет атқарған, бертін келе – 1989 жылы республика басшылығына жоғарылап, астанада іс бастаған Ислам Каримов, ең алдымен, бұндай әділетсіздікке шек қоюды, адамдық ары мен намысы, құқықтары тапталған мыңдаған адамдарды қорғауды қолға алды. Елбасының теңдесі жоқ ерлігі нәтижесінде қыруар адамдар қамаудан босатылды, бұрынғы жұмыс орындарына қайта тіктелді, бұрынғы Орталықтан ұйымдастырылған нақақ жалалар мен айыптаулар тоқтатылды. Бұл жөнінде Президентіміз Ислам Каримовтың «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабында егжей-тегжейлі баяндалған.

Бұрынғы кеңестік жүйенің өктемдігі әлі де мықты болған алмағайып кезеңде Президент Ислам Каримовты бұндай ерлікке жігерлендірген күш те ұлттық идеямыздың мағы-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

на-мазмұнын құрайтын ел тыныштығын ойлау, Отанға сүйіспеншілік, халқымыздың аты мен абыройын қасиетті деп санау, әділетке, шындыққа адалдық сезімі болатын.

Ұлттық идеямыз бүгінгі таңда да бізді асқаралы асуларға қарай жігерлендіріп отыр. Әсіресе елімізде адам жан-жақты еркін әрі молшылықта өмір сүретін жаңа қоғам орнату, Өзбекстанды әлемдегі дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосу жолында берік сеніммен алға ұмтылу, реформаларды одан әрі жеделдету ұлттық идеямыздың рухы мен мазмұнына толық сай келеді. Президентіміз Ислам Каримов тарапынан осы бағытта алға қойылған барлық практикалық бастамалар мен тұжырымдар нақ қазіргі күндерде ұлттық идеяны тың пікірлермен және соны көзқарастармен байытуға қызмет етуде. Мысалы, Елбасымыз Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы мен Сенатының 2010 жылғы 12 қарашадағы біріккен отырысында жасаған «Мемлекетте демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғамды дамыту концепциясында» жоғарыда тілге алынған мақсаттарға жету жолындағы ең маңызды әрі үстем міндеттер негіздеп берілді. Бұл өз кезегінде ұлттық идеяның заманауи прогресс талаптары мен өмірлік тәжірибелер негізінде жетіліп отыратын жүйе екенін дәлелдейді.

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Әлемдегі әрбір халықтың ұлттық идеясы алдымен неге қызмет етеді?
2. Ұлттық идеямыздың басты мақсаттарының бірі қайсы?
3. Ұлттық идея құрамындағы ұғымдар мен қағидаттардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін сипаттап бер.
4. Ұлттық идея неліктен ұлттық өздік, мақтаныш пен абырой рәмізіне айналып кетеді?
5. Жапон яки корей кереметінің пайда болуында аталмыш халықтардың ұлттық идеясы, рухани қасиеттері қандай рөл атқарған?
6. Халқымыз алыс және жақын тарихы барысында ауыр қиыншылықтарды бастан өткізгенін қандай мысалдар арқылы дәлелдейсің?
7. Президентіміз Ислам Каримовты өткен ғасырдың 80-жылдарында үлкен ерлік жасауға жігерлендірген қандай күш еді?
8. Ұлттық идеямыз бүгінгі таңда бізді қандай асуларға қарай жігерлендіріп келе жатқанын мысалдармен түсіндір.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӘЛЕМНІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ

Сен картаға қарасаң, Жер жүзіндегі түрлі мемлекеттер мен аймақтардың географиялық сипатын көресің. Бұдан тыс әлемнің саяси, экономикалық, мәдени көріністері де болады, кезі келгенде олардың әрқайсысы туралы тиісті пәндердің көмегімен қажетті білімдер мен мәліметтерге ие боласың. Сонымен қатар әлемнің өзіне тән тағы бір ерекшелігі, яғни идеологиялық көрінісі де болатынын есіңде сақта.

«Әлемнің идеологиялық көрінісі» – дүниеде болып жатқан идеялық үдерістерді, идеология формаларын, олардың мән-маңызын, мақсаттары мен өзара қарым-қатынастарын біртұтас күйде бейнелейтін ұғым.

Мемлекеттердің, халықтардың, түрлі саяси ағымдар мен күштердің өз мүдделерін жүзеге асыру саласындағы идеялық мақсаттары, күрес құралдары өзгеруіне қарай әлемнің идеологиялық көрінісі де өзгере береді. Мысалы, осыдан 25–30 жылдай бұрын әлемнің идеологиялық көрінісі мүлдем өзгеше болатын. Ол кездерде әлемдегі екі құдіретті билеуші күш – капиталистік және социалистік лагерь деп аталатын Америка Құрама Штаттары бастаған нарықтық экономикалық қатынастар негізінде дамып келе жатқан мемлекеттер мен бұрынғы Кеңес Одағы жетекшілік ететін жоспарлы-бөліністік, әкімшілдік-әміршілдік әдіске негізделген мемлекеттер тобы ортасындағы тұрақты қарама-қарсылық пен күрес әлемнің идеологиялық көрінісі қандай болатынын белгілейтін еді.

Кез келген заманда да адамның жүрегі мен санасына ықпал жасау, бұл мақсатқа жету үшін барлық құралдарды іске қосу әлемнің идеологиялық көрінісінде басты орын иелеп келген. Нақ осы жағдай бүгінгі таңда да байқалып отыр. Бірақ қазіргі уақытта идеология аландарындағы күрес әдістері, формалары мен құралдары тендесі жоқ деңгейде дамып, шұғыл өзгеріп барады. Өйткені XXI ғасырда әлемде жаһандық, яғни бүкіл Жер

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жүзін қамтып алған ақпарат жүйесі пайда болды. Интернет, яғни ғаламтор – осындай жаһандық ақпарат жүйесі болып табылады. Бұндай жүйе арқылы адам жүрегі мен санасына ықпал жасау мүмкіндігі бірнеше есе артты.

Бүгінгі әлемнің идеологиялық көрінісі жөнінде Президентіміз Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабының үшінші тарауында жан-жақты пікір өрбітіліп, былай делінеді:

«Әлемнің геосаяси, экономикалық, әлеуметтік, ақпарат-коммуникациялық көрінісі көз алдымызда шұғыл өзгеріп, әр түрлі идеологиялар күресі ширыға түскен қазіргі уақытта бәрімізге аян болып отырғаны сол, пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы ағартушылықпен күрес жүргізудің маңыздылығы әрқашанғыдан да арта түсті»[1].

Пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы ағартушылықпен күрес жүргізу дегенде нені түсінуге болады? Бұдан адамның жүрегі мен санасын билеп алу жолындағы күрестің біздің заманымызда барған сайын күшейе түскенін, бүгінгі әлемнің идеологиялық көрінісі де сонымен белгіленетінін түсінеміз. Адамзаттың қолындағы барлық заманауи идеология құралдары осы мақсатқа бағытталып отыр.

Әрине, әлемдегі әрбір идеология немесе идеологиялық ағым адамның жүрегі мен санасын өзінің мақсат-мүдделеріне мойынсұндыруға ұмтылады. Ал пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы ағартушылықпен күресу алдымен бұндай күрделі үдерістің түпкі себептерін түсінуді, оларға қарсы күресте ақыл мен білімге сүйенуді талап етеді. Бұл үшін сана-түйсігіміз бен интеллектуалдық әлеуетіміз жоғары болуы, заманауи білім мен өнерді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тыңғылықты иелеуіміз, ең маңыздысы, жүрегіміз бен санамыз тек өзімізге тиесілі болуы керек.

---

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 119-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жүрегі мен санасынан айырылған адам бүкіл өмірінен, бүкіл болмысынан жұрдай болады.

Бүгінгі таңда адамның жүрегі мен санасын уландырып, оны азғындық жолға түсіруге бағытталған зиянды әсерлер бірқатар жауыздық мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін. Солардың ең қауіптісі – белгілі бір халық немесе ұлт өмір сүріп жатқан мемлекеттің аумағын, ондағы материалдық және рухани байлықтарды иемдену ниетінен туындайтын идеологиялық-идеялық шабуылдар. Бұндай шабуылдар бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе, ғаламтор, телерадио тармақтары, содырлық рухтағы кітаптар, плакаттар мен брошюралар арқылы таратылуы ықтимал. Қандай формада болуына қарамастан, олар алғашқы кезекте нысанаға алынған елдің перзенттерін ұлттық сезімінен, Отанға сүйіспеншілігінен айырып, рухани тұрғыдан бодан етуге, халықтың ішінде дүрдараздық оятып, өзара келіспеушіліктер туғызуға, сөйтіп бұл топырақтың байлықтарын емін-еркін талап-тонауға ұмтылады. Егер әлемдегі өзара дүрдараздықтар мен ұлтаралық қайшылықтардың шеңгелінде қалған кейбір мемлекеттердің өте аянышты жағдайын көз алдымызға елестететін болсақ, шеттен идеологиялық қысым жасаудың соңы қандай келеңсіз жағдайларға соқтыратынын айқын аңғара аламыз.

Бұндай арам ниеттерге қол жеткізу үшін қолданылатын әдістер де сан алуан.

«Террор» – латын тілінен аударғанда, қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді. Лаңкестік (терроризм) адамдарды қорқытып, үрейлендіруге, бұқаралық тәртіпсіздіктер туғызуға негізделген зорлық-зомбылық әдісі болып табылады.

Лаңкестік атты бәленің бүгінгі таңда дүние жүзін бойлап қаншалықты жедел жайылып бара жатқанын сен жақсы білесің. Оның қанқұйлы қылмыстарының салдарынан күн

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

сайын талай-талай жазықсыз адамдар жапа шегіп, қыруар ғимараттардың жермен-жексен болып жатқанынан да теледидар арқылы хабардар болып отырсың.

Адамдарды қорқыту, алдау, арбау және жалған уәделер беру арқылы оларды өзіне бағындыруға ұмтылған тағы бір қауіпті қатер – содырлық, яғни экстремизм.

«Экстремизм» де латын тілінен алынған сөз, ол саясатта басқа ештеңені мойындамайтын сыңар жақты көзқарас пен шараларға бейімділікті білдіреді.

Содырлық зорлық көрсету, қысым жасау, қастандықтар ұйымдастыру жолымен мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға өз өктемдігін жүргізуге, адамдар арасында жалған идеяларды таратып, оларды дұрыс жолдан тайдыруға ұмтылады.

Адамның жан дүниесіне қарсы бағытталған тағы бір қатер – догматизм (өзбек тілінде ақидапарастлик).

«Ақида» сөзі араб тілінен аударғанда, сенім деген мағынаны білдіреді. Ол ешқандай қарсылықсыз, талқылаусыз, сөзсіз орындалуға тиісті қағидалар мен талаптарды алға қояды.

Догматтар өздерін тек ақиқатты білетіндер деген талаппен дінге немесе басқа да идеялық ілімдерге «нағыз қағидаттарды» енгізуге, өзге барлық білімдер мен құндылықтарды жасанды, жалған деп, адамдарды, әсіресе жастарды азғыруға әрекет жасайды. Догматизм прогресті, еркін де шығармашыл ойлауды мойындамайды.

Адамның жүрегі мен санасын уландыруға, жолдан тайдыруға бағытталған зиянды ықпалдардың тағы бір арам ниеті – адамдарды «өнер», «әдебиет» және «мәдениет» бетпердесі астындағы жеңіл-желпі, шындықтан ауылы алыс нәрселерге қызықтыру жолымен ақша табу, оңай олжаға кенелу болып саналады. Батыс әлемінде «бұқаралық мәдениет» деген атау алған, ал негізінде мәдениетке үш қайнаса сорпасы қосылмайтын зиянды ағымдар жастардың нәзік сезімдеріне әсер етуге бағытталған, әдепсіздік пен ақылақсыздықты насихаттайтын фильм, кітап, компьютерлік ойын сияқтыларды көптеп шығарып, соның арқасында байлыққа белшесінен батып жатыр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Түптеп келгенде, шынайы бұқаралық мәдениет үлгілері әрбір халықтың өмірінде бар. Бұқаралық мәдениет дегені – жас пен кәріге, түрлі топтар мен таптар өкілдеріне, яғни бүкіл жұртшылыққа бірдей қызықты мәдениет болып табылады.

Әдебиет пен өнер барлық заманда да бұқаралық болуға ұмтылып келген. Әлішер Науаи бабамыздың: «Жазған шығармаларымды бүкіл халыққа ұнайтын ет», – деп ниет білдіруі тегін емес. Дегенмен нағыз бұқаралық мәдениет пен жалған бұқаралық мәдениеттің арасында жер мен көктей айырма бар. Нағыз бұқаралық мәдениет үлгілері халықтың арман-ұмтылыстарын, сезім-түйсіктерін, өмірлік ақиқатты шынайы бейнелейтіндігімен, адам жүрегіне терең бойлап, олардың талғамын тәрбиелейтіндігімен құнды. Сол себепті атақты киношеберлер түсірген «Тахир мен Зухра», «Махаллада ду-ду гәп», «Жар-жар», «Өткен күндер» секілді фильмдерді көрермен бүгінгі таңда да сүйсініп, қызыға тамашалайды.

Ұлттық музыка өнерінің «Муножат», «Ушшоқ», «Лазги», «Тановар» сынды үлгілерін халқымыз ынтыға тыңдайды. Олар ұлттық мерекелер мен той-тамашаларымызға ерекше мән мен мазмұн береді. Өзің-ақ ойлап көрші, бүгінде бізге «бұқаралық мәдениет» үлгілері ретінде тықпаланып жатқан, базарлардағы дүкен сөрелерінде сыймай тұрған ұят пен әдептен жұрдай сериалдар, жойқын соғыс жайындағы фильмдер, ешқандай мән-мағынасы жоқ жеңіл әндер жоғарыдағы нағыз мәдениет үлгілерінің орнын баса ала ма? Жоқ, әрине.

Қымбатты оқушы, саған мектепте «Әдебиет», «Музыка», «Бейнелеу өнері» рәуіштес пәндер неліктен оқытылатынын білесің бе? Неліктен мемлекетіміз үлкен күш пен қаржылар жұмсап, әрбір ауданда заманалық музыка және өнер

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

мектептерін салуға айрықша назар аударып отыр? Неліктен жыл сайын жас таланттар ортасында беделді бәйге-конкурстар өткізіледі?

Бұлардың барлығында да көзделген мақсат сол, сенің жүрегің, сезім-түйсіктерің, ой-санаң өзбек және әлем әдебиеті мен өнеріндегі ең үздік, ең жақсы, нағыз інжу-маржан шығармалардан азық алып, ізгілік, жоғары адамгершілік қасиеттер рухында қалыптасуға тиіс. Өйткені осындай адамдар ғана келешекте халық пен Отанға адал қызмет етеді, ата-ананың, осынау қасиетті мекеннің қадірін бағалай алады.

Ал жалған бұқаралық мәдениет үлгілері жауыздықты, талғамсыздықты, ақылақсыздықты насихаттап, ата-бабаларымыздан мұра болып қалған сезімдерді ұрлап алмақшы болады, жан дүниемізді бұндай сезімдерден жұрдай етіп, бізді ештеңені сезбейтін нақұрыс, есуас, мәңгүрт адамға айналдыруға ұмтылады. Бұған ешқашан жол беруге болмайды.



Лаңкестік, содырлық пен догматизм, діни фанатизм мен жасанды бұқаралық мәдениет бүгін ғана пайда болмағаны баршамызға белгілі. Олар сонау ерте замандардан бері адамзаттың басына қара құзғындай төніп, айналсоқтап жүреді. Алайда қазіргі ақпарат-коммуникация құралдарының өте жоғары деңгейде дамуы сол індеттердің жедел таралуына қолайлы мүмкіндік туғызып отыр. Сондықтан да олардың іс-қимылдары жандана түскені байқалады. Үйінде теледидары, ғаламтор жүйесіне қосылған компьютері, ұялы телефоны бар адам бұндай қатерлердің ықпалды әсерін күн сайын, қадам сайын сезініп өмір сүруде. Сол себепті пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы ағартушылықпен күрес жүргізуге әрқашан дайын тұру, қырағы да сергек болу кезек күттірмес қажеттілікке айналып барады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Осы тұрғыдан Елбасымыздың төмендегі ескертуі жанжақты негізді болып табылады:

«Соны ұмытпау керек, бүгінгі таңда адамның рухаништына қарсы бағытталған, бір қарағанда түкке тұрмайтындай болып көрінетін шағын хабар да ақпарат әлеміндегі жаһандану тегеурінінен қуат алып, көзге көрінбейтін, бірақ орнын ештеңемен толтыруға болмайтын үлкен зиян келтіруі мүмкін»[1].

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әлемнің идеологиялық көрінісі дегенде нені түсінеміз?
2. Барлық замандарда әлемнің идеологиялық көрінісінде негізгі орын иелеген не?
3. Президентіміз Ислам Каримовтың бүгінгі әлемнің идеологиялық көрінісі жөніндегі пікірлері бізді қандай қатерлерден сақ болуға үндейді?
4. Пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы ағартушылықпен күресу керек дегенде нені түсінеміз?
5. Адамның жан дүниесі мен ой-санасын бұзуға бағытталған зиянды ықпалдар қандай арам ниеттерді көздейді?
6. Сен қандай кітаптарды оқуды ұнатасың?
7. Өз елімізде түсірілген кинофильмдердің Мексика сериалдарынан айырмашылығы неде екені туралы пікірталас ұйымдастыр.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 115-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ПОЛИГОН

Қымбатты оқушы, әлемдегі кез келген ұғым немесе түсінік белгілі бір себептер мен қажеттіліктен туындайды. Соның ішінде «идеологиялық полигон» ұғымы да әлемде ақпарат, идеология саласындағы күрестердің күшеюіне байланысты пайда болды. Оны алғаш рет Елбасымыз Ислам Каримов қолданған болатын.

«Бүгінгі заманда идеологиялық полигондар ядролық полигондардан да күштірек әрі қуаттырақ. Бұл мәселенің адамды әрқашан сергек болуға үндейтін жағы сол, егер әскери, экономикалық, саяси қысым пайда болса, оны сезуге, көруге, алдын алуға болады, бірақ идеологиялық қысымды, оның ықпалы мен ұнамсыз салдарын жедел аңғару – қиынның қиыны»[1].

Идеологиялық полигон – адамдардың жан дүниесі мен санасын билеп алуға бағытталған түрлі идеяларды, ақпараттарды сынау алаңы.

Сен ядролық полигондар жөнінде естіген шығарсың. Бұндай полигондар көбінесе құпия болады, оларда жойқын күшпен жарылатын ядролық қарулар сыналады. Егер адамзат бұндай қаруларды іс жүзінде қолданатын болса, жер бетінде бірер тіршілік иесі де аман қалмайды – олар қай жерге түссе, сол жерде тіршілік белгілері түп-тамырымен күйіп, жойылып кетеді. Дегенмен ядролық қарулар тек белгілі бір аймақты ғана құрта алады. Ал идеологиялық қарулар шекара дегенді білмейді. Олар ғаламтор, теледидар, радио, кітап, кинофильм, телесериалдар арқылы ұлтына, тіліне, дініне, қай елде жасайтынына қарамастан, әрбір адамның жүрегіне дарып, рухани жан дүниесіне іріткі салады.

---

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma’naviyat» баспасы, 2013 жыл, 113-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ал рухани дүниесінен айырылған адам өзін де, өзгелерді де танымайтын, сезімсіз, жүрексіз, ой-санадан жұрдай мақұлыққа айналады. Сондықтан да идеология полигондары ядролық полигондардан да қауіпті болып барады.

Өйткені олардың ықпалы түрлі ақпарат құралдары арқылы күн сайын, минут сайын сезіліп тұрады. Олар адамдарға үйде де, көшеде де, жұмыс бабында да өз ықпалын көрсете алады.

Бүгінгі таңда әлемнің бір бұрышында әлдекандай жаңалық пайда болса, ол дереу идеологиялық мақсаттарға бойсұндырылып, бүкіл дүние жүзіне таратылады. Мысалы, Жер жүзінің бірер аймағында техникалық себептермен немесе табиғаттың заңдылықтары негізінде бақытсыз оқиға орын алса, бір идеологиялық орталық өзіне дұшпандық көзқарастағы екінші орталықты сол іске айыпты етіп көрсетуге тырысады. Яғни «бұл трагедияға пәлен орталықтың қатысы бар» деп, бүкіл әлемге жар салады. Бұл үдерісте қайсы орталықтың ақпарат таратуға мүмкіндігі көп болса, адамдарға ненің қаттырақ әсер ететінін, олар нелерге мұқтаж екенін қайсы орталық бұрынырақ білсе, нақ сол күш адамдардың жүрегі мен санасына өз көзқарасын алдымен дарытуға, сөйтіп ақпараттар шайқасында жеңіп шығуға барын салады. Былайша айтқанда, әлемнің жер үсті және жер асты байлықтары көп аумақтарын өз ықпалымен қамтып алу үшін оларды идеологиялық полигонға – түрлі бүлдіргіш идеяларды жүзеге асыру алаңына айналдыру бұндай орталықтардың түпкі мақсаты болып саналады. Сондықтан да бүгінгі таңда әлемдегі түрлі күштер мен орталықтар арасында ақпараттар шайқасы өршіп барады. Идеология орталықтары осылайша өздеріне ұнамайтын мемлекеттердің абыройын айрандай төгуге, олар орналасқан аумақтарда наразылықтар мен ұлтараздықтарын қоздыруға ұмтылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Әлемдегі идеологиялық орталықтар әр түрлі мемлекеттердің, саяси шеңберлердің мүдделерін қорғайды. Өкінішке орай лаңкестікті, діни содырлық пен фанатизмді идеялық тұрғыдан азықтандыруға, ақылақсыздықты, жауыздық пен озбырлықты насихаттауға қызмет ететін идеологиялық полигондар да табылады. Мысалы, «діни әдебиет» бетпердесі астында шетелден әкелінетін, түптеп келгенде мұсылмандықтың мәнмаңызын бұзып көрсететін кейбір кітаптарға әдейі саяси өң беріледі, ислам діні хақында бұрмаланған мәліметтер келтіріледі. Бұның салдарынан білімі мен тәжірибесі аздау жастар жалған идеялар мен тіміскі насихаттарға сеніп, жаңсақ жолға қадам басуы мүмкін.

Бүгінгі дүниеде бүлдіргіш және зиянды идеологиялар озбыр ұлтшылдық, шовинизм, неофашизм, нәсілшілдік және діни экстремизм (содырлық) секілді формаларда көрініс беріп отыр. Бұрынғы Югославия аумағында өткен ғасырдың соңғы жылдарында озбыр ұлтшылдық, аумақтық оқшаулану салдарынан туындаған қақтығыстар, Таяу Шығыс аймағындағы діни және ұлттық түрдегі жанжалдар бұған мысал бола алады.

Діни содырлық (экстремизм) дегенде, дінді бетперде етіп, қысым көрсету жолымен конституциялық құрылысқа көз алартатын, оны өзгертуге әрекет жасайтын қылмыстық іс-қимылдарды түсінеміз.

Діни содырлық қашан да лаңкестікпен және фанатизммен қатар жүреді. Әлемнің кейбір аймақтарында бірнеше жыл бойы билік жүргізген діни фанатизмнің халықаралық лаңкестік пен діни содырлықтың тамыр жаюына қолайлы жағдай туғызып бергенін бұның жарқын айғағы дей аламыз. Бұның салдарынан көптеген бейкүнә адамдардың жазықсыз құрбан болғаны, олардың адамдық құқықтары аяусыз тапталғаны, сансыз жанұялардың баспанасыз қалғаны әлем жұртшылығының бұндай індеттерге қарсы бірігіп күресуі қажеттігін күшейте түсуде.

Елбасымыз Ислам Каримов беделді халықаралық ұйымдардың мінбелерінен осы мәселеге айрықша назар аударып, практикалық ұсыныстар енгізіп келеді. Осындай ұсыныстар негізінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Лаңкестікке қарсы аймақтық құрылымы дүниеге келді. Оның тұрақты мекенжайы Ташкент қаласында орналасқан.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Діни содырлық пен лаңкестік не дін, не ұлт таңдамайды. Бұндай қатерлердің іс жүзіндік көрінісін Еуропадан да, Азиядан да, Америка мен Африкадан да, христиан, будда және басқа діндерге тән халықтар өмір сүретін аймақтардан да кездестіруге болады.

Бүгінде еркін де ауқатты өмірдің негізін қалап, одан да жоғары асуларға қарай ұмтылған алдыңғы қатарлы мемлекеттер ұлттық идеясын жалпыадамзаттық құндылықтар мен демократиялық қағидаттарға сай дамытып келеді. Бұндай дүниетаным адамға өз қабілеті мен әлеуетін еркін көрсетуіне кең мүмкіндіктер ашады. Соның ішінде біздің елімізде де халықтың бүкіл күш-қайраты, жасампаздық қабілеті Отанымызды одан әрі гүлдендіруге, баянды бейбітшілікті тұрақтандыруға, осы қасиетті топырақта өмір сүріп жатқан барлық адамдар үшін молшылықты тұрмыс негізін жасауға бағытталған.

Қорыта айтқанда, бүгінгі әлемнің идеологиялық көрінісінде екі күштің өзара күресі айқын байқалады. Олардың біріншісі – прогреске қарай ұмтылған халықтардың озық та жасампаз идеологиясы, ал екіншісі – сол прогрестің нәтижелерін пайдаланып, олардың жолына тосқауыл болуға әрекет жасап жатқан зиянды да бүлдіргіш идеология. Алайда бүгінгі дүниенің идеологиялық көрінісі қаншалықты күрделі болғанымен, онда жасампаз идеялардың, ғасырлар бойы адамзатқа тән болып келген салауатты ақыл-парасаттың үстемдігі айқын көрініп тұр. Ал бұл ізгілік бәрібір міндетті түрде жеңіп шығады деген ежелгі ақиқатты тағы да растайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Идеологиялық полигон» дейтін ұғымды алғаш рет кім сипаттаған?
2. Идеологиялық полигон деп нені айтады?
3. Идеологиялық полигондардың ядролық полигондардан айырмашылығы неде? Мысалдармен түсіндір.
4. Діни содырлық деген не?
5. Түрлі идеологиялық орталықтар арасындағы ақпараттық соғыстар нендей мақсаттарға бағытталады?
6. Діни содырлық пен лаңкестік не дінді, не ұлтты таңдамайтыны туралы әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тапсырма: **«Ұлттық идея және Отанға сүйіспеншілік сезімі»** тақырыбына реферат дайында.

Рефератты дайындау үдерісінде төмендегі мәселелерге көңіл бөл:

– ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттарының Президентіміз тарапынан негізделуі;

– ұлттық идея мен Отанға сүйіспеншілік сезімінің өзара байланыстылығы;

– ұлттық идеяда шоғырланған ұлы мақсаттардың мағынасы мен мазмұны;

– бүгінгі алмағайып заманда зиянды ықпалдардан қорғану, әрқашан қырағы да сергек болып өмір сүруде ұлттық идеяның иелейтін орны;

– ел тыныштығы қоғамдық прогрестің негізгі шарттарының бірі екені;

– Отанның гүлденуінің, ел тыныштығы мен халық әлауқатының өзара байланысты ұғымдар екені;

– туған өлкеге сүйіспеншіліктің, құрмет пен іздеттің ата-анаға, сүйікті жанұяға сүйіспеншіліктен бастау алатыны;

– Отанға сүйіспеншілік сезімі мен патриотизм ұлттық идеяның іргетасын қалайтын негізгі ұғымдарға жататыны;

– ұлттық идеяны тек батыл да ержүрек, жанқияр перзенттер ғана өздерінің өнегелі қызметімен, абзал қасиеттерімен, ұлы істерімен әрқашан байытып, ұлықтай алатыны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

II *тарау*

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ КЕМЕЛ ҰРПАҚ

ИДЕЯЛЫҚ БОСТЫҚ

Қымбатты оқушы, бұрынғы сабақтарда айтылғанындай, адам баласы жаратылысынан өте қызыққыш. Тіпті жас нәресте де ұйқысынан оянып, көзін аша салысымен-ақ жан-жағына алақтай қарап, өзіне ермек іздейді, назарына іліккен нәрсені ұстап, қолына алғысы келеді. Өйткені адамның санасы, сезім-түйсіктері өмір бойы жаңалыққа ұмтылады. Әне, сол табиғи сұраныстары қанағаттандырылмай, оның ой-санасы мен жан дүниесінде бостыққа жол берілсе, ең алдымен, адамның өзі сол бостықты әлденелермен толтырудың жолын іздейді. Мысалы, тойда ән салғысы келген адамға кезек тимей қалса, ол үйіне жеткенше ән салып, құмарын басуға тырысады.

Бұл мәселенің тағы бір жағы бар, адам өзінің рухани сұранымдарын өзі қанағаттандыра алмаған кездерде оған өзгелер көмекке келеді. Мысалы, кез келген адамның ата-анасы, жасы одан үлкенірек әрі тәжірибесі молдау аға-әпкелері, ағайын-туыстары мен ұстаздары оған жақсылық тілейді. Сөйтіп, балалық шағынан бастап-ақ оның бойына ізгі сезім-түйсіктерді дарытады, оны әр қадамын ойлап басатын, өзгелермен тез тіл табысатын адам етіп тәрбиелеуге айрықша көңіл бөледі.

Өкінішке орай бұл дүниеде жақсы адамдармен қатар жаман адамдар да баршылық. Олардың іс-әрекеттері мен қылмыстары ғана емес, ішкі дүниесі де арам, қара ниетті болады. Олар өздерінің арам мақсаттарын басқалардың бойына да дарытуға, ізгілікті жоюға, жақсылықтың жолына тосқауыл болуға ұмтылады. Әсіресе өмірден дұрыс жол таңдай алмаған, жақсы мен жаманды айыра алмайтын адамдар, солардың ішінде жастар да сондай арандатушылардың қармағына ілігіп қалады.

Анық та айқын мақсаты жоқ, оңды-солын ажырата алмайтын жастардың ерік-жігері әлі қатаймаған, жан дүниесі мен санасында бостық көп болады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сен «Ағаштың басын құрт жейді» дегенді естіген боларсың. Бұл нақылда табиғат заңдылығы көрініс тапқан. Осы орайда Елбасымыз Ислам Каримовтың жастарға арнап: «Ешқашан біреудің ықпалына түсіп қалмаңдар, ғазиз перзенттерім!»– деп қадап айтуы бекер емес. Өйткені әлем жанжақты мықты, батыл да ержүрек адамдарды мойындайды. Өз күшіне сенбей, болбырап жүрген босбелбеу адамдар ештеңені де тындыра алмайды. Керісінше олар мемлекетке де, қоғамға да тек реніш пен уайым әкеледі. Бүлдіргіш идеялар мен зиянды ықпалдар осындай адамдардың жүрегі мен санасын иелеуге тырысады. Себебі олардың жан дүниесі мен санасында идеялық бостық бар.

Қоғамда, адамның жүрегі мен санасында анық мақсаттар мен идеяға сену, алға ұмтылу жоқ болса, сарыуайымға салыну, үмітсіздік, жігерсіздік, енжарлық секілді ұнамсыз қасиеттердің көбеюі салдарынан туындайтын көңіл күй идеялық бостық деп аталады.

Сен сияқты жас ұрпақ өкілдерінің жүрегі мен санасында ешқашан бостық болмауға тиіс. Сен бүгінгі тегеурінді күрестер заманында өзгелерден еш қалып қоймауың керек. Керісінше бүгінгі таңдағы ең маңызды білімдер мен дағдыларды меңгеріп, білім бойынша да, ақыл-зейін тұрғысынан да, дене бітімі тұрғысынан да баршадан мықты болуың, әлемдік ареналарда өз құрдастарыңмен тең бәсекеге түсуің, тіпті олардан басымдылық танытуың ләзім. Сонда ғана сені барлығы мойындайды, сонда ғана құрметке ие боласың.

Сен Алпамыстай, Жалолиддин Мангубердідей, Палуан Махмудтай немесе Әмір Темірдей жауырыны жерге тимеген, батырлығы мен ержүректігі тұрғысынан бүкіл әлемді таңдандырған ұлы тұлғалардың ұрпағысың. Олар ешқашан ешкімге бас имеген.

Бүгінгі таңда елімізде жас ұрпақтың тәрбиесіне, олардың әрі дене тұрғысынан, әрі рухани-интеллектуалдық тұрғыдан мықты, ешкімнен кем болмай өсуіне жіті назар аударылып отыр. Сен оқушылар мен студент жастар ортасында көптеген спорт жарыстары, бәйге-конкурстар мен фестивальдар өткізіліп жатқанын, ағаларың мен әпкелеріңнің, қатар-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

құрдастарыңның арасынан да пән олимпиадаларының жеңімпаздары, Азия және әлем чемпиондары, Зулфия атындағы және «Нихол» мемлекеттік сыйлықтарының иегерлері шығып жатқанын жақсы білесің. Олар өз алдарына нақты мақсат қойып, жоғары мәрелерге қарай тынымсыз ұмтылудың арқасында осындай нәтижелерге жетіп келеді.

Адам туған елі мен дүние тарихын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жақсы білсе, өз мемлекеті мен әлемде болып жатқан өзгерістерден хабардар болса, тәуелсіз пікірлей алса, оның жүрегінде де, санасында да ешқашан бостық болмайды. Сонда бұндай адамды ешқандай зиянды идея өзіне тарта алмайды.

Біздің халқымыз әрқашан үлкен үміттермен, ізгі ниеттермен өмір сүріп келеді. Әсіресе тәуелсіздікке ие болған соң халықтың арман-ұмтылыстары бұрынғыдан да күшейді, елімізде құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам орнату ең ұлы мақсатқа айналды. Мінеки, осындай асқақ армандармен өмір сүріп, өз күшімен ұлы істерді жүзеге асырып жатқан жасампаз халықтың перзенттері ретінде біз де жүрегіміз бен санамызда титтей де бос орын қалдырмастан, бүгінгі заманның тегеурінді күрестерінде жеңіп шығуға тиіспіз.

Әрине, бүгінгі жаһандану заманында адамдар санасында идеялық бостық болуынан мүдделі күштер де бар. Олар – лаңкестер мен содырлар, діни фанатиктер, «бұқаралық мәдениетті» жақтаушылар секілді бүлдіргіш күштер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Президентіміз Ислам Каримов бұндай қатерлерге қарсы күрес жүргізуге шақырып, төмендегілерді атап көрсетеді:

«Бұл дүниеде табиғатта да, қоғамда да бостық болмайды. Егер бірер жерде бостық пайда болса, сөз жоқ, оны міндетті түрде біреу толықтыруға әрекет жасайды. Қазіргі таңда кім көп – әне сондай рухани бостықты толтыруға ұмтылатындар, соның есебінен өзінің арам ниетті мақсаттарын жүзеге асыруды көздейтіндер көп. Өкініштісі жері сол, бұл күштердің шынайы бейнесін, мақсат-мүдделері мен мүмкіндіктерін толық әрі айқын елестетудің өзі оңай емес. Өйткені олар түрлі бетперделер, сырттай әдемі ұрандар мен идеялар астында жұмыс жүргізеді. Бұндай күштердің ықтиярындағы өте үлкен материалдық, қаржылық ресурстар мен мүмкіндіктер де олардың мұқият ойланған, алысты көздейтін және ұзақ-қа созылатын жауыз мақсаттарына қызмет етуде»[1].

Идеялық бостық қаупі өз өмірін өтеп болған ескі жүйеден жаңа жүйеге ету кезеңінде ерекше күшейеді. Себебі бұндай кезде қоғамдағы үстем идея мен идеология дағдарысқа ұшырап, оларға байланысты ұғымдар мен қағидаттар да ескіреді, оларды ешкім мойындамай қояды. Мәселен, өткен ғасырдың 90-жылдарында бұрынғы кеңес идеологиясының толығымен жойылуы нәтижесінде туған осындай жағдайға бар-шамыз куә болдық. Сол кездерде адамдар рухани тепе-теңдікті бұзбау үшін өздеріне лайықты мақсаттар іздей бастады.

Қоғамымыздың мақсат-мүдделеріне толық сай келетін жаңа идея мен идеология әлі қалыптасып үлгірмегендіктен адамдардың жан дүниесі мен санасында идеялық бостықтың пайда болу қаупі туындады.

Мақсат – сенім қайнары. Ал сенім адамның өміріне мағына мен мазмұн беретін, жан дүниесін арман-үміттерге толтыратын, санасы мен түйсігінде тың пікірлер мен идеялар оятатын күш болып табылады. Сондықтан да сенімсіз жасауға, алға ұмтылуға болмайды.

Әрине, қоғамның озық ойлы, саналы бөлігі болып табылатын саясаткерлер, басшы қызметкерлер, зиялылар идеялық бостық пайда болған жағдайда халықтың, Отанның тағды-

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 12-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ры үшін бүкіл жауапкершілікті сезініп, жаңа ұлттық идея мен идеологияны қалыптастыруға әрекет жасайды. Бірақ жаңа идея мен идеологияны қалыптастыру күрделі әрі ұзаққа созылатын үдеріс болғандықтан, бүлдіргіш күштер өтпелі кезеңдегі идеялық бостықты пайдаланып, адамдарды өздеріне тартпақ болады. Тәуелсіздікке ие болған соң, осындай жағдайларға жол бермеу үшін Елбасымыз жетекшілігімен көптеген жұмыстар жүзеге асырылды. Ұлттық тәуелсіздік идеясын қалыптастыру, руханиятты кемелдендіру, қайталанбас құндылықтарды, халықтың бай тарихи жадын, ата-бабаларымыздың бай мұрасын тіктеу саласындағы жұмыстар солардың қатарына жатады.

Самарқант. Регистан. Шердар медресесі

Осылайша идеялық бостық тәуелсіз пікірі мен дүниетанымы жоқ, жігерсіз, өмір сынақтарынан аулақтау жүретін адамдарда пайда болуы ықтимал. Ал өзінің жасампаздық күшіне сенген адам шеттен жасалатын кез келген қауіп пен қатердің мәнмағынасын дұрыс танып, ешқашан оларға алданбайды, оның жүрегі мен санасында идеялық бостық та пайда болмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адамның ән салуына не себеп болады деп ойлайсың?
2. Сен ата-анаңнан, аға-әпкелеріңнен, ұстаздарыңнан қандай мәселелер бойынша ақыл сұрайсың?
3. Қандай адамның жігері жасық, жүрегі мен санасында идеялық бостық көп болуы мүмкін?
4. «Ағаштың басын құрт жейді» деген нақылдың мағынасын түсіндіре аласың ба?
5. Спорт бойынша Азия және әлем чемпиондарынан, Зұлфия атындағы және «Нихол» мемлекеттік сыйлықтарының иегерлерінен кімдерді білесің?
6. Идеялық бостық деген не?
7. Қандай адамның жүрегі мен санасында ешқашан бостық болмайды?
8. Президентіміз Ислам Каримовтың ел жастарына арнап айтқан жігерлендіргіш сөздері туралы әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ИММУНИТЕТ

Қымбатты оқушы, адамның жүрегі мен санасын иелеп алуға бағытталған зиянды ықпалдар алуан түрлі әдемі ұрандармен және идеялармен бүркемеленетіні себепті бір қарағанда олардың қаншалықты қауіпті екенін сезу қиын. Мысалы, қарапайым ойыншық, мультфильм яки компьютерлік ойын құралы арқылы жас балалар мейірімсіздікке, аяусыздыққа, әрбір адамға өшпенділікпен қарауға үйретілуі мүмкін.

Адамның жан дүниесі мен санасы оның өмірінің мәнмазмұнын белгілейді, сезімдер мен түйсіктер, пікірлер мен ақпараттар арқылы оның бүкіл болмысын басқарып тұрады.

Адамның жан дүниесі – сезім-түйсіктер мен толғаныстар мекені. Адамның сезім-түйсіктері өте нәзік болғандықтан, жан дүниесі де құбылмалы болады.

Құбылмалы жан дүниені адасудан сақтандыру үшін оған сүйеніш болатын күш – берік сенім керек. Сенім мейір-сүйіспеншілікке, нанымға негіз болады.

Бұл дүниедегі ең күшті махаббат – ата-анаға, жанұяға, Отанға деген сүйіспеншілік болып табылады. Ал ең күшті наным – туған жерге табыну. Бұндай махаббат пен нанымға толы жүректі жеңу де, оны кері қарай өзгерту де қиын.

Сана мен ақыл-ес адамның пікірлеу, ойлау, талдау және қорытынды шығару қабілетін білдіреді. Адамның дүниетанымы жан дүние мен санадағы пікірлер және түйсіктер негізінде қалыптасады.

Дүниетанымы салауатты әрі жоғары адамды жалған идеяларға сендіруге де, алдауға да болмайды.

Өз жанұясының, Отаны мен халқының бақытын ойлап, бүкіл адамзатқа ізгілік тілеп өмір сүруге негізделген дүниетаным – ең күшті дүниетаным болып табылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жастардың жан дүниесі мен ақыл-есінде қалыптасу үдерісі жүріп жатқандықтан, оларда берік сенім мен дүниетаным әлі нығайып үлгірмейді. Сол себепті бөгде, жат идеялар негізінен жастардың жүрегі мен санасына шабуыл жасай бастайды. Бұндай қауіп-қатерлерге жол бермеудің ең қолайлы әдісі жастардың жүрегі мен санасында идеологиялық иммунитетті (қорғанышты) қалыптастыру болып табылады.

«Идеологиялық иммунитет» ұғымын алғаш рет Президент Ислам Каримов қолданып, оған мынадай сипаттама берген:

«Кез келген аурудың алдын алу үшін адам ағзасында оған қарсы иммунитет (қорғаныштық қабілет) туғызылатыны белгілі. Біз де перзенттерімізді Отанға сүйіспеншілік, бай тарихымызға, ата-бабаларымыздың қасиетті дініне адалдық рухында тәрбиелеу үшін, ең алдымен, олардың жүрегі мен санасында идеологиялық иммунитетті күшейтуге тиіспіз. Жастарымыз ұлттық өздігін, сонымен қатар дүниені терең түсінетін, заманмен бірге адымдайтын адамдар болып өссін. Міне, сонда жауыз фанатиктердің «үндеулері» де, ақылақ пен әдеп ұғымдарын мойындамайтын, бізге мүлдем жат идеялар да оларға өз ықпалын жүргізе алмайды»[1].

«Иммунитет» – латын тіліндегі «иммунутас» сөзінен алынған, бірер нәрседен құтылып, айығуды, белгілі бір ауруды қоздыратын вирусқа, дертке қарсылық көрсету, яғни қорғаныштық қабілеті (мәселен, адам ағзасының иммунитеті) дегенді білдіреді. Ол қол сұғуға болмайтын құқық мағынасын да (мәселен, депутаттық иммунитет, дипломаттық иммунитет) аңғартады.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 119–120-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Егер назар аударған болсаң, сен сияқты оқушылар сабақ аяқталған соң бірер жерге, мәселен, стадионға барып футбол ойнамақшы болса, әдепті балалар: «Мен ата-анама айтып, ескертіп қоюым керек, әйтпесе олар алаңдап отырады», – деп, алдымен жанұясынан рұқсат сұрайды. Немесе құлқы нашар балалар ақылды балаларды темекі шегуге үйретпек болса, олар әке-шешесінің: «Ешқашан жаман балаларға қосылма, олар сені жолдан тайдырады», – деген сөздерін еске алып, зиянды әдеттерге үйрене қоймайды. Бұндай мысалдар сол балалардың жүрегінде жаман әдеттерге қарсылық көрсету сезімі, яғни иммунитеті қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Отанымыз да, нақ ата-анамыз сияқты, тек біздің бақытымызды ойлайды. Бізді бүгінгі әлемде барған сайын кең жайылып бара жатқан кері ықпалдардан сақтап қалуға әрекет жасайды.

Ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттары нақ осы мақсатқа бейімделіп жасалған. Олардың негізінде жатқан идеологиялық иммунитет, ең алдымен, әрбір отандасымызды туған өлкеге сүйіспеншілікпен, адалдықпен қарап, жанқиярлық көрсетіп өмір сүруге, халықтың, Отанның мүдделеріне қайшы келетін идеялық ағымдарға, дүниетанымдарға ешқашан сенбеуге шақырады.

Салауатты иммунитеті жоқ адам салауатты сенім мен дүниетанымнан да мақрұм болады. Ондайлар жақсы мен жаманды, дос пен дұшпанды айыра алмайды. Халық пен Отанның мүдделері де олар үшін мүлдем жат.

Мәселен, әдепті баланың құлағынан ата-анасы мен ұстаздарының айтқан үгіт-насихаттары кетпей тұрғанындай, ру-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

хани иммунитеті мықты адамның жүрегінде Отаны мен халқының мейірімі күн нұрындай жарқырап тұрады. Міне, сол мейірім адамды тек ізгі ниеттерді, ел-жұртының бақытигілігін ойлап өмір сүруге үндейді.

Жамандықтан жирену, жақсылыққа серіктестік пен сүйіспеншілік, кіндік қаны тамған туған топырағына жанқиярлық – рухани иммунитеттің негізгі белгілері. Ал идеологиялық иммунитет нақ осы иммунитеттің негізінде қалыптасады.

Идеологиялық иммунитеттің негізгі ерекшеліктері – қырағылық, пікірге қарсы пікірмен, идеяға қарсы идеямен, көргенсіздікке қарсы тек ағартушылықпен күресе білу дағдысы болып табылады.

Қырағылық – әлемнен, айналада болып жатқан өзгерістерден, адамдар мен халықтардың арман-ұмтылыстарынан әрқашан хабардар болып өмір сүру дегені.

Міне, осындай ережені өмірлік салтына айналдырған халық тұрмыста кездесетін ділгірліктерді дер кезінде шешеді, бүлдіргіш күштердің идеялық және басқа тіміскі әрекеттеріне лайықты тойтарыс бере алады.

Қырағылықтың қажеттілігін ата-бабаларымыз да өте жақсы білген. Атап айтатын болсақ, ұлы ойшыл Әлішер Науаи бабамыз қырағы адам нақ патшанікіндей ұлы мүмкіндіктерге ие болатынын, яғни ол өзінің дүниеде нелерге қабілетті екенін алдын ала болжай алатынын айтып, былай деп жазады:

Боласың патша – егер қырағы болсаң сен,
Қырағы болдың ба, онда патшасың сен.

Дүниені тану, айнала төңіректе болып жатқан оқиғалардың түпкі мағынасын ұғыну адамға күш-қуат береді. Ал дүниеден бейхабарлық, көргенсіздік адамды әлжуаз, дәрменсіз етіп қояды. Сондықтан да барлық нәрседен сақ, қырағы болған адам – күшті адам.

Қырағылық, әсіресе бүгінгі таңда, адамзаттың прогресі қарыштап алға басқан XXI ғасырда өте маңызды рөл атқарады. Өйткені ғаламшарымызды бірнеше мәрте жоюға

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жететіндей мөлшерде әр түрлі жаппай қырғын қарулары жинақталған, экологиялық және басқа апаттар қаупі күшейіп, адамзаттың тағдыры қыл үстінде тұрған қазіргі кезде немкетті және салғырт өмір сүру – өз өмірі мен мүдделеріне қарсы шығумен пара-пар.

Идеологиялық иммунитеттің маңызды шарттарының бірі – ағартушылық болып табылады. Көзі ашық, көкірегі ояу адам тек білім мен ізгілік негізінде өмір сүреді, жалғанға, жасанды идеяларға емес, шындыққа, нағыз құндылықтарға қызмет етеді, өзінің өмірін, тағдырын сол жолға сарп етеді.

Біздің елімізде халыққа білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан ауқымды жұмыстар, халықтың руханиятын кемелдендіру, саламат ұрпақты тәрбиелеу саласында қолға алынған іс-әрекеттер – барлығы білімді, оқымысты және саналы адамды тәрбиелеп өсіруге бағытталғандығымен ерекшеленеді.

Білімді адам жалған идеологиялық ағымдар мен зиянды ықпалдарға берілмейді, адамзаттың сынған өткен тарихи тәжірибелері, ең алдымен өз ата-бабаларының дәстүрлі жолымен алға адымдайды, кез келген сырты жалтырақ, іші қалтырақ идеяларға мойын бұрмай, оларға ағартушылықты қарсы қойып, күреседі.

Ағартушылықты пайдаланып күресу – белгілі бір идеялық немесе идеологиялық қауіп-қатердің мән-мазмұнын біліп, ұғынып алған соң, оған қарсы саналы түрде, білім мен ақыл-зейін негізінде күресу дегені.

Біздің мемлекетіміз Орталық Азия аймағындағы географиялық тұрғыдан өте қолайлы аумаққа орналасқан. Жер асты және жер үсті байлықтары көп болғандықтан, бұл аймақ ерте замандардан-ақ түрлі мемлекеттер ортасындағы күрес алаңы болып келеді. Басқыншы, жауыз ниетті күштер өздерінің

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

арам ниеттеріне қол жеткізу үшін ең алдымен бұл жердегі халықтарды қараңғылықта ұстау, надандық батпағына батыру әдістерін пайдаланған.

Сондықтан да ержүрек ата-бабаларымыз мектептер мен білім ордаларын ашу, газеттер мен журналдар шығару, халықты білімді де сауатты ету жолында өз жандарын да аямаған. XX ғасырдың бас кезіндегі ағартушы бабаларымыздың жәдиттік қозғалысы бұған жарқын айғақ бола алады.

Елбасымыз бүгінгі таңда «Күш – білім мен ой-санада» дейтін ұран негізінде жастарды заманалық талаптар деңгейінде білім алуға, кәсіп пен өнер үйренуге, шет тілдерді мұқият меңгеруге үндеуде. Елімізде жастардың заманалық білім мен ой-сана иелері болып өсуіне қажетті барлық қолайлылықтар туғызылып жатыр. Бұндай қамқорлыққа жауап ретінде сен сияқты жастар да білім мен өнер сырларын, ана тілмен қатар шет тілдерді де тыңғылықты игеріп, алдағы уақытта бар күш-қайраттарыңды қасиетті Отанымыздың гүлденуі жолына арнауға тиіссіңдер. Әсіресе идеялық тұрғыдан әрқашан қырағы да сергек болып, туған жердің топырағын кез келген қауіп-қатерлерден қорғауға дайын тұрыңдар.

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Неліктен адамның жүрегі мен санасын иелеп алу жолындағы күрес күннен-күнге күшейіп барады?
2. Жүрек пен сананың ерекшеліктері қандай?
3. «Иммунитет» сөзінің сөздік мағынасы нені білдіреді?
4. «Идеологиялық иммунитет» ұғымын сипаттап бер.
5. Идеологиялық иммунитеттің негізгі ерекшеліктері қандай?
6. Білімсіздікке қарсы ағартушылық негізінде күресудің бүгінгі таңдағы маңызы қандай деп ойлайсың?
7. Бүгінгі таңда қоғам өміріне шеттен қауіп төндіріп жатқан идеологиялық қатерлер жөнінде әңгімеле.
8. Шетел телеарналарынан әдепсіз фильмдер көрсетіліп жатқан болса, сен қайтер едің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АНА ТІЛІ – ҰЛТ РУХЫ

Қымбатты оқушы, ана тілі – әрбір ұлттың негізгі белгілерінің бірі. Әлемде халықтар көп. Әрбір халық өзінің тілімен, ұлттық әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, өзіне тән тұрмыс-салтымен ерекшеленіп тұрады. Әсіресе халық пен ұлттың өздігін танытуда тілдің атқаратын рөлі мен маңызы өлшеусіз.

Президентіміз Ислам Каримов «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында бұл мәселеге айрықша тоқталып, мынадай пікірлер білдіреді:

«Өздікті тану, ұлттық сана мен ойдың бейнесі, ұрпақтар ортасындағы рухтық-рухани байланыстылық тіл арқылы көрініс табады. Барлық ізгі қасиеттер адам жүрегіне, ең алдымен, ананың әлдиі, ана тілінің қайталанбас тартымдылығы арқылы дариды. Ана тілі – ұлттың рухы болып табылады»[1].

Өзбек халқы сан ғасырлардан бері әлемдік өркениетке, жалпыадамзаттық құндылықтардың дамуына қомақты үлес қосып келеді. Бұнда ана тіліміздің де үлесі үлкен. Бұл тіл болмаса, Махмуд Қашқаридің «Девони луғатит турк» кітабы, Ахмет Яссауидің хикметтері, Әлішер Науаидың «Хамсасы», Бабыр Мырзаның «Бабырнамасы», Абдулла Қадыридің романдары, Чулпан мен Абдулла Ориповтың жалыңды өлеңдері жазылмаған болар еді. Сондықтан да ана тіліміз ұлтымыз рухының рәмізіне айналып кеткен.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 83-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ана тілі – ізгі қасиеттер мен ұлы сезімдер қайнары. Ол адамның кемелденуінде қайталанбас орын иелейді. Өйткені аналар осы тілмен әлди айтады, адам үшін өмірлік қажеттілігі бар білімдер мен ұғымдарды тіл арқылы сана-түйсігімізге дарытады, әдеп пен ақылақ, мінез-құлық та тіл арқылы берілген үгіттер мен насихаттар негізінде қалыптасады. Адам ой-санасының қалыптасуы тікелей тілмен байланысты.

Өйткені біз бірер нәрсенің ерекшеліктері туралы ойлағанда, әрқайсысы анық бір сөз арқылы бейнеленетін ұғымдарға, пікірлер мен түсінік-пайымдауларға сүйенеміз. Мысалы, ағаштың жасылдығын анықтау үшін «жасыл» деген сөздің мағынасын біліп алуымыз керек. Сөзді, яғни тілді тереңірек білген сайын біз әлемді де жақсырақ біле бастаймыз, ой-пікіріміз дамып, санамыз жетіледі.

Ана тілі – ежелгі тарихымыздың, қайталанбас құндылықтарымыздың, дініміздің, халқымызға тән дүниетаным, сезім-түйсіктердің эволюциясын, яғни даму сатысын көрсететін, ата-бабалар мұрасын кейінгі ұрпақтарға жеткізетін айна болып табылады.

Өз тілінен айырылған ұлт өздігінен де мақрұм болады, рухани зауалға ұшырайды.

Бұрынғы КСРО заманында халқымызды өздігінен, тарихи жадынан айыру үшін алдымен тіліміздің кемсітілгені бекер емес.

Тіл – халықтың, ұлттың ең ұлы құндылықтарының бірі болып саналады. Сондықтан халықтың азаттыққа, өздігін тануға ұмтылуында тілдің қадірін тіктеудің, оның беделін арттырудың маңызы орасан зор.

Әлішер Науаи бабамыз темурилер заманында өзбек тілінің абыройы жолында күрескен болатын. XX ғасырдың басында ағартушы-зиялыларымыз халықты білімге ұмтылдыру үшін тілді, әліппені реформалаудың бастамашылары болғандықтан, олардың іс-әрекеттері үлкен ағартушылық маңызға ие болды. Ал өткен ғасырдың соңында халқымыз Президент Ислам Каримовтың жетекшілігімен тәуелсіздік

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жолындағы күреске шыққанда, алдымен өзбек тіліне мемлекеттік мәртебе беру ісі қолға алынды, ал 1989 жылы, бұрынғы қанаушы жүйе әлі өз билігінен айырыла қоймаған кезде бұл іс жүзеге асырылды.

Тәуелсіздікке қол жеткізілген соң өзбек тілін дамытуға айрықша көңіл бөлінуі арқасында ел Конституциясында, «Мемлекеттік тіл туралы» Заңда өзбек тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі, оны дамытудың құқықтық негіздері белгіленді. Осылайша өзбек тілі тәуелсіз мемлекетіміздің жалауы, елтаңбасы, әнұраны, Конституциясы қатарында тұратын, заңмен қорғалатын қасиетті рәміздерінің біріне айналды.

Бүгінгі таңда мемлекеттің ең маңызды құжаттары өзбек тілінде жазылып жатыр. Ана тіліміз мемлекетаралық қарым-қатынастарда, әлемнің түрлі беделді мінбелерінде, халықаралық жиындарда да кеңінен қолданылып келеді. Ол тәуелсіздік жылдарында ұлттық мақтаныш қайнарына, тәуелсіздік рәмізіне айналды. Өзбек тіліне мемлекеттік мәртебе берілген күн елімізде Тіл мерекесі ретінде атап өтілуде.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар тіліміздің дамуына да игі ықпалын тигізіп отыр. Оның сөздік қоры жаңа сөздермен және ұғымдармен байытылып, шет тілдермен байланысы анағұрлым күшейе түсті. Сондай-ақ бұрындары тыйым салынып келген ұлттық мұралар үлгілерінің қайта тіктелуі, қасиетті ислам діні негіздерінің, жалпыадамзаттық құны бар әлемдік әдебиет үлгілерін аудару істерінің қолға алынуы да өзбек тілінің мүмкіндіктерін одан әрі кеңейте түсті. Мысалы, тәуелсіздік жылдарында Құрани кәрім мен хадиси шәріп өзбек тіліне аударылып, бірнеше рет басылып шықты.

Сонымен қатар өзбек тілінің мүмкіндіктерін кең пайдалану, оның халықаралық шеңбердегі абыройы мен беделін арттыру, ең заманалық салалар мен тармақтарда белсенді түрде қолданылуын қамтамасыз ету бойынша да әлі көптеген жұмыстарды жүзеге асыруға тиіспіз. Міне, осы үдеріске

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

қатысу – ана тілінен ризық алып өскен, осы тіл арқылы өзін, өздігін, бүкіл әлемді таныған адамдар ретінде сені мен біздің де перзенттік борышымыз болып табылады. Бұл жөнінде ойланғанда, Елбасымыздың төмендегі сөздерін әрқашан есте сақтауымыз керек:

«Сонымен қатар қоғамымызда тіл мәдениетін арттыру саласында әлі көп жұмыс істеуімізге тура келетінін де ұмытпауға тиіспіз. Әсіресе кейбір ресми кездесу-пікірталастарда да әдеби тіл ережелерін сақтамау, тек белгілі бір аумақ шеңберінде ғана қолданылатын диалект элементтерін қосып сөйлеу жағдайларының кездесуі бұл мәселелердің әлі де өзекті екенін көрсетеді. Бұл туралы әңгіме қозғалғанда, Әлішер Науаи бабамыздың «Тілге мән бермеу – елге мән бермеу» деген сөздерінде қаншалықты терең өмірлік шындық жатқанына тағы бір рет көз жеткіземіз»[1].

Өзбек тілі әлемдегі ең көне әрі бай тілдердің қатарына жатады. Бұл тілдің шексіз мүмкіндіктері ежелгі петроглифтерде, халықтың замандар тезінен өтіп келе жатқан мақал-мәтелдерінде, қайталанбас фразеологиялық тіркестерінде, әндері мен жырларында, классик ақындар мен XX ғасырдағы шығармагерлердің туындыларында жарқын көрініс тапқан.

Ана тілін сүю – шынайы патриотизмнің белгісі, ата-бабалар рухына құрметтің рәмізі. Өз тілін аялап, сақтаған халық өздігін де, абырой-мақтанышын да сақтап қалады.

Ана тілімізде халқымызға тән сезім-түйсіктер, ұғымдар мен түсініктер, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер терең көрініс тапқан. Тіліміздегі әдеп, иба, ар, ұят, намыс, мейір-шапағат деген сөздерді басқа тілдерге дәл балама тауып аударудың өзі қиын. Оларды тек өзбек тілі арқылы ғана бейнелеуге болады. Өйткені бұндай ұғымдар көбінесе біздің халқымызға ғана тән болғандықтан, оларды баяндай білуге тек сол тіл ғана қабілетті.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 89–90-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бір сөзбен айтқанда, ана тіліміз халық ділінің ең терең түкпіріндегі ең күрделі сезімдер мен ұғымдарды да сипаттай алады. Себебі бұл тіл бірнеше ғасырлар, мыңдаған жылдар барысында осы халықтың өзімен бірге қалыптасып, жетілген. Сондықтан да ана тілі – ұлттың рухы дейміз.

Ана тіліне сүйіспеншілік, ең алдымен, әрбір сөздің мағынасын терең пайымдап, түсінген соң ғана қолданудан, оны жақсы білу, аялап-сақтау секілді қасиеттерден аян болады.

Тіл білу – мәдениеттің белгісі. Халық сөзімен айтқанда, тіл білген – ел біледі.

Ата-бабаларымыз ежелден-ақ екі-үш тілді білген. Ал бұл өзге ұлт өкілдерімен емір-еркін сөйлесу, олардан үйрену, олармен бейбіт қатар, тату-тәтті өмір сүру мүмкіндігін берген. Әсіресе бүгінгі таңда еліміз бүкіл дүние жүзінің елдерімен кең көлемді ынтымақтастыққа қол жеткізген кезеңде тіл білудің маңыздылығы ерекше күшейді. Сондықтан да елімізде шет тілдерді үйренуге баса назар аударылып отыр. Дегенмен ана тілі кез келген жағдайда да адам баласы үшін рухани тірек болып қала береді. Әсіресе ұлттық өздікті ұғынуда, «Кеше кім едім, бүгін кім болдым?» деген сұраққа жауап табуда, естелік сезімімен өмір сүруде ана тілінің орны өлшеусіз. Нақ

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ана тілінің арқасында адам өз ата-бабаларымен әрқашан іштей тілдесіп өмір сүреді. Яғни олардың айтқан өсиеттері, жазып қалдырған шығармалары, істеген игі істері ана тілі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп тұрады.

Сонымен ана тілін жетік білу, оны мақтан-абырой тұтып өмір сүру – ұлттық руханият пен өздік рәмізі болса, өзге тілдерді білуге ұмтылу – мәдениеттің белгісі, қосымша білім мен ағарту құралына ие болу деген сөз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халық пен ұлттың өздігін паш етуде тілдің орны қандай?
2. Елбасы бұл туралы қандай пікір білдірген болатын?
3. Халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесінде өзбек тілі қандай рөл атқарған?
4. Ана тілі ізгі қасиеттердің, жоғары сезімдердің қайнары екендігін немен дәлелдей аласың?
5. Өзбек тілінің беделін арттыру үшін қайсы кезеңдерде қандай күрестер жүргізілген?
6. Өзбек тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі және оны дамытудың құқықтық негіздері қайсы құжаттарда белгіленген?
7. Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар тілдің дамуына қандай әсер көрсетуде?
8. Тілді қадірлеу, оның мүмкіндіктерін кең пайдалану үшін не істеуіміз керек?
9. Өзбек тілінің мүмкіндіктері қайсы классикалық шығармалардан айқын көрінетіні туралы әңгімеле.
10. Тіл білудің ерекшелігі жөнінде не айта аласың?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҮНДЕСТІГІ

Қымбатты оқушы, ұлттық идея ұғымы неліктен нақ «ұлттық» деген сөзден басталатыны жөнінде ойлап көргенбісің? Еліміздің аумағында өмір сүретін, ұлтына, тілі мен дініне қарамастан, барлық адамдарды бірегей Отанның перзенттері ретінде бірлестіру, олардың ізгі арман-ұмтылыстары мен мүдделерін бейнелеу ұлттық идеямыздың негізгі мағына-мазмұнын құрайтындығы себепті ол «ұлттық» деген сөзбен басталады. Өйткені «ұлттық» деген сөз тек бір ұлтқа ғана емес, бүкіл бір мемлекеттің халқына тән дегенді де білдіреді. Сондықтан да осынау бірегей халықтың ұлттық құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтармен үндесе отырып, біздің идеямызды одан әрі байыта түседі.

Әлемде өзіне тән құндылықтары болмайтын халық жоқ. Ұлттық құндылықтар олар тиесілі халықтың тарихымен, өмір сүру салтымен, тілімен, әдет-ғұрыптарымен, руханиятымен және мәдениетімен тығыз байланысты түрде көрініс табады.

Біздің ұлттық идеямыз ұлттық дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызды өз бойына дарытады, оларды байыту мен дамытуға қызмет етеді. Бұл үдеріс барысында ол қоғамның түпкі мақсаттарын және төмендегідей ұлттық ерекшеліктерді ескереді:

– халық өмірінде ерте замандардан-ақ қауымдасып өмір сүру рухының үстем болғандығы;

– қауымдық өмірдің рәмізі болған отбасы, махалла, елжұрт ұғымдарының қасиеттілігі;

– ата-анаға, ауыл-аймаққа, жалпы қоғамға жоғары құрмет пен ізет;

– ұлттың өшпес рухы болып табылатын ана тіліне сүйіспеншілік;

– үлкенге құрмет, кішіге ізет;

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

– мейірім мен сүйіспеншіліктің, әсемдік пен нәзіктіктің, өмірдің мәңгілігінің рәмізі – әйел затына құрмет;
– сабыр-тағат пен еңбексүйгіштік;
– адалдық, мейір-шапағат және басқалар.

Жер жүзіндегі барлық халықтар үшін қадірлі, адамзаттың жалпы мүдделеріне сай келетін материалдық және мәдени құбылыстар, дәстүрлер мен қағидаттар жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына жатады.

Біздің ұлттық идеямыз төмендегі жалпыадамзаттық құндылықтарды таниды және солардан нәр алады:
– заңның үстемдігі;
– адам құқықтары мен тәуелсіз пікірлеу еркіндігі;
– түрлі ұлт өкілдеріне құрмет және олармен ынтымақтаса өмір сүру;
– діни бауырмалдық;
– дүниелік білімдерге ұмтылу, ағартушылық;
– өзге халықтардың озық тәжірибесі мен мәдениетін үйрену және басқалар.

Заңның үстемдігі ұлтына, тілі мен дініне қарамай, қоғам мүшелерінің бәрі де заң алдында тең дегенді білдіреді.

Бұл қағидат біз орнатып жатқан құқықтық демократиялық мемлекеттің өмірінде, реформаларды жүзеге асыруда аса маңызды даму қағидаты болып қызмет етіп келеді.

Адамның құқықтары қасиетті, оған ешкім қол сұға алмайды. Әлемдегі барлық халықтар адамның құқықтары толық қамтамасыз етілетін, емін-еркін тыныс алатын қоғам орнатуға әрекет жасайды. Алайда бұл мақсатқа жету оңай емес. Өйткені бұл әлемде өзгелердің құқықтарын аяқ асты етіп, жауыздық пен зорлық-зомбылық арқылы оларды өзіне тәуелді етуді қалайтын арамза күштер де көп. Адамның құқықтарын олардан қорғау – кез келген саналы адамның қасиетті парызы болып табылады. Сондықтан да адам құқықтары жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына жатады.

Біздің елімізде де адам құқықтары мен бостандықтары толық қамтамасыз етілген. Бұл саладағы негізгі өлшемдер еліміздің Конституциясы мен заңдарында өз көрінісін тапқан.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Тәуелсіз пікірге ие болу бостандығы – адамның негізгі құқықтарының бірі, тұлға бостандығының маңызды шарты болып табылады. Соған орай әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы.

Адамның ой-пікірі, яғни рухани дүниесі еркін болса, өмірі де еркін болады.

Ұлттық құндылықтардың астарында бір халықтың тарихи дәстүрлері, тұрмыс-салты және өмірлік көзқарастары жатқан болса, жалпыадамзаттық құндылықтар бүкіл адамзатқа тән даму тәжірибелерін, әрбір адамның жаратылыс перзенті екенін білдіретін жалпыға ортақ мазмұнды бейнелейді.

Біздің ұлттық құндылықтарымыздың өзіне тән құнды ерекшелігі сол, оларда атам заманнан бері қалыптасып келе жатқан жалпыадамилық идеялар терең сипатталған. Мысалы, халқымыздың мейір-шапағатты, достықты, бейбітшілік пен ынтымақтастықты жоғары бағалауы, кім болуына, қай ұлтқа жататынына қарамай, қонаққа жоғары құрмет пен ілтипат көрсетуі оның нағыз адамгершілік қасиеттерін дәлелдейді.

Ал адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтардың негізін құрайды.

Халқымыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» дейтін ұлағатты сөзінде ата-бабаларымыздың тек өз ұлттық құндылықтарына ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарға да адал болғаны жарқын көрініс тапқан.

Ұлы бабаларымыздың өмірі мен шығармашылық қызметі осындай адамгершілік қасиеттермен суарылғандықтан, олардың есімдері, жазған шығармалары бүкіл әлемге танылып, сан ғасырлар бойы адамзаттың игілігіне қызмет етіп келеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

2014 жылдың 15–16 мамыр күндері Самарқант қаласында «Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманалық өркениеттің дамуындағы рөлі мен маңызы» тақырыбы бойынша өткен халықаралық конференция бұның іс жүзіндегі айғағы болды.

Президентіміз Ислам Каримовтың бұл мәселеге ерекше тоқталып, төмендегідей пікір білдіргені бекер емес:

«Бұл ұлы тұлғалардың ғылым мен білім жолында сарп еткен өмірлері, олар қол жеткізген және бүгінгі таңда да бүкіл зиялы адамзатты қайран қалдырып отырған жетістіктері – сөз жоқ, нағыз рухани ерлік үлгілері деп айтуға негіздеріміз жеткілікті және біз бұндай ерлік алдында бас иіп, тағзым етеміз»[1].

Бельгияда Ибн Синаның, Литвада Мырза Ұлықбектің, Ресей астанасы – Мәскеуде, Жапония астанасы – Токиода, Әзербайжан астанасы – Бакуде Әлішер Науаидың, ал Египеттің астанасы Каирде Ахмад Ферғанидің ескерткіштері орнатылғаны, 2007 жылы Ислам конференциясы ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша мамандандырылған құрылымы – АЙСЕСКО тарапынан Ташкент қаласы Ислам мәдениетінің астанасы деп жариялануы, сондай-ақ Самарқант, Бұхара, Хиуа, Қаршы, Шахрисабз, Терміз, Ташкент, Марғылан сынды ежелгі қалалардың тарихи даталары халықаралық шеңберде кеңінен атап өтілуі халқымыздың жалпыадамзаттық құндылықтардың дамуына қосқан үлесінің лайықты бағалануы болды.

Ел-жұртымыздың ұлы мәдени мұрасы, рухани әлеуеті, мықты ерік-жігері оның әрқашан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйеніп жасауының нәтижесі болып табылады.

Халқымыздың бірнеше мың жылдық тарихы барысында ұлтшылдық, өзгелерді кемсіту, діни және ұлттық дүрдараздықтар ешқашан болмағанының негізгі себептерінің бірі де біздің тек ұлттық құндылықтармен ғана шектеліп қал-

[1] O‘rta asrlar Sharq allomalari va mutafakkirlarining tarixiy merosi, uning zamonaviy sivilizatsiya rivojidagi roli va ahamiyati. –T.: «O‘zbekiston» баспасы, 2014 жыл, 16-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

май, әрқашан да жалпыадамзаттық құндылықтардан нәр алуымызға, елімізге тән адамгершілік және бауырмалдық қасиеттерге байланысты.

Біздің ұлттық идеямыздың күш-құдіреті мынада, ол ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан ризық ала отырып, оларды дамытуға үлес қосуды мақсат тұтады. Сонымен қатар оларды өзінің басты ұғымдары мен қағидаттары негізінде үндестіріп, халқымыздың ортақ мақсаттарына қызмет еткізеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұлттық құндылықтар дегенде нені түсінесің?
2. Ұлттық идея қандай ұлттық құндылықтардан нәр алады?
3. Біздің ұлттық идеямыз қандай жалпыадамзаттық құндылықтардан ризық алады?
4. Жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде тұратын басты идея не?
5. Адамгершілікті ұлықтауға бағытталған халқымызға тән қандай қасиеттерді білесің?
6. Халқымыздың жалпыадамзаттық құндылықтарға адалдығы қайсы мақалдан көрінеді?
7. Қайсы мемлекеттерде ұлы бабаларымыздың құрметіне ескерткіштер орнатылған?
8. Сен қайсы шетел жазушыларының кітаптарын ұнатасың?
9. Шетелдік спортшылардан кімдерді білесің?
10. Ұлттық құндылықтарымыздың қайсысын жақсы көресің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ДАМУДЫҢ ӨЗБЕК МОДЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қымбатты оқушы, сен тарих пәнінен жақсы білесің, азаттық пен тәуелсіздікке қол жеткізген кез келген мемлекет әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапынан орын алу үшін өзіне тән даму жолын басып өтеді. Бұндай жол сол мемлекеттің тіктелу жолы немесе даму жолы деп те айтылады. Өзбекстан да мемлекеттік тәуелсіздікке ие болған соң, өмірдің барлық салаларында тіктелу және реформалық үдерістерді жүзеге асыру өте зәру қажеттілікке айналды. Өйткені кеңестік жүйе заманында барлық салалар бір жақты дамыған, яғни тек «қызыл империя» деп аталатын бұрынғы КСРО-ның мүдделеріне сәйкестендірілген болатын. Мысалы, біздің елімізге мақта шикізатын жеткізіп беру негізгі міндет етіп қойылған еді. Ал шикізат дайын өнімге қарағанда бірнеше есе арзан. Шикізатты болмашы бағамен өндіріп, одан дайындалған өнімді бірнеше есе қымбат бағамен сатып алу ұлттық экономикамызды әлсіретіп, нашар күйге түсірген болатын.

Ал руханият саласында тіліміз, дініміз, әдебиет пен өнер, ұлы ғұламаларымыз, олардың баға жетпейтін құнды шығармалары кемсітілді, бұл мұраны зерттеп, дамытуға тыйым салынды. Бұның астарында халқымызды шығармашылықтан, жаратушылық сезімінен жұрдай етіп, оның ұлттық тарихы жоқ деген жалған әрі зиянды дақпыртты адамдар санасына дарытып, оларды мәңгүрттендіруге, бодан етуге бағытталған қитұрқы саясат жатқан болатын.

Міне, осындай келеңсіз көріністердің барлығына шек қою, халқымыздың жасампаздық, шығармашылық әлеуетін қайта ояту, оны өз тағдыры мен өмірінің шынайы иесіне айналдыру үшін мүлдем жаңа даму жолы қажет болды. Бұл жол өмірдің барлық салаларын халық пен Отан мүдделерін ескере отырып реформалаудың жалпы бағыттарын белгілеп беруге тиіс еді. Президентіміз Ислам Каримов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғам өмірін реформалаудың қағи-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

даттарын жасады. Бұл қағидаттар ел өмірінің барлық салаларын түбірінен өзгерту мен жаңа қоғам орнатудың стратегиялық жолы ретінде өзін ақтап, «дамудың өзбек моделі» деген атпен бүкіл әлемге танылды.

Стратегиялық жол – ұзақ мерзімге арналған, жалпыға бірдей ортақ мақсаттарды бейнелейтін негізгі даму жолы.

Өзбекстанның стратегиялық жолы – нарықтық экономикаға негізделген құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам орнатуға бағытталған тәуелсіз даму жолы болып табылады.

Ол өз өмірін өтеп болған ескі кеңестік жүйеден мүлдем өзгеше, демократиялық жүйеге өтуді қамтамасыз ете алатын даму моделі болып саналады.

Бұл модельдің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі мынау, ол төңкеріс жолымен емес, эволюциялық жолмен дамуды қолдайды. Дамудың эволюциялық жолы дегеніміз – алға қойылған мақсатқа қарай бірте-бірте адымдап, сатылы түрде жүру дегенді білдіреді.

Сен мынаны естен шығарма, реформаларды төңкеріс жолымен жүзеге асырудың бірнеше әдіс-амалдары бар. Солардың біреуі – «шок терапиясы» деп аталады.

Жылдар барысында қалыптасқан басқару әдістерін, өмірлік тәжірибелерді, адамдардың дүниетанымын бірден өзгертуге ұмтылу, жаңа қарым-қатынастарды қысқа мерзім ішінде енгізу «шок терапиясының» негізгі мазмұнын құрайды. Ескі жараны бірден алып тастауды мақсат еткендіктен бұл амал солай аталып кеткен.

Дегенмен бұл жол біздің елімізге мүлде тура келмейтін еді. Бұның себептерін Президентіміз Ислам Каримов былайша сипаттайды:

«Егер біз тәуелсіздікке ие болған соң сатылы түрде даму жолын емес, «шок терапиясы» деп аталатын төңкерістік секіру жолын таңдағанымызда, ең қиын кезеңдерде халқымыздың көпшілігі қандай ахуалға түскен болар еді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сөз жоқ, табиғи түрде туындайтын тегеурінді өзгерістер дауылында адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы күрт нашарлап, олардың өмір салты, ақылақтық құндылықтары, ұлттық-рухани бейнесі бүтіндей жолдан тайып кетуі мүмкін болатын. Тоқ етерін айтқанда, бұндай сыңар жақты саясат ешқандай күтілмеген салдарға, орнын жүздеген жылдарда да толтыруға болмайтын ауыр шығындарға соқтыратыны сөзсіз еді»[1].

Еліміз халқының жартысынан астамын балалар мен әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдар құрайтыны, ұлттық құндылықтарымыз кез келген жаңалыққа да сатылы түрде, біртіндеп өтуді талап еткендігі себепті «шок терапиясы» секілді төңкерістік жол бізге тура келмейтін еді. Сондықтан біздің даму жолымыздың негізгі мазмұны қоғамды төңкерістік тұрғыдан емес, сатылы түрде, яғни эволюциялық тұрғыдан реформалауды көздейді. Қоғамды реформалаудың Президент Ислам Каримов негіздеп берген бес қағидаты бұл модельдің іргетасын құрайды.

«Бұл модельдің басты қағидаттары, яғни экономиканың саясаттан жоғары екені, мемлекеттің бас реформатор болуы, заңның үстемдігі, күшті әлеуметтік саясат, реформаларды эволюциялық негізде сатылай жүзеге асыру қағидаттары барлығымызға аян»[2], – деп атап көрсетеді Елбасымыз.

Экономиканың саясаттан жоғары тұруы экономиканың өз заңдылықтары негізінде дамитынын, оның түрлі саяси мақсаттарға тәуелді болмайтынын білдіреді.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 106-бет.

[2] Сол қайнар, 103-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Тәуелсіздікке дейін өз үстемдігін жүргізген кеңестік идеология өзінің саясатымен экономиканың қарыштап алға басуына кедергі келтіріп отырды. Яғни ол «жеке меншік зиянды», «нарықтық қатынастарға жол бермеу керек», «меншік иелері – қоғам үшін қауіпті» дейтін саяси көзқарастарымен адамдардың еркін еңбек етуіне, меншік иесі болуына, кәсіпкерлікпен шұғылдануына тыйым салды. Осының салдарынан саясат экономикадан жоғары тұрып, оған өз билігін жүргізді. Бұндай жағдайларға шек қою, экономиканы нарықтық қатынастарға өткізу ісінде оны саясаттан азат ету қағидатының маңызы орасан зор болды.

Ескі жүйеден жаңа қоғамға өту кезінде мемлекеттен артық ұйымдасқан, қоғамды соңынан ерте алатын құдіретті күш болмайды.

Бұндай кезде саяси партиялар, беймемлекеттік ұйымдар әлі толық қалыптасып, жетіле қоймаған болады. Сондықтан да мемлекет барлық реформалар үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Ал бұл жаңа қоғам орнатуға қарсылық көрсететін ескі жүйе жақтаушыларын тізгіндеуде, енді ғана қаз тұрған нарықтық құрылымдарды қолдауда, ең маңыздысы, реформалардың дәйекті түрде жалғасуында елеулі рөл атқарады.

Заңның үстемдігі қағидаты баршаның заң алдында теңдігін, сол тұрғыдан жаңа қоғамның құқықтық негіздерін нығайтуды көздейді.

Мемлекеттік реформаларды жүзеге асыру бойынша жаңа заңдар қабылданып, берік құқықтық іргетас қалануда және олардың орындалуы қамтамасыз етіліп келеді. Заңның үстемдігі қағидаты қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен түйсігінің кемелдене түсуінде де маңызды орын иелейді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Күшті экономикалық саясат жаңа қоғам орнату үдерісінде күшті әлеуметтік саясат жүргізуді, аз қамтамасыз етілген отбасыларды, көмекке мұқтаж адамдарды, жас жанұяларды мемлекеттік қорғауға алуды, қоғамның бір бөлігі қатты байып, екінші бөлігі өте кедейленіп кетуіне жол бермеуді ескереді.

Елімізде тәуелсіздік жылдарында күшті әлеуметтік қорғау жүйесі қалыптасты. Сен қартайған яки мүгедек болып қалған, көмекке мұқтаж адамдарға махалла азаматтар жиынының жәрдем беріп отырғанын, мемлекеттік зейнетақылар мен нәпақалар беріп жатқанын, жас жұбайларға жеңілдікті несиелер бөлгенін, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан аға-әпкелеріңе оқу орнынан стипендия төленіп жатқанын естіген шығарсың. Бұлардың барлығы да – әлеуметтік қорғаудың көріністері.

Өзбек моделінің негізін белгілейтін бесінші қағидат – реформаларды эволюциялық негізбен, сатылы түрде жүзеге асыру қағидаты және оның маңызы туралы жоғарыда айтып өттік.

Міне, осы қағидаттар қатарында «Жаңа үй құрмай тұрып, ескісін бұзба», «Реформа реформа үшін емес, ең алдымен адам үшін», «Күшті мемлекеттен – күшті азаматтық қоғамға қарай» тақылеттес ереже-қағидалар да өзбек моделінде маңызды орын иелейді.

Бұл модель халқымыздың ұлттық мемлекеттілік дәстүрлеріне, құндылықтары мен тұрмыс-салтына, сондай-ақ әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қоғамды реформалау тәжірибесіне негізделгені үшін өмір сынақтарынан сүрінбей өтті. Сол себепті Өзбекстанның ескі әкімшіл-әміршіл жүйеден нарықтық қатынастар үстем тұратын еркін демократиялық қоғамға өтуінде, еліміздің әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

сапынан лайықты орын алуында бұл модельдің маңызы орасан зор болды. Нақ осы модельдің арқасында біз күрделі өтпелі кезеңде артық шығындарға жол қоймадық, халқымызды әлеуметтік тұрғыдан пәрменді қорғап, тәуелсіз даму жолында қомақты жетістіктер мен межелерге жеттік.

Қысқасын айтқанда, дамудың өзбек моделі қоғам өмірін түбірінен реформалаудың өзіне тән жолы ретінде танылды, Өзбекстан оның қағидаттарын басшылыққа алып, асқаралы асуларға қарай аршынды адымдап барады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Даму жолы мен моделі деген не?
2. Өзбек моделін кім жасаған?
3. Отанымыздың стратегиялық жолы қандай мақсатқа бағытталған?
4. «Шок терапиясы» дегенді қалай түсінесің?
5. Өзбек моделінің негізгі мағына-мазмұны неден тұрады?
6. Өзбек моделінің негізін құрайтын бес қағидатты атап бер.
7. Өзбек моделінде маңызды орын иелейтін тағы қандай қағидаттар бар?
8. Еліміздің тәуелсіздік жылдарында қомақты жетістіктерге жетуінде өзбек моделінің қандай рөл ойнағаны жөнінде әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тапсырма: **«Кемел ұрпақ – ел-жұрт тірегі»** тақырыбы бойынша реферат дайында.

Рефератты дайындау үдерісінде төмендегі мәселелерге көңіл бөл:

– елімізде кемел ұрпақты тәрбиелеп өсіру саласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар;

– Президентіміздің кемел ұрпақ жөнінде айтқан пікірлері;

– бүгінгі таңда адамдардың, әсіресе жастардың жүрегі мен санасын иелеп алуға бағытталған зиянды ықпалдар;

– жастардың бойында идеологиялық иммунитетті нығайтудың жолдары мен әдістері;

– Отанға сүйіспеншілікпен және адалдықпен өмір сүру;

– ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үндестігі;

– дамудың өзбек моделінде «Реформа – реформа үшін емес, ең алдымен адам үшін» деген ереже негізінде адам мүдделерінің барлық реформалар мен өзгерістердің басты мақсаты етіп белгіленгені;

– өзбек моделі негізінде дамып келе жатқан еліміз қол жеткізген қомақты жетістіктер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БҮГІНГІ РЕФОРМАЛАР ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

(Практикалық сабақ)

Қымбатты оқушы, өзің байқап отырғаныңдай, халқымыз тұрмысының барлық буындарында, мемлекеттің саяси өмірінде, экономикасында, әлеуметтік-мәдени салаларда алуан түрлі өзгерістер, ұнамды жаңарулар тұрақты жүріп жатыр. Ал бұқаралық ақпарат құралдарында ең көп қолданылатын сөздердің бірі «реформа» сөзі болып қалды. Сонда осы екі құбылыстың ортасында қандай байланыс бар?

Сен біздің еліміз тәуелсіздікке ие болған соң ескі жүйе кезінде орнатылған саяси, экномикалық және идеологиялық басқару әдістеріне шек қойылды. Атап айтқанда, мемлекетті басқарудың мүлдем жаңа, демократиялық әдістері енгізілді. Экономиканың саясатқа тәуелділігі жойылды. Елімізде адамның абыройы, құқықтары мен бостандықтары ең ұлы құндылық болып белгіленді. Халыққа өздігін таныту, оны тарихпен қаруландыру, тарихи жадын ояту бойынша ұлан-ғайыр ағартушылық жұмыстары орындалды. Ал бұл өзгерістердің негізінде Президентіміз Ислам Каримовтың басшылығымен жасалған, елімізде азат та абат Отан, еркін де молшылықты өмір орнату мақсатына бағытталған реформалар тұрды.

«Реформа» сөзі түзету, жаңарту, жақсарту, түбірінен өзгерту деген мағыналарды білдіреді.

Сөздің сөздік мағынасынан айқын көрініп тұрғанындай, 1991 жылы қол жеткізген ұлттық тәуелсіздігіміз халыққа өз өмірін түбірінен өзгерту, жақсарту, жаңарту мүмкіндігін берді. Бұдан бұрынғы сабақтарда айтып өткеніміздей, кейбір бұрынғы кеңес республикаларынан айырмашылығы сол, біздің елімізде бұл өзгерістер сатылы түрде жүргізілді. Өйткені Президентіміз Ислам Каримов «Жаңа үйді құрмай тұрып, ескісін бұзба!» дейтін ақиқатқа жүгініп, әрбір реформаны өмір мен заманның талаптарына сәйкес жүзеге асыру қағидатын алға

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

қойды. Расында да ақылы бүтін, бүгінін ғана емес, ертеңін де ойлайтын адам жаңа үй салуға кіріскенде, салатын үйі пайдалануға жарамды болғанша ескісін бұзып тастауға асықпайды. Өйткені жаңа үй бір күнде немесе бір айда дайын бола салмайды. Бұл ғимаратты ұзақ жылдарға арнап жарық та кең, жан-жақты қолайлы етіп салу үшін белгілі бір уақыт жұмсалады. Сондайақ бұл үй онда жасауға тиісті адамдардың барлық өмірлік талаптарына жауап бере алатын болуы керек. Үй қаншама көрікті, сәулетті болғанымен, әлдекім, әлдеқашан, әлдебір жерде салған үйден үлгі алып салынған ғимарат біздің талап-тілектерімізге жауап бере алмауы да мүмкін.

Ал бұл – жүзеге асырылып жатқан реформалар, ең алдымен, халқымыздың жаратылысын, дүниетанымын, сұраныс-мұқтаждықтарын ескеруге тиіс дегені.

Демек, біздің елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар бірінші кезекте сол Отанда өмір сүретін азаматтардың мүдделеріне бағытталғанымен, олардың арман-үміттерімен тығыз байланысты әрі үндес болуымен маңызды. Біз бұл пікірлерді тек оқу-тәрбие саласына енгізілген реформалардың мән-мазмұнын және мақсатын сипаттаумен де түсіндіре аламыз.

Сен Өзбекстан халқының үлкен бөлігін жастар, ал олардың басым көпшілігін әлі кәмелетке толмағандар құрайтынын жақсы білесің. Қолыңдағы кітаптың соңғы беттеріне қарасаң, оның таралымы қанша екеніне көзің түседі. Барлық басқа оқулықтарда да осындай мәліметтер бар. Бұл цифрлар аталмыш оқулықтың білім беру тек өзбек тілінде жүргізілетін мектептерге арналған басылымының санын ғана білдіреді. Бұған көпұлтты мемлекетіміздегі білім беру басқа

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ұлт тілдерінде де жүргізілетін мектептердің оқушылары санын да қоссаң, жарты миллионнан астам оқушы саны шығады. Демек, жыл сайын Өзбекстан мектептерін сонша жас тұлға бітіріп шығады екен.

Кеңестік жүйе заманында «орта мектептердегі» оқу мерзімі 10 жыл болатын, барлық балалар соны бітіріп шығатын-ды. Сол бітірушілердің 5–7 пайызы ғана жоғары оқу орындарына түсіп, білім алуды одан әрі жалғастыратын еді. Ал қалған жүздеген мың жастар енді не істерін білмей, жұмыссыздар қатарын толтыратын. Өйткені олардың қолында не бірер өнері, не бірер мамандығы жоқ еді.

Өзбекстанда Елбасымыздың бастамасымен білім беру саласында жүргізілген реформалар, ең алдымен, осы елеулі олқылықтың орнын толтыруға бағытталғандығымен маңызды болып табылады.

Гәп негізінде, жалпы орта білім беретін мектептердегі тоғыз жылдық оқу барысында әрбір баланың неге қызығатыны, оқуы, зейіні ата-анасына да, оқытушыларға да белгілі болып қалады. Мәселен, бір бала белгілі бір пән саласына қызықса, екінші біреуі жастайынан-ақ бірер кәсіпке не өнерге бейімділік танытады. Осыларды ескере отырып, елімізде орта арнаулы, кәсіптік-техникалық білім жүйесі жаңадан енгізілді. Оған орай келешегін оқу-білім саласына арнамақшы болған жастар үшін түрлі пәндерге мамандандырылған академиялық лицейлер, ал олардың кәсіп пен өнерді игеруді қалаған құрбы-құрдастары үшін жүздеген мамандықтар бойынша колледждер ашылды. Ең маңыздысы, аталмыш колледждерде жастар үш жыл бойы бір емес, бірнеше мамандықтарды тыңғылықты меңгеріп алу мүмкіндігіне ие болады. Ал бұндай колледждерді бітірген жастар үйренген мамандығы бойын-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ша жұмыс істеп, өзінің материалдық жағдайын жақсарту, келешекте отбасын құрып, оны жан-жақты қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болады.

Нақ сол сияқты қалған барлық салаларда жүзеге асырылып жатқан реформалар да халық мүдделеріне қызмет етеді, елімізді әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына шығарудың маңызды факторы болады.

Біз жоғарыда Өзбекстан шеңберінде жүзеге асырылып жатқан реформалардың тек бір саласы жөнінде ғана қысқаша айтып өттік. Практикалық сабақ барысында оқытушыларының жетекшілігімен сныптастарыңның көпшілігін қызықтырған басқа салалардағы реформалар бойынша да ағартушылық сұхбат жүргізулеріңе болады. Онда мына төмендегі мәселелерге көңіл бөлінсе, пайдалы болар еді деп ойлаймыз:

– реформа жүргізіліп жатқан саланың мемлекет және халық өміріндегі маңызы;

– саланың тәуелсіздікке дейінгі жағдайы;

– салада жүзеге асырылып жатқан реформалардың сатылы түрде ұйымдастырылуы және оның себебі;

– реформаның мемлекетті өркендетуге, адамдардың тұрмыстық әл-ауқатын жақсартуға көрсетіп отырған ықпалы;

– жастардың реформаны жүргізуге, оның жетістігін қамтамасыз етуге қосуы мүмкін үлестері және басқалар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

III *тарау*

РУХАНИЯТТЫҢ БЕРІК ТІРЕКТЕРІ

РУХАНИЯТ ҚОРҒАНЫ

Қымбатты оқушы, адамның қалыптасуы, өмірден өз орнын табуы, ел-жұрттың құрметіне ие болуы ол өсіп-ұлғаятын жанұялық ортаға тікелей байланысты. Өйткені жанұяда өмірдің толассыздығын қамтамасыз ететін тұлға қалыптасады, ұлттық мәдениет, әдет-ғұрыптар, ақылақтық құндылықтар сақталып, дамытылады. Әрбір жанұя ұйымшыл әрі тату болса, қоғамда да бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қол жеткізіледі, елде тыныштық пен тұрақтылық билік құрады. Жанұяны қоғамның ең шағын көрінісі деп тектен-текке атамайды. Нақ қоғамда болғанындай, оның да өз бастығы, сондай-ақ өз ұстанымдары мен нұсқаулары, бұларды орындайтын мүшелері болады.

Сергек, кәсіпкер, алысты болжай алатын басшыдан қоғамдық прогресті басқару талап етілсе, жанұяның үлкендері де өз үйінің тыныштығы, тоқшылығы және перзенттерінің кемелдігі үшін соншалықты жауапты болып табылады.

Жанұяда адамның тәрбиесіне негіз қаланады. Ол баланың бойында қалыптасуға тиіс барлық адамилық ұстанымдар мен қасиеттерді тәрбиелейтін өмір мектебі болып саналады. Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында кемел ұрпақ тәрбиесінде жанұяның үлкен рөл атқаратынын ескеріп, отандастарымыздың назарын осы мәселеге аударады:

«Жанұялық тәрбие мәселесінде қателікке жол бермеу үшін ең алдымен әрбір отбасындағы рухани климатты өзара құрмет, ақылақ пен әдеп, адамдық қарым-қатынастар негізінде қалыптастырған орынды болар еді»[1].

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 55-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Біз Елбасы шығармасындағы «отбасындағы рухани климат» деген тіркеске назарларыңды арнайы аудармақшымыз. Өйткені бұл тіркес адам жан дүниесінің, дүниетанымының дұрыс қалыптасуында өте маңызды рөл атқаратын ортаны аңғартады. Нақ осы климаттың қандай болуы жас ұрпақтың, яғни ертеңгі күн иелерінің қандай адамдар болып өсуін белгілейді. Егер бұны табиғаттағы климатпен салыстыратын болсақ, жанұя климатындағы салқындық оның бауырындағы жас өркендердің өсіп-жетілуін қиындатса, көтерілген шаңтозаң оның мүшелерінің көзін аштырмай, еркін тыныс алуын қиындатады. Керісінше нақ сол климаттағы жылуарлық, жарқындық, кәусар ауа сол отбасында кеше ғана дүниеге келген нәрестеден бастап қаусаған қартқа дейін – барлығының мәз-мейрам болып, қуанышты өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Енді жанұя климатын өзара құрмет, ақылақ пен әдеп, адамилық қарым-қатынастар негізінде қалыптастыру мәселесіне келейік. Бәріміз де білеміз, жанұяның салауатты іргетасы үйленетін жігіт пен қыздың бір-біріне лайықтылығы арқылы қаланады. Болашақ ата-ананың денсаулығы, шығу тегі, дүниетанымы, ақылақтық ұғымдарының өзара сәйкестігі, олардың тұрмыс құруға жан-жақты дайындығы жанұяның беріктігінде, бейбіт те алаңсыз өмірі мен перзент тәрбиесінде маңызды орын иелейді.

Сайыпқыран бабамыз Әмір Темір ұлын үйлендіргенде, келін таңдаудан бастап немерелерінің тәрбиесіне дейін жеке өзі жіті көңіл бөліп отырғаны тегін емес, әрине.

Өйткені кез келген мемлекеттің күш-құдіреті салауатты, білімді, халқы мен Отаны үшін жан күйдіріп өмір сүретін перзенттерінің көптігімен өлшенеді. Бұдан тыс біздің Шығыс халықтарында отбасының ары мен абыройын сақтау, оны кез келген тіміскі әрекеттерден қорғау жанұяның әрбір

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

мүшесі үшін әрі парыз, әрі қарыз болып саналады. Жанұя – қасиетті де қастерлі мекен дегені жалаң сөз болып қалмастан, оның астарында бұндай қасиеттілікті қамтамасыз ету, жанұяның атына дақ түсірмеу секілді мағыналар да жатады.

Сен де қазірден бастап білуге тиіссің, үйленуге бел байлаған жігіт пен қыздың өзара келісімі, құрметі мен махаббаты негізінде құрылған жанұя әрқашан берік болады. Бұндай некеден туылған перзенттің де бақытты болатынына сөз жоқ.

Перзент – ата-ананың үміті, ерлі-зайыптылар ортасындағы мейірім арқауын мықтылап ширататын жаңа тұқым. Жанұялық өмірдің мазмұны, оның ащы немесе тұщы болуы перзенттерге де байланысты.

Халық арасындағы «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Балалылар бас болады, баласыздар жас болады», «Бала – адамның бауыр еті», «Әдепті ұл – көктегі жұлдыз, әдепті қыз – жағадағы құндыз» рәуішті көптеген мақал-мәтелдерді мың жылдық өмірлік тәжірибелердің жемісі десек, жаңсақ емес.

Ерле-зайыптылар, жанұяның басқа да мүшелері арасындағы салауатты рухани орта, ақжарқын қарым-қатынас баланың да ойдағыдай әрі дені сау болып туылуына кепіл болады. Маман-дәрігерлердің айтуларына қарағанда, жүкті әйелдің көңіл күйі жақсы, жүйкесі тыныш, тұтынатын астағамдары бала ағазасы үшін пайдалы болуға тиіс. Бұл сөздердің саған да тікелей қатысы бар екендігін байқап тұрған шығарсың. Өйткені сен өмір сүретін отбасында да кемінде бір келін бар шығар, солай ма? Жанұяның жас мүшесі ретінде оның бұл ортаға бейімделіп кетуі оңай болмайтындығын сен де сезесің. Сондықтан жас жеңгеңе жан-жақты қолғабыс көрсетуді, оның күнделікті жұмыстарына қол ұшын беруді ешқашан ұмытпа. Әсіресе ол жүкті болған кезде үй жұмыс-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

тарын орындауға қиналса, сенің көмегің өте-мөте орынды болады. Мәселен, ол кір жумақшы болғанда, сен шелекті оған көтертпей, суды өзің әкеліп бер, ауланың ол сыпырып үлгірмеген жағын өзің-ақ сыпыра сал. Қысқасы, аз да болса, сенің оған көмегің тисе, оның көңілі таудай көтеріледі!

Егер хабарың болса, жүкті әйелдің таңсық тағамдарды жегісі келе береді. Мүмкін, ол өріктің әлі піспеген жемісі болар, әлде бірер тұздаған көкөніс шығар, әлде былбырай піскен былтырғы алма ма? Жас жеңгең ұялып, ішіндегісін басқаларға айта алмай тұрғанда, сен көмекке келіп, оның тілегін орындасаң, үлкен сауап істеген боласың.

Елбасымыз 2014 жылды «Саламат бала жылы» деп жариялай тұрып, ана мен балаға көңіл бөлу барлық нәрседен де маңызды екенін төмендегідей тұжырымдады:

«Баланың дені сау болып туылуы, бірінші кезекте, ананың денсаулығына байланысты. Болашақ ана жаратылыстың сыйы болып табылатын бауыр еті – сәбиін құрсағында тоғыз ай көтеріп, жарық дүниеге әкеледі. Әне, сол үдерісте әйел адам қандай ауыр күндерді, қандай ауыр жан азабын басынан өткізсе, бұл міндетті түрде ана болмысы арқылы іштегі балаға да әсер етеді.

Әйелді қадірлеу, оны ауыр жұмыстардан босату, әр түрлі аурулардан қорғау – ер адамның, сонымен қатар бүкіл қоғамымыздың борышы болып саналады»[1].

Өкінішке орай кейбір жанұяларда кездесетін ерлі-зайыпты, ене мен келін және басқалар ортасындағы өзара құрметсіздік, өзара келіспеушілік, ұрыс-жанжал, жүкті әйелді аялап-қорғаудың орнына ауыр еңбекке мәжбүрлеу баланың аурушаң, мүгедек, ашуланшақ болып туылуына соқтырады. Ата-ананың бойындағы жақсы қасиеттер ғана емес, жаман қасиет-

[1] Президент Ислам Каримовтың Өзбекстан Республикасы Конституциясының 21 жылдығына арналған салтанатты рәсімдегі баяндамасынан. «Халқ сузи» газеті, 2013 жыл, 7 желтоқсан.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

тер де тұқым қуалау жолымен балаға өтетінін ескерсек, бұндай жағдайлардың соңы өте-мөте аянышты салдарларға себеп болатыны айқындала түседі. Өйткені ана құрсағында жатқан кезден-ақ балада түрлі сезімдер қалыптаса бастайды.

Бұл салада руханият насихатшысы, ақын Тұрсынай Садықованың «Ризолик излаб» атты кітабынан алынған төмендегі үзіндіде өнегелі пікірлер бар:

«Әйел сізге ұнамаса да, қазаныңызды қайнатып, шырағыңызды жағып жүреді, бір жеңіңізден кіріп, екінші жеңіңізден шығады. Жүкті болған кезде де сол – еш дамыл таппайды. Құрсағындағы баласы оның өкпе-бауырына шырмауықша оралып, барлық сөлін сорып алса да, аяқтары борбиып, ісініп кетсе де («аяғы ауыр» деп текке айтпайды), белі үзіліп бара жатса да төсекке барып қисая алмайды, үй-ішінің, сіздің қам-қарекетіңізді жасай береді! Сіздіңше, құрмет енді оған көрсетілмей, кімге көрсетілсін?!

«Босанды» деп текке айтпаймыз. Бала туу барысында әйел қараңғы моланы бір көріп қайтады, «не өлім, не өмір» деп аранын ашып тұрған қыл көпірден өтеді. Туу кезінде әйел сүйектерінің сықырлап қозғалғанын, бұлшық еттерінің үзіліп бара жатқанын біліп тұрады. Жаны үзіліп бара жатса да: «Айналайын, дәрігер, қайткенде де баламды аман шығарып алыңыз!»– деп зар қағады. Менің жағдайым қандай болады деп ойлау жоқ! Айтыңызшы, ағайын, құрмет оған көрсетілмей, кімге көрсетіледі!»

Қымбатты оқушы, жоғарыда келтірілген үзіндіні біз текке айтып отырғанымыз жоқ. Өйткені сен де, аға-інілерің де, әпке-қарындастарың да нақ осылайша дүниеге келгенсіндер. Әлі туылатын бауырларың да нақ осындай аурулар мен азаптар нәтижесінде жарық дүниені көреді. Әйелдің, ананың қасиеттілігі, қадірлілігі де осыдан.

Демек, бұндай ұлы да асыл тұлғаны аялап, қорғау, оған қолдан келгенінше қызмет ету әрқайсысымыздың борышымыз екенін ұмытпайық!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ата-бабаларымыз бала тәрбиесін ол туылмай жатып-ақ бастау керектігін айтып өткен. Сен бұл туралы мына бір аңызды естіген шығарсың.

Бір адам жаңа туылған сәбиді данышпанның алдына апарып: «Ұстаз, ұлымның тәрбиесін қашан бастауым керек?» – деп сұрайды. «Баланың дүниеге келгеніне қанша болды?» – дейді данышпан. «Екі айдың жүзі болды, тақсыр», – деп жауап береді әлгі кісі. «Әттең, сіз едәуір кешігіпсіз, перзенттің тәрбиесін анасының құрсағында жатқан кезден бастауыңыз керек еді», – деген екен сонда данышпан...

Жоғарыда тілге алғанымыздай, жанұядағы салауатты рухани орта нақ осы тәрбиені өз бойына жинақтайды.

Өзбек отбасыларында перзент сүюге байланысты бірқатар рәсімдер, жол-жоралғылар бар, олардың әрқайсысы жақсы ниеттермен орындалады. Мәселен, нәрестеге лайықты есім таңдау, оны алғаш рет шомылдыру, бесікке салу, шашы мен тырнағын алу, тісі шығуы, жасына толуы, ұл балаларды сүндетке отырғызу, алғашқы мүшел жасына байланысты отбасылық мерекелердің өткізілуінде рәміздік мағыналар бар. Бұндай салт-жоралғылар бала мен оның айналасындағылардың қуанышына-қуаныш қосады, перзенттің рухани кемелдігіне, өзінің қай ұлтқа тиесілі екендігін білуіне ұнамды әсерін тигізеді.

Әлди де өзбек халқының ежелден келе жатқан, маңызды тәрбиелік мәні бар жыры болып саналады.

Ана әлдиінен мақрұм болған бала жүрегінде ата-анаға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімінің қалыптасуы қиын.

Әлди айту негізінен аналарға ғана тән ерекшелік болғандықтан, ол өз перзентіне көңіліне түйген бүкіл мейір-махаббатын, арман-үміттерін, жүрегінің жылуын сол ән арқылы дарытады. Әлди тындап өскен балада ата-анаға деген өзгеше махаббат, бауырмалдық сезімі қалыптасады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Отбасында берілген тәрбиенің бертін келе баланың мінез-құлқына, тіпті тағдырына көрсететін ықпалы жөнінде пікір өрбіте отырып, Елбасымыз төмендегілерді атап көрсетеді:

«Бір өкініштісі, кейбір ата-аналар өз перзентінің қызығуы мен ұмтылыстарына, оның санасы мен түйсігінде күн сайын бірер өзгеріс болатынына, көз алдында жауабы белгісіз жаңа сұрақтар туындайтынына мән бермейді. Бұдан тыс егер әке отбасында өзін ұстай білмесе, ақылақәедп тұрғысынан перзенттеріне өрнек болудың орнына дөрекі мәміле жасайтын болса, бұндай жағдай баланың рухани әлемінің қалыптасуына кері әсерін тигізетіні даусыз. Уақыт-сағаты жеткенде оның мінез-құлқында адам деген атқа лайық емес, жағымсыз әдет түрінде көрініс табады»[1].

Бұдан тыс баланың мінез-құлқына жанұя мүшелерінің өзара кикілжіндері, жанұяға, қоғамға, қоршаған ортаға немкетті, салғырт қарауы, жалған сөйлеуі, жігерсіздігі, киім киюі мен үй шаруасын жүргізудегі орашолақтығы, еңбекті сүймейтін жалқаулығы сияқтылар өзінің кері ықпалын тигізбей қоймайды. Мысалы, сен іниңнен немесе қарындасыңнан сабырлы, салмақты, шыншыл, ұқыпты болуын талап етсең де, өзің бұл істерді мүлдем керісінше істеп жүрсең, тек олардың алдында ғана емес, өзгелердің алдында да ұялып қалуың әбден мүмкін.

Ата-анасының бір-біріне жоғары ақылақтық қарым-қатынасын көрген, білетін бала алдағы уақытта өзі жанұялы болғанда өзінің зайыбымен солайша өмір сүруді армандайды.

Өмір ағымында анасы қыз бала үшін, ал әкесі ұл бала үшін ұстаз әрі тәлімгер болып саналады.

Үйіміздің құт-берекесі көп нәрсеге байланысты. Атап айтқанда, жанұяда еңбек бөлінісі әділетті болса, үй абат болады. Ал бұл үшін күнделікті үй жұмыстары жанұя мүшелері арасында ақылмен бөлінуі керек. Егер жанұя басшылары бұндай істерді тек өздері ғана орындаса, балалар жалқау, жатыпішер, тәкаппар болып өседі, ата-ананы қадірлеуді ұмытады.

Кейбір ата-аналар тапсырылған істі мінсіз әрі екі етпей орындайтын баласына жанұя жұмыстарының басым бөлігін

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –T.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 54-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жүктеп қояды. Ал еріншек, бұйырылған жұмысқа қолының ұшын ғана тигізіп қоятын,«менен кеткенше, иесіне жеткенше» дейтін пиғылмен орындайтын басқа перзенттер бір шетте қалады. Бұл ешқандай әділеттілікке жатпайды. Тағы бір ата-аналар «мынаны ұлыма яки қызыма тапсырғаннан гөрі өзімақ істей салайын» деген оймен перзенті орындауға тиісті жұмыстарды да өз мойнына алады. Бұның салдарынан перзенттер енжар, қиыншылықтарға төзе алмайтын болбыр, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін болып өседі. Бұның кесірінен өмірде алуан түрлі көңілсіз жағдайлар туындайды.

Біздің бұл мәселеге айрықша назар аударып отырғанымыздың мәнісі сол, сен де – мейлің ұл бол, мейлің қыз бол – бәрібір осы үдеріске тікелей қатысушы боласың. Яғни сен отбасының бір мүшесі ретінде оның өміріне белгілі бір дәрежеде ықпал жасай аласың. Кейде арамызда бірен-саран мінезқұлқы нашарлау жасөспірімдер де кездесіп қалады, ондайлар отбасындағылардың көңілін көтеру, ауырын жеңілдету орнына түрлі ұсақ сөздерге араласады, орынсыз қылықтар көрсетіп, отбасылық ортаны одан бетер шиеленістіреді. Бұл әлгіндей жастардың ішкі дүниесі мен руханиятының қаншалықты кедей екенін дәлелдейді.

Ал еңбек бөлінісі дұрыс жасалған, адамдық қарым-қатынастар барлық нәрседен жоғары тұратын жанұяларда ата-ана, перзенттер мен келіндер ортасындағы құрмет пен ізет те

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жоғары деңгейде болады. Олар бір-бірінің еңбегін, жеке басын қадірлейді, алаңсыз, мәдениетті өмір сүреді. Ал бұндай мәселелердің дұрыс әрі тиімді шешілуінің құқықтық негіздері Өзбекстан Республикасының Конституциясында белгіленген.

Негізгі Заңның 64-бабында: «Ата-аналар өз перзенттерін кәмелетке жеткенге дейін бағуға және тәрбиелеуге міндетті», – делінген болса, 66-бабында: «Кәмелетке толған, еңбекке қабілетті перзенттер өз ата-аналары жөнінде қамқорлық жасауға міндетті»[1], – делінген.

Бұдан шығар қорытынды сол, жанұяның әрбір мүшесі оның игілігі үшін әрекет жасауы керек. Өйткені бұл мекендегі жайбарақат та алаңсыз өмірге тек оның әл-ауқаты арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл мәселеде мына бір нәрсені айыра білуге тиіспіз. Кейбір адамдар жанұя тоқшылығы дегенде тек материалдық байлықтар жинауды – әр түрлі кілемдер, мебельдер, автомашиналар, сан жеткісіз қымбат бағалы ыдыс-аяқтар және басқа сол сияқты дүниелерді тасып әкелуді түсінеді, лажы барынша олардың санын көбейту далбасасына кіріседі.

Шынтуайтында, мал-дүние адамды емес, адам мал-дүниені безендіруі, ал адам бұйымға емес, бұйым адамға қызмет ететін болуы керек.

Сол себепті отбасының молшылығын қамтамасыз етуде де белгілі бір мөлшерлерді білу, тұрмысты жеңілдететін ең зәру нәрселермен ғана шектелу, бұл салада да менмендік көшесіне кіріп қалмау маңызды болып табылады.

Отбасы жұмыстарына жұмсалатын қаржы тек адал жолмен, адал еңбек негізінде табылуға тиіс. Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында бұл мәселеге айрықша көңіл аударып, былай дейді:

«Егер назар аударатын болсақ, тіліміздегі адалдық пен арамдық туралы өнегелі нақылдармен қатар «Жолын таптың ба, жарайсың, жігітім», «Жүзімін жесең де, бағын сұрама» дейтін сиықсыз сөздердің де кездесетінін

[1] Өзбекстан Республикасының Конституциясы. –Т.: «O'zbekiston» БПШҮ, 2014 жыл, 21–22-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

мойындамауға болмайды. Әрине, бұндай мақал-мәтелдер тектен-текке пайда бола салмаған, олар да белгілі бір ақиқаттың бейнесі. Сондықтан біз өмірдің мән-мазмұнын солай түсініп, сол негізде өмір сүруге ұмтылатын адамдардың да бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Бірақ, менің ойымша, бұндай сөздер адамның байлық пен мал-дүниені қандай жолмен тапқанына енжар әрі немкетті қарайтын, мансапқұмар адамдар тарапынан шығарылған сияқты»[1].

Расында да ұрлық, парақорлық, алаяқтық, бұзықтық, қулық пен сұмдық арқылы табылған байлық арам болып саналады. Жаңұяға кіріп келген әрбір тиынның адал болуы сол жаңұя мүшелерінің ділін тура етіп, басын жоғары көтеріп жүруіне, ешкімнің алдында жасқанбай, тілінің қысылмауына кепіл болады. Адал мен арамның ара жігін ажырата білуді бойымызға балалық шақтан дарытуымыз керек. Өйткені бұл екі ұғымның айырмасын білмеу, адал мен арамды араластырып жіберу, ең жаманы – арамға үйреніп қалу адамның басына қауіп төндіріп, өте үлкен бақытсыздықтар әкеледі. Бұған үйренген адам ақыр соңында Отанын, ел-жұртын сатып жіберуден де тайынбайды.

Әрине, бұл дүниеде алаңсыз да ауқатты өмір сүруді қаламайтын адамды таба алмайсың. Адам өз алдына қойған мақсатына жету үшін неше түрлі айла-амалдарды ойлап табуға тырысатыны да заңды. Бар гәп сол жолдың қаншалықты дұрыс, күнәдан таза болуында жатыр. Өкінішке орай кейбір адамдар, Елбасымыз сөзімен айтқанда, бас пайдасын ғана көздейтін адамсымақтар материалдық немесе нәпсіге байланысты басқа да тілектерді қанағаттандыру жолында ештеңеден тартынбай қояды. Бұндайлар үшін айналадағылардан қымсыну сезімі, ұялу және тартыншақтау дағдысы, ұждан мен иман деп аталатын жоғары сезімдер мүлдем жат сияқты. Олардың ойынша, бұндай ұғымдар тек кітаптарда ғана болатындай немесе бүгінгі таңда ескіріп қалғандай. Өмірге осындай көзқараспен қарауға үйренген сол адамдар да бір кездерде сен сияқты күнәсіз балалар болған, қайсы бір жаңұяларда өсіп-есейген. Демек, сол кезде – әлі балалық санасы мен

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 21–22-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жүрегі аппақ қағаздай таза болған кездерде оған адалдық, туралық, әділет, нысап, ұят, ар-намыс, әдеп пен иба секілді ізгі сезім-түйсіктер емес, керісінше оларды жалмап қоятын ұнамсыз дағдылар көбірек із қалдырған. Бұнда, ең алдымен, отбасы үлкендерінің селқостығы, білімсіздігі, топастығы немесе сол үлкендердің санасын шырмауықтай орап алған тәрбиесіздік дерті елеулі рөл атқарады. Бұндай лас ортаға бейімделіп қалған, оны дұрыстау мен тазалауға өз бойында күш пен білім жетіспейтін перзенттерді мүлдем ақтауға болмайды.

Елбасымыз рухани салауатты жанұялық ортада тәрбиеленген перзенттерді ел-жұрттың тірегі, үміті мен сенімі, сүйенетін асқар тауы деп санайды:

«Бақыт пен игілік тек байлықпен, мал-дүниемен белгіленбейді. Әдепті, білімді де ақылды, еңбексүйгіш, имансенімі мықты перзент тек ата-ананың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның ең үлкен байлығы болып табылады»[1].

Демек, тұлғаның келешегі жанұялық ортаға, ондағы тәрбиеге, тәрбиеші болып табылатын ата-ананың өз борышы мен міндеттеріне қандай көзқараста болуына тығыз байланысты. Жанұядағы әрбір адамның өз борышы мен міндетіне жауапкершілікпен қарауы, ең алдымен, жанұяның беріктігін, содан соң қоғамның гүлденуін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жанұялық рухани орта дегенде нені түсінесің?
2. Жанұя абыройын сақтау отбасы мүшелерінен нені талап етеді?
3. Жанұялық ортаның салауаттылығы нелерге және кімдерге байланысты?
4. Жанұяның тыныштығы мен татулығын қамтамасыз етуге сен де өз үлесімді қосып жүрмін деп айта аласың ба?
5. «Жүзімін жесең де, бағын сұрама» деген нақылдың кері мән-мақсатын түсіндіруге әрекет жаса.
6. «Бір балаға жеті көрші әрі ата, әрі ана» деген тіркестің мәнін сипаттап бер.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 56-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕКЕНІ

Қымбатты оқушы, сен радио мен теледидарда, газеттер мен журналдарда кейбір сөйлемдер мен сөз тіркестерінің жиі-жиі қайталанатынын жақсы білесің. Ол да болса – экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірдің түрлі жақтарын дамытуға байланысты «әлемдік стандарттарға сай», «дүниежүзілік ережелерге орай» деген сөздер. Расында да әңгіме заманалық өндіріс құралдары, жоғары сапалы өнім өндіру, мемлекеттік басқару жүйесін демократияландыру секілді біз үшін жаңа ұғымдар мен талаптар жөнінде болса, бұл тіркестерді қолдану өте орынды. Өйткені республиканы әлеуметтік-экономикалық, саяси және техникалық-технологиялық тұрғыдан әлемдегі дамыған елдерден қалыспайтын құдіретті елге айналдыру нақ осы салаларда ең озық әдістерді қолдануды талап етеді. Былайша айтқанда, жоғарыда айтылған салалар бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы елдерден үйренетін тәжірибелеріміз әлі көп.

Енді басқа бір мәселені бірге қарастырып көрейік. Қош, жоғарыдағы сөздерді «махалла» деген ұғымға, осы ұғымды өзінде бейнелейтін салада да қолдануға бола ма? Әлемдегі бірер мемлекетте махалла ұғымының баламасы немесе оған ұқсас үлгісі бар ма?

Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында махалланы «біздің халқымызға ғана тән өзін-өзі басқару жүйесінің сирек кездесетін әдісі» деп сипаттайды.

Сонда бұл не дегені? Бұл сөздердің мәнісі сол, махалла жүйесі тек біздің халқымыздың тұрмыс салтымен тығыз байланысты әлеуметтік құбылыс болып табылады, басқа бірде-бір мемлекетте оның баламасы да, оған ұқсасы да жоқ. Яғни махалланың «қалыбы» да, «стандарты» да тек Өзбекстан топырағында ғана бар, тәуелсіздіктің арқасында бүкіл дүние жүзі бұл жүйеге асқан қызығумен қарап отыр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қош, неліктен біз «тәуелсіздіктің арқасында» деген сөзге айрықша екпін беріп отырмыз? Бұның мағынасы сол, бұрынғы кеңестік заманда да біздің республикамызда махалла деген ұғым мен «махалла комитеті» деген мекеме бар болғанымен, оған мемлекет те, оның басқару органдары да жеткілікті көңіл бөлмеді. Ол кездегі махалланың беделін тәуелсіздік жылдарында екінші өмірін бастаған бүгінгі махалланың абыройымен мүлде салыстыруға болмайды.

Айтқанымыздай, кеңес өкіметі өзбектің махалласын түп-тамырымен қопарып тастамағанымен, оның қызмет аясын, ықпал ету күшін шұғыл шектеп қойған болатын.

Бұл мекемелер көзден тасалау, көріксіз, жұпыны ғимараттарға орналастырылды. Махалла кеңсесінің атқаратын негізгі қызметі адамдарға сол аумақта жасайтынын растайтын бір парақ анықтама беру секілді болмашы істер еді. («Справка» деп аталатын бұл құжатты ана тілімізде жазуға рұқсат жоқ болатын!) Басқа бірер мәселе бойынша бұл мекемемен ешкім санаспады, мемлекеттік және қоғамдық басқару істеріне мүлдем араластырылмады.

Халқымыздың ежелгі бай тарихына назар аударсақ, Елбасымыздың төмендегі сөздері қаншалықты негізді екеніне куә боламыз:

«Ежелден-ақ өзбек махаллалары шынайы ұлттық құндылықтар ордасы болып келеді. Өзара мейір-шапағат, ұйымшылдық пен татулық, көмекке мұқтаж адамдардың хал-жағдайынан хабар алу, жетім-жесірлерге қамқор болу, той-тамашаларды, асарлар мен мерекелерді көпшілік болып, ақылдаса өткізу, жақсы күндерде де, жаман

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

күндерде де бірге болу сияқты халқымызға етене тән әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер ең алдымен махаллалық ортада қалыптасып, дамыған»[1].

Тәуелсіздік жылдарында махалланың осынау ежелгі ерекшеліктері қатарына көптеген жаңа да жауапты міндеттер қосылды. Атап айтатын болсақ, махалланың құқықтары мен өкілеттік аясы айтарлықтай дәрежеде кеңейді. Ол өзін-өзі басқарудың нағыз халықтық, табиғи жүйесі ретінде қоғам өмірін ұйымдастыруға барған сайын белсендірек қатысып келеді. Оның бұл қатысуы да заңды, құқықтық негізге ие болды.

«Мемлекеттілігіміз тарихында бірінші рет «махалла» ұғымы Конституцияға енгізіліп, оның қоғамды басқарудағы орны мен мәртебесі қатаң белгіленді»[2].

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 105-бабында: «Қалашықтарда, қыстақтар мен ауылдарда, сондай-ақ олардың құрамындағы махаллалар мен қалалардағы махаллаларда азаматтар жиындары өзін-өзі басқару органдары болып саналады, олар екі жарым жыл мерзімге төрағаны (ақсақалды) және оның кеңесшілерін сайлайды.

Өзін-өзі басқару органдарын сайлау тәртібі, қызметін ұйымдастыру және өкілеттік аясы заңмен белгіленеді», – деген норма нығайтылды. Бұл құқықтық мәртебе махалла жүйесіне қоғам өмірін басқарудан өзінің лайықты орнын табуына кең мүмкіндік берді.

Ең алдымен, Өзбекстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 12 қыркүйектегі жарлығына орай елімізде «Махалла» қайырымдылық қоры құрылды. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 қазандағы «Республикалық «Махалла» қайырымдылық қорының қызметін ұйымдастыру туралы» қаулысы, Олий Мажлистің 1993 жылғы 2 қыркүйектегі және 1999 жылғы 14 сәуірдегі сессияларында жаңа редакцияда қабылданған «Азаматтардың өзін-өзі басқару органдары туралы» заң махалланың Конституцияда белгіленген мәртебесін одан әрі нығайтатын құқықтық негіздер болып қаланды.

---

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 58–59-беттер.

[2] Сол шығарма, 59-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ал Елбасымыздың 2010 жылы 12 қарашада алға қойған «Мемлекетте демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғамды дамыту концепциясы» негізінде 2013 жылғы 22 сәуірде жаңа редакцияда қабылданған «Азаматтардың өзін-өзі басқару органдары туралы» және «Азаматтар жиыны төрағасы (ақсақал) мен оның кеңесшілерінің сайлауы туралы» заңдар Өзбекстан «Махалла» қайырымдылық қоғамдық қорының қызметін жаңа сатыға көтерудің маңызды факторы болды.

Өз қызметін осындай заңды негіздер бойынша жүргізіп жатқан бүгінгі махалла азаматтар жиындары орналасқан сәулетті ғимараттарға, олардың айналасында салынған көрікті орындарға, милиция тірек пункттері мен балалар спорт алаңшаларына бір назар салайықшы. Бүгінгі таңда махаллада өткізіліп жатқан барлық үлкенді-кішілі шаралар махалла ақсақалдарымен, олардың кеңесшілерімен ақылдасып, өзара көмек негізінде ұйымдастырылады. Махалла аумағын абаттандыру, көшелерін тегістеп, асфальттандыру, электр жарығымен нұрландыру, арық-атыздарды тазарту, үйлерді, ағаштарды, гүлдер мен бұталарды ретке келтіру секілді жұмыстардың барлығына махалла белсенділері бас-көз болуда. Сол аумақта жасайтын әрбір азамат – жұмыс орнына, лауазымына, жасына, ұлты мен дініне қарамастан – бұл мекенді өзінің қастерлі шағын отаны, барлық қуаныштары мен шаттығына куә болған әзиз орта ретінде ардақтап, қадірлейді. Қымбатты оқушы, енді өзің-ақ көз алдыңа елестетіп көр, егер бүкіл еліміздегі барлық махаллаларда нақ осылайша жанқиярлық еңбек қайнап жатса, әрбір махалланың аумағы абат болса, Отанымыздың келбеті қаншалықты өзгерер еді, шырайына шырай қосылып, абат өлкеге айналар еді-ау. Ең маңыздысы,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

егер барлық махаллаларда, оның құрамындағы үйлерде бейбіт те алаңсыз өмір билік құрса, адамдар ортасында мейіршапағат, қайырымдылық, жанашырлық сезімдер үстем болса, бұл өлкенің бақыт-игілігі қаншалықты мол болар еді десеңші.

Сол себепті де Елбасымыз махаллалардағы рухани ортаны сауықтыру мемлекеттің өмірінде қаншалықты маңызды рөл атқаратынын былайша атап көрсетеді:

«Егер біз әрбір жанұяда, бүкіл ел-жұртымызда қалыптасқан рухани климат пен жағдайды түсініп алғымыз келсе, бұл саладағы шынайы көріністің жарқын бейнесін ең алдымен махалла өмірінен нақ айнадан көргендей айқын көру мүмкіндігіне ие боламыз»[1].

Расында да біз үшін жанұямыз көз ашып көрген мекеніміз болса, махалла – қасиетті Отанның ішіндегі шағын отан болып табылады. Айтқанымыздай, махалла отбасылардан құралады. Перзенттер ана бауырында кемел тапқанындай отбасы да махалланың көз алдында құрылып, соның ішінде гүлденіп, дамиды. Сол себепті де махалла – жанұяның ең жақын кеңесшісі болып саналады.

Қуанышты күндерде де, басқа қиыншылық түскен күндерде де бір-біріне тілеулес болу – махалла мүшелерінің атам заманнан бері келе жатқан өшпес үрдісі. Өйткені өзбек махалласы сондай бір тамаша мекен, ол жерде адамдар бір-бірімен аға-інідей, әпке-сіңлідей сіңісіп, құда-андалы, дос-бауыр болып араласып кеткен. Адамдар өзара қуаныштар мен қайғыларда серік, перзент тәрбиесінде жауапты, жетістікте де, кемшілікте де

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 60-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

бірдей қуанып, бірдей ренжиді. Махалла осындай ұлттық ерекшеліктеріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың, ақылақтық-рухани құндылықтарымыздың ордасы, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қасиетті мекен болып келеді.

Соңғы жылдарда махаллалар аз қамтамасыз етілген, көп балалы жанұяларды, жалғызілікті қарттарды, мүгедектерді, жетім-жесірлерді, асыраушысынан айырылғандарды әлеуметтік қорғаудың негізгі құралы болып қалды. Бұндай мақсаттар үшін мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қомақты қаржылардың махалланың ықтиярына берілуі, оны әділетті бөлу бойынша махаллаға сенім білдірілуі де оның абыройы мен беделін арттыра түсті. Оның беделі мен абыройының арта түсуінде 2003 жылдың елімізде «Абат махалла жылы» болып жариялануы айрықша маңызды рөл атқарды. Жыл сайын Наурыз және Тәуелсіздік мейрамдары қарсаңында ұйымдастырылатын жалпыхалықтық асардан түсетін миллиардтаған қаржы да Өзбекстан «Махалла» қоғамдық қайырымдылық қорына, оның облыстық және аудандық бөлімдерінің есебіне өткізіліп, бұл қаржылар халықтың аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік қорғауға мұқтаж қабаттарына, «Мейірбандық», «Қайырымдылық» және «Жомарттық» үйлеріне жұмсалады.

Сонымен қатар отбасындағы рухани-ақылақтық ортаны сауықтыру, мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру, кемел ұрпақты қалыптастыру мақсатында республикадағы барлық махалла ақсақалдарының діни ағарту және рухани-ақылақтық мәселелер бойынша кеңесшілері лауазымы енгізілді.

Ал бұл – ағартушылық білімі бар, өмірлік тәжірибесі бай он мыңнан астам аналар мен әпкелер отбасыларға ағарту нұрын, жоғары рухани құндылықтарды тұрақты жеткізіп тұру мүмкіндігіне ие болды дегені.

Бүгінгі таңда махалла азаматтар жиындары құзырындағы жауапты кеңестердің басшылығымен оның аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау, жастар және жасөспірімдер ортасында құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, жастарды әскери қызметті өтеуге дайындау міндеттері ойдағыдай шешімін табуда.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Махаллада мейрамдар өткізу, отбасыларда тойлар мен мерекелер ұйымдастыру, оларды ешқандай артықша ысырапсыз, артық шығынсыз өткізу, әрине, махалла ақсақалы мен белсенділерге байланысты. Бұдан тыс махаллада өтіп жатқан әрбір рәсім-жоралғылар үшін махалла тұрғындарының үлкен-кішісі бірдей жауапты болып табылады. Бұндай шараларда әлеуметтік беделіне қарамай, әрбір азаматқа бірдей құрмет пен ізет көрсетіледі.

Өйткені махалла кімнің қай жерде істейтініне, қанша ақша табатынына қарай емес, керісінше кімнің қандай адам екені, жасайтын жеріне қандай көмек беріп, оның гүлденуіне қандай үлес қосқанына қарап санасады, адамға сол ісіне қарап баға береді.

Махалла жастарды кәсіп пен өнерге баулитын, жұмыссыздарды жұмыспен қамтитын мекен болып табылады. Әрбір отбасының өз мамандық әулеті болғанындай, махалланың да тарихы ұзақтан бастау алатын кәсіп пен өнер әулеттері бар. Бұрынғы сынып жаттығуларында айтып өткеніміздей, кейбір махаллалардың аттары да нақты өнер аттарына сәйкес түрде қалыптасқан. Мысалы, зершілер махалласы, етікшілер махалласы, ағаш шеберлері яки теміршілер махалласы тағы сол сияқтылар. Ал бүгінгі махаллаларда олардың мүмкіндіктері мен аумақтық орналасуына қарап зершілік, етікшілік, тақия тоқушылық, ағаш шеберлігі, теміршілік, бесік жасаушылық, сандық жасаушылық, шаштараздық, тоқымашылық, тері илеушілік және басқа да кәсіп пен өнер түрлері бойынша шағын кәсіпорындар, шеберханалар ұйымдастырылған. Бұндай кәсіпорындардың ашылуынан ең алдымен махалла тұрғындары мүдделі, яғни азаматтардың белгілі бір бөлігі жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жастар жағы кәсіп пен өнерді мұқият меңгеріп, еңбексүйгіштік рухта тәрбиеленгендігі се-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

бепті олардың бос уақыты өнімді өтеді, түрлі келеңсіз іс-әрекеттердің (қылмыскерлік, маскүнемдік, ақылақсыздық, нашақұмарлық және тағы басқалар) алды алынады. Сондай-ақ махалланың экономикалық тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Алынған табыс есебінен махалладағы аз қамтамасыз етілген тұрғындар әлеуметтік қорғауға алынады, түрлі орталықтар ашылып, махалла одан әрі абаттандырылады.

Махаллаластардың әрбір жастың тағдыры үшін жауаптылығы, олар үшін күйіп-пісуі, жүріс-тұрысын бақылауы кемел тұлғаны тәрбиелеп өсірудің факторы болып табылады.

Мінез-құлқы әсем де ибалы, жан-жақты үлгілі перзент – махалланың абыройы болып, ал жүріс-тұрысы жаман, ақылақсыз балалар махалланың атына кір келтіретін дақ болып саналады.

Махалладан бүкіл ел-жұртқа, әлемге танымал адамдар жетіліп шықса, бүкіл махалла тұрғындарының мерейі үстем болады, әрқашан еңселерін көтеріп, мақтан тұтып жүреді. Бұған керісінше «пәлен махаллада мынадай келеңсіз оқиға болған екен» деген сөз баршаның басын жерге игізеді, ар-намысын, ашу-ызасын қоздырады. Сол себепті махалладағы тәртіп-ережелерге баршаның мойынсұнуы шарт болып саналады. Кімде-кім бұларға ден қоймаса, сол махаллада өтетін шараларға да, той-тамашаларға да шақырылмайды. Егер ол адам менмендік танытып, тату көршілік, қауымдық дәстүрлерді аяқ асты ететін болса, оны махалладан қуып шығады.

Жоғарыда айтылғанындай, махалла жанұяның бірлігі мен татулығын нығайтатын орын болып саналады. Отбасы болған соң, кейде түкке тұрмайтын ұсақ-түйектен де аяқ астынан ұрыс-керіс туындап қалуы ықтимал. Бұндай жағдайда күйеуі немесе әйелі махалла азаматтар жиынына жүгінуі де мүмкін. Махалланың үлкендері салмақтылық танытып, болған жайтты

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

байыппен тыңдап, таразының басын тең ұстауға тырысып, ерлі-зайыптыларды жарастыруға күш салады. Осылайша үйдегі жанжал сыртқа шықпай, келеңсіз істің алды алынады.

Ең маңыздысы, перзенттер үшін қасиетті пана болған жанұя бұзылып кетпей, сақталып қалады.

Еліміздегі көптеген махаллалар жастарының кешке қарай тыныш, жайбарақат отырып, өзара құрмет пен сыйластық танытып, тату-тәтті әңгіме-дүкен құрғанын көргенде, жүрегіңіз қуанышқа толады. Бұндай ынтымақ-бірлік пен мәдениеттілік махалла белсенділерінің рухани-ақылақтық тәрбиесінің нәтижесі деуге толық негіз бар.

Керісінше кейбір махаллаларда жастар жағының топ-топ болып шылым шегіп тұрғанын, бұл да аз болғандай, ауыздарынан былапыт сөздердің қардай боратанын көргенде, іші-бауырың удай ашып, өкініштен өзегің өртенеді. Ал махалла белсенділерінің кейбіреулері оларды көрсе де, көрмеген болып өтіп кете береді. Бүгін ешқандай зияны жоқ болып көрінген бұл жағдай ертең болмаса да, арғы күні аянышты оқиғаларға соқтыратыны айдан анық. Бұл сөздерге әдейі екпін беріп отырғанымыздың себебі сол, махалланың бір мүшесі ретінде сен де өзіңнің жүріс-тұрысыңа, ақылақ-әдебіңе жақсылап қарасаң, оны басқаларға үлгі-өнеге болатындай дәрежеге жеткізу үшін әлі көп еңбектену керек екенін байқайсың. Өйткені махалла бүгінгі таңда басты назарды оқу-тәрбие істеріне, жас ұрпақтың кемелдігіне бағыттаған. Бұл салада ол мектеппен тығыз байланыс орнатуға ұмтылуда. Жинақталған тәжірибе мектеп – махалла – мектеп байланысының қаншалықты маңызды екенін көрсетіп отыр.

Қымбатты оқушы, сен халқымыздың махалла сияқты құнды ордасының абыройын төмендету үшін кейбір шетелдік ұйымдардың көпе-көрнеу арамза пікірлер таратып жат-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

қанын да білесің. Өйткені ұлттық руханиятымыз бен идеологиямызға қандай тастар лақтырылып жатқанынан, бізді өздігімізден айыру жолында кімдер нендей әрекеттер жасап отырғанынан қырағы болу жасына әлдеқашан жеткенсің. Махалла сынды ежелгі әлеуметтік институтымыздың түпкі мәнін бұзып көрсетуге ұмтылған ұйымдардың іс-қимылын талдаған біздің мамандарымыздың жауаптары нық әрі негізді. Төменде сондай мақалалардың бірінен үзінді келтіріп отырмыз:

«Өзін адам құқықтарының бейтарап қорғаушысымын деп таныстыратын шетелдік ұйымдардың кейбір өкілдерінің «Махалла мемлекеттің қысым көрсететін мекемесіне айналып барады» деген даурықпа айғайына қараңыз. Ерлі-зайыптылар ортасында түсінбеушілік, жанжалды мәселелер көтерілгенде, олардың сотқа емес, махаллаға жүгінуі «адам құқықтарының бұзылуы» екен.

Осынау даурықпа айғайға байланысты бір толғанысқа тоқталсақ... Қайсы бір Батыс мемлекеті бір жынысты некеге даңғыл жол ашуды дұрыс деп санаса, өзге бір «мәдениетті ұлт» өкілдері демократияны дүкенге тырдай жалаңаш жапырыла кіріп, қолына іліккен затты алып кетіп, арам нәпсісін қанағаттандырудан тұрады деп түсінген болса, біз олардың бұндай қылықтарына араласпай отырсақ, біздің бұл салада ортақ пікірге келе алмағанымызды білдірмейді. Күн сайын қайталанып тұрған бұндай жағдайлар бойынша біреу біздің пікірімізді сұрап тұрған жоқ қой. Неліктен патриотизм лебі есіп тұрған өз ұлттық құндылықтарымызды қайта тіктеу жолындағы іс-қимылдарымыз басқалардың ұйқысын бұзуы керек?

...Біздің халқымызда жүрек көзімен қаралатын, ұлттың рухына сіңіп, онда мың жылдық тәжірибелер негізінде әбден әрленіп-өңделген, жазылмаған тұрмыстық ережелер де бар. Оларға орай отбасылық түсінбеушіліктер ел арасына дастарқан болып жайылмайды, күйеуі әйелінің, ал әйелі күйеуінің үстінен жасырын шағым жазып, көшеге дақпырт салмайды. Егер бұл отбасы мүшелерінің екеуі де елдің көз алдында өсіп-ұлғайған, олардың мінез-құлқынан нақ сол махалладағылар жақсырақ хабардар болса, ең маңыздысы, олардың қасиетті некесіне сол адамдар куә болса, туындаған жанжалдың алдын алуға махалланың көмектескені орынды әрі тиімді болатыны табиғи»[1].

[1] «Халқ сузи» газетінің 2003 жылғы 16 желтоқсандағы саны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Көріп тұрғаныңдай, бүгінгі әлемде ұлттық-рухани құндылықтарымызбен, жалпы алғанда, бай рухаиятымызбен мақтанудың, масаттанудың өзімен ғана шектелуге болмайды. Бәлкім оны аялап-сақтау, заманға сай түрде дамыту, қалың бұқара арасында насихаттап, үгіт жүргізу, мүлде жат көзқарастардан қорғау да сені мен біздің перзенттік борышымыз болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өзбек махалласы сияқты өзін-өзі басқару жүйесінің басқа жерлерде кездеспейтіні неліктен деп ойлайсың?
2. Кеңес заманында махаллаға мүлдем дерлік назар аударылмауының, оның абыройсыздануының түпкі себептері неде?
3. Тәуелсіздік жылдарында махалланың құқықтық мәртебесін тіктеу, нығайту бойынша қандай жұмыстар жүзеге асырылды?
4. Елбасымыздың махалла жөнінде «біздің халқымызға тән өзін-өзі басқару жүйесінің сирек кездесетін әдісі» деген сипаттамасының қандай тарихи мағынасы бар?
5. Махалла тұрғындарына қосыла алмайтын, оның қуаныш-қайғыларына немкетті қарайтын адам басқа жерде өзі туралы жақсы әсер қалдыруы мүмкін бе?
6. Адам өз махалласында несі арқылы атақ пен абыройға бөленеді?
7. Осы күнге дейін сен өз махаллама аз да болса абырой әкелдім немесе оның абатануына өз үлесімді қостым деп айта аласың ба?
8. Әрбір махалладағыдай сен жасайтын жерде де махалланың барша жұмыстарына әрқашан дайын тұратын бір адам бар. Сол адамның жүріс-тұрысы, жаратылысы, болмыс-бітімі жөнінде сыныптастарыңа әңгімелеп бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тапсырма: **«Жанұям мен махаллам – шағын Отаным»** тақырыбы бойынша реферат дайында.

Оны жазу үдерісінде төмендегі мәселелер бойынша дербес пікір қорытуға әрекет жаса:

– «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында осы мәселелер бойынша Елбасымыз білдірген пікірлер мен толғаныстар (шығарманың 52–60-беттері);

– перзент тәрбиесінде жанұялық ортаның шешуші маңызы бар екені;

– отбасындағы рухани климаттың кіршіксіздігін, салауаттылығын қамтамасыз ететін факторлар – өзара құрмет, мейіршапағат, рақымдылық және басқалар;

– жанұяда ана – қыз бала үшін, әке – ұл бала үшін ұстаз әрі тәлімгер екені, оларды әспеттеп, құрметтеу перзенттердің борышы болып саналатыны;

– кеңес заманында жанұя, махалла мәселелеріне немқұрайдылықпен қарағандық, оның кері салдарлары;

– тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеп алған махалла институтының бүгінгі қызметі, оның құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

– махалла – ұлттық құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды, жоғары руханиятты ұрпақтан-ұрпаққа есен-сау жеткізетін мекен ретінде;

– жастардың мінез-құлқы, әдебі, дүниетанымы сияқтылардың салауатты түрде қалыптасуына махаллалық орта көрсететін ықпал;

– жанұя мен махалланың өзара тығыз байланыстылығы, олардың бірін-бірі толықтыратын ерекшелігі;

– отбасы беделі мен махалла абыройын ел арасында жоғары деңгейге көтеру – жанұя мен махалланың әрбір мүшесінің, өкілінің абыройлы борышы екені және басқа мәселелер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ҮНДЕСТІГІ

Ұлы ағартушы бабамыз Махмудқожа Бехбуди осыдан жүз жыл бұрын –1914 жылы «Айна» журналы арқылы «Қадірлі жастарға үндеу» жариялап, онда былай деген болатын: «Қадірлі ағайын! Бәрімізге айдан да анық әрі белгілі болғанындай, макотиб (мектеп – ред.) прогрестің бастаушысы, мәдениет пен игіліктің қақпасы болып табылады. Әрбір ұлт ең алдымен ескі мектепті заманға сай реформалап көбейтпесе, даму жолына түсіп, мәдениетті пайдалана алмайды. Ал заманалық мәдениеттен мақрұм болып, өнермен және ағартумен қаруланбаған ұлт дүниеде рақат пен игілік жүзін көре алмайды». Ал оның замандасы Абдулла Авлони өзінің «Түркі Гүлстаны немесе ақылақ» атты шығармасында:

Бұл заманда пілмен соғысу ерлік емес,
Ер сол, білім мен өнер ұстаса жағасын.
Бес-он сом тапса, біліммен ағерлер,
Біз хаммол боп, аламыз тиындап шақасын.
Басқалар өнерді, кәсіпті дамытса,
Біздің ел тартады өлген ат тоғасын, –

деп ашына жазған. (Бұл өлең жолдарындағы «ағерлер» – жау, бәсеке-қарсыластар, «хаммол» – жүк таситын мердігерлер, «тоға» – аттың тағасы мағынасын білдіреді.)

Қымбатты оқушы, жоғарыдағы тарихи мысалдарды келтіргендегі мақсатымызды пайымдап тұрған боларсың. Бәрекелді, енді сен де жақсы білесің, кез келген мемлекеттің қазіргі дәрежесі, келешектегі тағдыры сол елдегі мектептердің хал-ахуалына, оларда беріліп жатқан білім мен тәрбиенің мазмұны мен сапасына тығыз байланысты. Өйткені бүгін мен ертеңнің иелері нақ осы білім ордаларында өсіп-ұлғаяды, адам болып қалыптасады.

Елбасымыз да білім мен тәрбиенің өзара байланысы мықты болуын, оларды бір-бірінен айыру әсте мүмкін еместігін жеке-дара атап көрсетеді:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

«Білімді тәрбиеден, ал тәрбиені білімнен айыруға болмайды – бұл шығыстық көзқарас, шығыстық өмір философиясы»[1].

Қош, неліктен бұл көзқарас пен философия көбінесе Шығысқа тән екендігіне екпін беріліп отыр? Гәп мынада, біз тиесілі болған Шығыс халықтары мектепке, жалпы білім мекемелеріне тек білім ордасы деп қана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны тәрбиелейтін, оны жан-жақты кемел етіп қалыптастыратын құтты мекен деп те қараған. Өйткені ақылды, білімді болу адам баласының бір қасиеті деп санасақ, сол білім мен ақылды ізгілік жолына сарп ету, ең маңыздысы – әдеп пен ақылақты, мейір-шапағатты, адамгершілікті өмірлік ұстаным деп тану адамның рухани көркі, келбеті болып саналады.

Егер Шығыс мемлекеттерінің басым көпшілігіндегі білім беру жүйесіне көз салсақ, оларда баланың нақты бір білімге, пән саласына ынтасын ояту, сол сала бойынша алатын білімін одан әрі тереңдету мәселесіне баса мән берілгенін көреміз. Олардағы оқушылар өз оқытушысына ұстаз ретінде, әр сала бойынша үлгі-өнеге тұтатын тұлға ретінде, құрмет пен ықыласқа лайықты мұғалім ретінде емес, тек пән маманы ретінде, сол пәндер бойынша білім мен дағдыны сабақ формасында қалыптастыруға тиісті мамандық иесі ретінде ғана қарайды. Сабағын бітірген оқытушы да баланың әдеп-ақылағына, дүниетанымына, рухани сұранымдарына дерлік мән бермейді, бұл нәрселерге өзін жауаптымын деп сезінбейді.

Сол себепті де кейбір Батыс мемлекеттері техникалық-технологиялық тұрғыдан едәір ілгерілеп кеткен, олардағы тұрмыстық әл-ауқат жоғары болғанымен, адамдар, әсіресе жастар ортасында ақылақ пен әдеп жағы әбден ақсап жатыр. Әке мен бала ортасындағы елеулі келіспеушіліктер, өзара теңсіздік, жастардың маскүнемдікке, есірткіқұмарлыққа, нашақорлыққа және басқа түрдегі ақылақсыздыққа беріліп кетуі осылардың қатарынан.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 62-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Телевидение мен ғаламтор арқылы, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жақсы білеміз, бірде ана мемлекетте, бірде мына мемлекетте оқушы яки студент өзінің оқытушысын немесе сыныптасын ешқандай аяусыз атып тастайды, көшелерде әр түрлі ауыр қылмыстарды ештеңеден сескенбей-ақ жасай береді. Бұған мысал ретінде бүкіл дүние жүзінің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мына хабарды келтіріп өтейік: «Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласындағы мектептердің бірінде жан түршігерлік оқиға болды. Қарулы адам білім ордасының залына кіріп, жиналғандарға қарай оқ жаудырған. Сол кезде залда 40-тан астам оқушы бар еді. Қастандық салдарынан 12 оқушы қаза тауып, отызы жараланған. Полиция өкілдерінің айтуына қарағанда, ойындағысын жүзеге асырып болған соң, қылмыскер өзін-өзі өлтірген. Кейінірек кім екені анықталғанда, бұл адам бір кездерде осы мектепте оқыған оқушы екен...»[1]

Бұндай сұмдық оқиғалардың астарында жас ұрпақ тәлім-тәрбие алатын білім ордаларында тәрбие мәселесіне, жалындап келе жатқан жас жүрекке ізгі сезімдерді дарыту ісіне жеткілікті мән берілмейтіндігі секілді күрделі проблемалар жатыр деп тұжырымдауға болады.

Ал бізде бұл мәселеге көзқарас бүтіндей өзгеше, оның шешіміне де басқа тұрғыдан қараймыз. Ағартушы бабамыз Абдурауф Фитрат бұл көзқарасты былайша сипаттайды: «Ұрпақты тәрбиелеу – адамзаттың қызметі. Біз қай кезде жақсы ақылақ иелері болып жетілген перзенттерді тәрбиелесек, сонда ғана мойнымыздағы бұл қызметтен құтыламыз. Кімде-кім ақылақсыз балаларды тәрбиелеп өсірсе, ол адамзатқа қызмет емес, дұшпандық жасаған болып шығады. Қоғам

[1] «Халқ сузи» газетінің 2011 жылғы 9 сәуірдегі саны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ондайлардың перзенттерінен азар да безер болады. Әдепті, ақылағы жақсы перзент иманды ата-анадан болады, егер ата-ана ақылақсыз болса, олардың тәрбиесін көрген перзент те ақылақсыз, әдеп дегеннен жұрдай болып өседі»[1].

Халық арасында «Ұстаз әкеңнен де ұлы» деген өнегелі сөз бар. Баланың нағыз адам болып тәрбиеленуінде, рухани олқылықтары жоқ тұлға болуында оқытушы-тәлімгерлердің қызметі әкенің қызметінен еш кем болмайды. Оқытушылар жастарға тек білім берумен ғана шектелмей, олардың ақыл-ойы жетілген, өткір зейінді болып өсуі, өсіп-жетіліп келе жатқан баланың мінез-құлқының адамдық атқа сай болуы, оның жүрегінде мейір-шапағаттың, өзгелерге құрмет пен ізет көрсетудің, айналасындағылардың қуаныш-реніштерін бөлісудің қалыптасуы үшін де жан күйдіреді. Бұл салада ең алдымен оқытушы-тәлімгерлердің өздері басқаларға өнеге болады, әрбір сөзімен, әрбір ісімен айналасында салауатты рухани орта қалыптастыруға ұмтылады.

Елбасымыз тәуелсіздіктен бұрын – 1990 жылғы 24 наурызда республикада Президенттік лауазым енгізілген күні сөйлеген тарихи сөзінде жас ұрпақтың рухани тәрбиесі мәселесіне айрықша назар аударған болатын:

«Тағы бір өзекті мәселе – өсіп келе жатқан ұрпаққа, оның рухани тәрбиесіне асқан жауапкершілік сезімімен қарау мәселесі. Жастар – халық руханиятының әрі жемісі, әрі келешегі...

Өзіміздің рухани борышымызды ақтауды қаласақ, оларға әкелік қамқорлық көрсетуіміз керек»[2].

Өзбекстанда көптеген басқа салалардағыдай тәлім-тәрбие жүйесінде де бұрынғы кеңес заманында орныққан келеңсіз жағдайларға тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап шек

---

[1] Абдурауф Фитрат. Оила. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 1999 жыл, 25-бет.

[2] **Ислам Каримов**. O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. –Т.: «O'zbekiston» БПШУ, 2011 жыл, 160-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

қойылды. Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы мен 2004–2009 жылдарда Мектеп білімін дамытудың жалпыұлттық мемлекеттік бағдарламасының өмірге ойдағыдай енгізілуі нәтижесінде елімізде бүтіндей жаңа сипаттағы оқу-тәрбие жүйесі дүниеге келді. Бұдан бұрынғы сабақтарда айтқанымыздай, енді баланың тоғыз жылдық жалпы білім алу үдерісінде айқындалатын дарын-қабілетіне қарай отырып, оның ғылым яки кәсіптік өнер жолымен жүретін мүмкіндігі пайда болды. Елімізде қысқа уақыттың ішінде мыңдаған академиялық лицейлер, кәсіптік-техникалық колледждер салынып, жастар мен олардың ұстаздары ықтиярына берілді. Жоғары оқу орындары мен басқа да ғылым-білім ордалары заманауи білім берудің, ғылыми зерттеулер жүргізудің ең озық үлгідегі жабдықтарымен және әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етілді.

Бұл салада жүзеге асырылған ең маңызды жаңалық әрі қол жеткізілген ең ірі жетістік сол, Өзбекстанда білім беру мен тәрбиенің мән-мазмұны түбірінен жаңартылды. Бүгінгі оқушы мен студенттің сана-сезімі, ақыл-есі бұрынғыдай қатып қалған кеңестік қағидаттармен, таптық көзқарастармен суарылмайды. Ол әлемнің ең озық ойларымен танысу, оны талдау және өз көзқарасын емін-еркін қалыптастыру мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұл – жастардың сана-түйсігі азаттық алды, оның көкжиектері кеңейді, көзқарастары тереңдеді дегені. Біздің бұл мәселеге айрықша назар аударып отырғанымыз текке емес, әрине. Өйткені Президентіміз Ислам Каримов бірнеше рет атап көрсеткендей:

«Пікір тәуелділігі, ой-сананың бодандығы кез келген экономикалық немесе саяси бодандықтан да қорқынышты болып табылады»[1].

Расында да дүниенің істеріне, айналада болып жатқан құбылыстарға тәуелсіз әрі сергек қарай алмайтын, бұл үшін қажетті білімі мен тәжірибесі жоқ, ең өкініштісі – әрбір оқиға

[1] **Ислам Каримов.** Yoshlarimiz – xalqimizning ishonchi va tayanchi. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2006 жыл, 57-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

мен құбылысқа өз халқының, мемлекетінің мүдделері тұрғысынан қарау сынды маңызды дағдыны меңгере алмаған адамды жауыз ниетті күштер қалаған жағына бастап әкетуі әбден мүмкін. Ондайлардан елін де, өзін де танымайтын, Отанына қиянат жасайтын лаңкесті де, ел-жұртының байлығын талан-тараж етіп, шетелге сататын құлқынқұмарды да тәрбиелеп шығаруға болады. Немесе ата-анасы, халқы берген нан-тұзға аяқ басатын көргенсіздер де, ұлты мен халқының ежелгі руханиятына, өресі биік ақылақтық көзқарастарына мүлдем қайшы келетін, мазмұн-мағынасында тек ұятсыздық пен әдепсіздіктен басқа ештеңе жоқ, парасат-пайымнан бейхабар қаңғыбастар ғана шыбынша үймелейтін «бұқаралық мәдениетке» еліктейтіндер жоғарыдағыдай ой-пікірі бодан, сана-сезімі құлдыққа табын жастардың арасынан жетіліп шығады.

Керісінше адам баласы қашан тәуелсіз, еркін де белсенді пікір жүргізетін болса, оның жүрегінде еліне, ата-анасына, жанұясы мен махалласына мейірім-сүйіспеншілігі жеткілікті болса, бұндай адамды оңайлықпен жеңуге де, ізгі ниетінен тайдыруға да болмайды.

Бұған терең ақыл-зейіннің жоғары руханиятпен кемел үндесуі, оқу мен тәрбиенің үйлестіріле жүргізілуі, адам кемелдігінің қос жағына да бірдей назар аударылуы арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Махмудқожа Бехбуди мен Абдулла Авлонидің оқулықта келтірілген пікірлері өткен ғасырдың 10-жылдарында қаншалықты маңызды еді?
2. Елбасымыздың білім мен тәрбиені үйлестіре жүргізу қажеттігі туралы пікірлері қандай мақсаттарды көздеп айтылған?
3. Халқымыздың «Ақыл басқа, парасат басқа» деген сөзі қандай мағынаны білдіреді? Осыған ұқсайтын басқа да мақал-мәтелдерді, өнегелі сөздерді білесің бе?
4. Адамдар ортасындағы өзара мәмілені бейнелеуде Батыс пен Шығыстың, мәселен, өзбек кино шеберлерінің әдістері арасында қандай айырмашылықтар байқалады?
5. Білім мен тәрбие алу адамның бүкіл өмірі барысында еш тоқтамауға тиіс дегенді қалай түсінесің?
6. «Ақылды адам» мен «дана адам» ортасындағы айырма мен ұқсастықты түсіндір.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

РУХАНИЯТҚА ҚАТЕР – ӨЗДІГІМІЗГЕ ҚАТЕР

Қымбатты оқушы, тәуелсіз Өзбекстанның өзіне тән даму моделі туралы сабақтан біліп алғаныңдай, біздің елімізде нарықтық қатынастар сөз жүзінде ғана үстем тұратын қоғам емес, шын мәнінде азаматтардың ізгі мүдделеріне, адамдық өмір талаптарына толық жауап беретін қоғам орнатылып жатыр.

Былайша айтқанда, бұл қоғамда басты назар материалдық байлық соңынан қуып, қандай жолмен болса да құлқын талабын қанағаттандыру секілді жабайы тілектерге емес, адамның әрі материалдық, әрі рухани байлығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Өйткені адамның әдеп-ақылағы, мейір-шапағаты, ар-ұжданы мен намысы, пәктігі мен адалдығы, ұяты мен ибасы базарға шығарылатын, саудаға салынатын нәрселер емес. Халқымыз небір ауыр күндерде – соғыс пен нәубет жылдарында да, аштық пен жоқшылыққа толы азапты замандарда да осынау ұлы рухани ұғымдарды құлқын мен нәпсі жолында құрбан еткен емес, адамдық бейнесінен айырылмаған.

Өзбекстан еркін демократиялық мемлекет ретінде құшағын бүкіл әлемге айқара ашқанда, оның аумағына, азаматтарының санасы мен түйсігіне әлемдегі көптеген ұнамды жаңалықтармен бірге Жер жүзінің түрлі бұрыштарында пайда болып, таралып жатқан бірқатар дерттер де жапырыла кіруге үздіксіз әрекет жасап бағуда. Әне сондай дерттер қатарына адам саудасы, есірткіқұмарлық, маскүнемдік сынды адамды жегіқұрттай кеміретін елеулі қатерлерді қосуға болады.

Сен тарих сабағынан жақсы білесің, милодий жыл санаудан бұрынғы замандарда бүкіл әлемді зар қақтырған Рим империясы аумағында, Египетте және басқа бірқатар өлке-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

лерде соғыс кезінде қолға түскен жауынгерлерді немесе басқыншылар жаулап алған аумақтарда жасайтын халықты құл ретінде базарға апарып, нақ жануарлардай етіп саудаға салған. Міне, сондай құлдардың – гладиаторлардың қатысуымен арнайы алаңдарда, мыңдаған адамдардың көз алдында аяусыз кескілескен қанды шайқастар ұйымдастырылған. Адам баласы нақ шоқысқан әтештердей немесе азуларын ақсита шапқан қасқырлардай бір-біріне тұра ұмтылып, қашан біреуі өлгенше алысып-жұлысқан. Ал тамашалаушы топ бұдан ләззат алып, мәз-мейрам болған. Егер есіңде болса, ақын Усман Насырдың әйгілі «Нил және Рим» шығармасында әсерлі көріністер суреттелген.

Әрине, адамзаттың мәдени кемелденуі бұндай шерменделі жағдайларға әлдеқашан шек қойған, бұдан былай адам баласының құл ретінде сатылуы ақылға сыймайтын қылмыс ретінде танылуын бүкіл әлем мойындаған сияқты еді.

Өкінішке орай бүгінгі таңда әлемнің түрлі бұрыштарында әлдеқандай «кәсіпкер» топтар, тобырлар, орталықтар пайда болған. Олар сол шерменде сауданы өзгеше сипатта – «мәдениленген» көріністе қайта ұйымдастыруға кіріскен.

Бұндай тіміскі әрекет иелерінің қармақ-торына әлі жақсы мен жаманды, дос пен дұшпанды айыра алмайтын жастар, тіпті сенің жасыңдағы жасөспірімдер де ілініп қалады. Дүниенің кейбір мемлекеттерінде азын-аулақ еңбек етіп, мол табысқа кенелу, осы табыстың есебінен рақат пен ләззатқа батып өмір сүру мүмкін екенін алуан түрлі жолдармен насихаттап жатқан бұндай топтар біздің елімізге де сұғынып кіруге күні-түні әрекеттеніп жатыр. Ең қатерлісі сол, бұндай адамсымақтармен дос-жаран болуға ризалық бергендер, олардың қылмысты пиғылдарын жүзеге асыруына жәрдем беріп жатқандар арамызда аз да болса табылады. Олар өз махалласынан, ауыл-қыстағынан басқа жерлерді әлі көрмеген, өмірлік тәжірибесі жоқ, аңқау жастарды түрлі уәделермен алдап, шетелге алып кету, сол жақтарда басқа бір қылмыскер топтарға сатып жіберу секілді жауыз ниеттерін жүзеге асыруда.

Олар, мәселен, ұл балаларға «пәлен мемлекетте құрылыс яки сауда саласында жұмыс бар, жанынды қинап отырмай-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ақ пәлен доллардан табыс табасың», ал қыз балаларға «пәлен мемлекетте қонақүй қызметкерлеріне, ал мейрамханаларда даяшыларға сұраныс үлкен, жалақыдан тыс табатын күндік шайпұлыңның өзін жинап, үйге бір қап ақша әкелуіңе болады» деген сияқты алдап-арбаулар айтып, оларды жіпсіз бұғалықтап алады. Осылайша жастардың сеніміне кіріп алған бұл алаяқтар олардың төлқұжатын «ұшаққа немесе пойызға билет алу, баратын мемлекеттің қонаүйінен орын алу үшін» алып қояды да, болашақ құрбандарын шетелге шығарып алған соң, төлқұжатсыз ешқайда бара алмайтынын біліп, қайтарып бермей қояды. Осылайша алдауға түскен жастардың басым көпшілігі сол «жұмақ» шетелде – ешкімді танымайтын, көмек сұрап баратын орынды білмейтін бейтаныс елде арам ниетті біреулерге сатылып кете береді.

Қайсы мемлекеттен екенін растайтын құжатынан айырылған жігіттер құқықсыз құлдардай болып түрлі құрылыстарда күні-түн жұмыс істейді де, жылдар бойы еткен еңбегі үшін сары тиын да ала алмай, егер басқа бірер көңілсіз оқиға кездесе қоймаса, ақыр соңында әрең дегенде үйіне қайтып оралады. Ал қыздар жағы шетелдердегі түрлі түнгі клубтардың ықтиярына сатылып, ол жерлерде ақша мен байлықтан құтырған жиіркеніште арамзалардың лас шеңгеліне түседі.

Егер сол жастар дүниенің бірер жерінде тегінге бір үзім нан да берілмейтінін білсе, халық сөзімен айтқанда, тегін олжа тек тышқан аулайтындарда ғана болатынын, ең маңыздысы – адам еш жерде өз еліндегідей емін-еркін жұмыс істей алмайтынын және өмір сүре алмайтынын түсінуге тиіс.

Олар тағы бір нәрсені біліп алуға міндетті, бүгінгі таңда әлемде жыл сайын орта есеппен 4,5 миллион адам құлдықтың түрлі көріністеріне кіріптар болады. Дүние бойлап тараған адам саудасынан түсетін табыс мөлшері 12–15 миллиард долларды құрайды.

Біздің елімізде жұмыс істеймін, адал ақша тауып, өмірімді қалыпты ізге саламын дейтін, қолынан іс келетін әрбір адамға, білікті маманға, әрине, жұмыс табылады. Бар гәп адамның бірер кәсіпті немесе өнерді мұқият меңгеріп, сол са-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ланың шеберіне айналуында, сабыр-қанағатпен адал да жанқиярлықпен еңбек етуінде жатыр. Бұндай мамандарды кәсіпорындар мен мекемелер міндетті түрде жұмысқа шақырады, еңбегіне сай әрі материалдық, әрі рухани тұрғыдан ынталандырылады.

Адам саудасы сынды ауыр қылмыстың алдын алу, еліміз азаматтарының, бірінші кезекте жастардың өмірі мен тағдырын бұндай қатерлерден сақтандыру бойынша Өзбекстанда көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді.

Атап айтатын болсақ, 2008 жылдың 8 шілдесінде Өзбекстан Республикасы Президентінің осы мәселеге арналған қаулысы, ал 2008 жылы 17 сәуірде «Адам саудасына қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

Бүгінгі таңда мемлекеттің құқық қорғау органдары, білімтәрбие мекемелері, көптеген қоғамдық ұйымдар өз күштерін бірлестіріп, аталмыш өте қауіпті қатерге қарсы тиімді күрес жүргізуді қолға алған.

Өміріміздің көркіне көленке түсіретін індеттердің тағы біреуі – маскүнемдік пен есірткіқұмарлық. Өкінішке орай қазіргі таңда жасөспірімдер ортасында да, әйелдер ортасында да маскүнемдікке, шылымқұмарлыққа, тіпті есірткіқұмарлыққа ден қою фактілері кездесіп тұр.

Әрине, адам анасының құрсағынан маскүнем немесе шылымқұмар болып туылмайды. Бұндай келеңсіз көріністерді туындататын бірқатар себептер бар.

Атап айтсақ, туылған күндерді атап өту, сәбидің дүниеге келуіне байланысты түрлі шаралар, ауыл-аймақ, көрші-қолаң, дос-жарандар ортасында ұйымдастырылатын «гәп»-отырыстар, бітіру кештері, неке тойлары және басқа салтанаттарда спиртті ішімдіктердің ашықтан-ашық қойылуы да маскүнемдіктің тамыр жаюына себеп болатынын жасырудың керегі жоқ.

Той салтанаттарында, әр түрлі мүшел және мерейтойларда сол шаттық иесіне мақтау-мадақтаулар айтылып, тост көтеріледі, бөтелке ішінде «тып-тыныш» тұрған спиртті ішімдік көпшілікке ұсынылады. Бұл жағдайды сол рәсімге

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

қатысқан балалар мен жасөспірімдер де көреді. Үлкендердің қызықты қылықтарын көрген жастарда әлгі ішімдіктерден татып көру құштарлығы оянады. Осылайша шаттық пен думанға қосылған жас тұлға ішімдік ішуді үйрене бастайды.

Жастар ортасында маскүнемдік, есірткіқұмарлық сынды түзелуі қиын ауыр дерттердің пайда болуына ата-аналардың өз жұмыстарымен қолдары босамай, балаларды бақылаусыз қалдыруы, жанұялық келіспеушіліктер, білім мекемелеріндегі тәрбиешілердің өз міндеттеріне салғырт қарауы, кейбір жастарды керегінен артық қамтамасыз етіп, шектен тыс еркелету және басқа да факторлар себеп болуда.

Спиртті ішімдіктерді пайдалану, түрлі есірткі заттарға үйреніп қалу мемлекет азаматтарының денсаулығына, еңбек өнімділігіне, өндірістің алға басуына, ақыл-ой мен дене бітімінің кемелдігіне кері әсерін тигізеді. Бұндай аянышты жағдай бүгінгі таңда кейбір Батыс мемлекеттері үшін өте көкейкесті, өмір мен өлім мәселесіне айналып үлгірді.

Өйткені спиртті ішімдіктер мен есірткі заттардың құлына айналған адам жанұясы үшін де, қоғам үшін де ешқандай пайда келтірмейді, тіпті ол өзі білетін және білмейтін үлкен зиянды зардаптарға себеп болады.

Кейқауыс, Юсуф Хас Хажиб, Беруни, Ибн Сина, Әлішер Науаи, Бабыр Мырза тақылеттес данышпандар да маскүнемдіктің зардапты салдарларын көрсетіп, адамдарды одан сақтануға шақырған.

Әлішер Науаи ішкілікке салынған адам туралы: «Ол жаман иттерге ұқсап адамдарға өзінен-өзі ұмтылады. Оны тек жаман ит емес, қабаған ит десе де болады. Ішкілік әрі дерт оты, әрі суы дейміз. Жо-жоқ, оны дозақ оты әрі топан суы

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

деген орынды... Бұл отта төрт нәрсе ғана жанбайды, күйіп, жоқ болмайды, оларға қосылып ақыл мен сезім, дін мен ислам да жойылады», – деген.

Ішкілік адамды ұятсыз, өтірікші, тұрақсыз, рақымсыз адамға, тіпті қанішерге айналдырып қоятыны бесенеден белгілі. Ол адамның миына қатты әсер етіп, бауырды, жүйкені бұзады, жүректің қызметін нашарлатады. Ішкілікке салынған адамның өмірі көбінесе қайғылы қазамен аяқталады.

Бұндай адам ар-намыс, әдет-ғұрып, нысап-иман секілді адамгершілік қарым-қатынастардың мөлшерін ұмытады, рақымдылық, аяушылық деген ұғымдардан аулақтайды, парасатсыз, талғамсыз бір мақұлыққа айналады.

Ұлы ақын әрі патша Бабыр Мырза ішкіліктің адам өміріне, тіршілігіне, көзқарасына қаншалықты күйзеліс әкелетінін терең түсінген, өзі билік құрған өлкелерді осы бәленің шеңгелінен құтқару үшін арнайы жарлық қабылдаған. Бұл құжатта «ешкім ішкілік ішуге ұмтылмасын, ішкілік жасамасын, сатпасын, алмасын, апармасын, әкелмесін де. Ішкіліктен аулақ болыңдар, одан жақсылық көргенің қанеки» деп қатаң белгіленген еді.

Бақылаулардан анықталғанындай, әр 1000 ақылы кеміс баланың 500-інің анасы, 70-інің әкесі де, анасы да спиртті ішімдікке салынған екен. Француз дәрігері Демма 28 жыл бойы күйеуі де, әйелі де маскүнем 10 жанұяны бақылаған. Осы жанұяларда туылған 57 баланың 25-і жасына жетпей өлген, 5-інде қояншық ауруы болған, 5-інің миына су жиналған, 12-сінің ақылы кеміс болып, тек 10 бала ғана дені сау болып туылған. Қояншық ауруы бар әр 100 баланың 60-ының ата-анасы түзелмейтін маскүнемдер болған.

Ішкілік – түрлі қылмыстардың анасы болып табылады. Дәлелдерге сүйенсек, адам өлтірудің 70 пайызы, бұзақылықтың 80–90 пайызы мастықтың буымен жасалады. Егер азаматтар спиртті ішімдіктер ішуді 35 пайызға азайтса, адам өлтіру қылмысы кемінде 40 пайызға, бұзақылық 25 пайызға азаятыны анықталған. Ішілген 100 грамм арақ адамның ағзасында белсенді жұмыс істеп тұрған 7500 жасушаны жояды. 75 грамм арақ ішкен адамның бұлшық еттерінің қызметі

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

20 пайыздан 40 пайызға дейін төмендейді. Ал бұл еңбек өнімділігінің шұғыл төмендеуіне, қоғам руханиятының нашарлауына соқтырады.[1]

Араққұмарлардың 25 пайызы мас кезінде өзіне-өзі қол жұмсауды ойлайды. 100 грамм спиртті ішімдік спортшыны екі аптаға дейін қатардан шығарып қояды. Спиртті ішімдіктерді пайдалану мен шылым шегу әйелдер мен балаларға күшті әрі тез әсер етеді. Әйел адам алкогольға бір-екі жылда-ақ үйренеді. 13–14 жастағы ұлға немесе қыз балаға берілген бір стакан әлсіз шарап ересек адамның бір бөтелке арақ ішкеніндей қатты әсер етеді.

Бүгінгі Өзбекстанда спиртті ішімдіктерді өндіру, шетелден әкелу, сату және тұтыну мәселелері жіті бақылауға алынған, алкогольды ішімдіктерді насихаттауға – бұқаралық жарнамалауға заң жолымен қатаң тыйым салынған.

Кез келген қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени және рухани дамуына соққы беретін індеттердің тағы біреуі – нашақорлық яки есірткіқұмарлық болып саналады. На-

[1] Бир қултум фожиаси. Ташкент, Ғафур Ғулам атындағы әдебиет және өнер баспасы, 1986 жыл.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

шақорлық та маскүнемдік секілді адам денсаулығының негізгі кемірушісі болып табылады.

Нашақор дегені – наша, апиын, көкнәр, героин және басқа осындай есірткілерді тұтынуға берілген адам. Бұндай адамдарды өз атымен емес, бәңгі, нашақор, көкнәрі деп те атайды.

Әу баста саяхатшы Христофор Колумб Орталық Американдағы бейтаныс бір өсімдіктің жапырағын Еуропаға өзімен бірге ала келеді. Сосын оның шипалық қасиеті бар әрі түтіні түрлі аурулардан айықтырады деп, кептірілген жапырақты түтік сияқты етіп орап адамдарға шегуді үйретеді.

Әрине, ол кездерде ешқандай зияны жоқ болып көрінген бұл жапырақтың адамзат үшін қаншалықты қауіпті екенін ешкім де ойламаған болатын. Бұл өсімдікті Еуропада бірінші болып швед табиғаттанушысы Карл Линней үйде өсірді, сөйтіп одан алынатын затты Жан Нико деген адамның «құрметіне» никотин деп атады.

Ғалымдардың дәлелдеулеріне қарағанда, никотин түтінінің құрамында никотин, күкірт, аммиак, азот, көмір қышқыл газ, түрлі эфир майлары, цианид қышқылы, құмырсқа қышқылы, сірке және валериан қышқылдары, сондай-ақ адам ағзасына өте зиянды басқа да заттар бар. Бұндай өсімдіктер негізінен үшке бөлінеді: көкнәр, наша және темекі өсімдіктері.

Көкнәрдің құрамында қатты әсер ететін есірткі зат бар, оның денесінен арнайы құрал арқылы жабысқақ, желім тәріздес кілегей зат сыдырылып алынады. Бұл зат «қара дәрі» деп аталады да, оны пайдаланған адам дене бітімі тұрғысынан да, ақыл-ойы жағынан да кемістеу болып, жай нәрселерден де қорқа беретін, түрлі қылмыстар жасаудан тайынбайтын, тіпті өмір бойы перзент сүйе алмайтын болып қалады. «Қара дәріні» созылмалы түрде тұтынатындарды халық арасында «көкнәрі» деп атайды.

Наша өсімдігін пайдаланатындар «бәңгі» деп аталады. Бәңгілік адамды адамилық қасиеттерден жұрдай етеді. Бұндай дертке шалдыққандар адам өлтіруден, ұрлық-қарлықтан, қарақшылықтан тартынбайды. Наша өсімдігі кей жерлерде жасырын түрде егіледі. Қазіргі таңда елімізде көкнәрі мен

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

наша егетіндерге және көбейтетіндерге қарсы ымырасыз күрес жүргізіліп жатыр, олар заңды жауапқа тартылады. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі тарапынан «Нашақорлық құралдары және психотроптық заттар туралы» заңның қабылдануы да есірткіқұмарлықтың алдын алу ісінде маңызды құқықтық негіз болды.

Темекі өсімдігі әлемдік деңгейде арнайы егіліп, көбейтіледі. Темекі өсімдігінен алуан түрлі шылымдар, сигареттер мен махоркалар, сондай-ақ насыбай да әзірленеді. Темекіден дайындалған заттарды шегу адам денсаулығы үшін өте зиянды.

Шылымқұмарлар мен насыбайқұмарлардың басым көпшілігі өкпе обырына, жүйке, жүрек, бұғақ ауруларына шалдығады.

Сигарет шегудің нәтижесінде оның құрамындағы никотин адамның дене мүшелеріне қоздырушы ықпал көрсетіп, қан қысымын көтереді, майда тамырларды одан сайын тарылтады, тыныс алуды жиілетіп, ас қорыту жүйесінің сөлін көбейтеді. Шегу үдерісінде никотин мен темекі түтіні құрамындағы басқа улы заттар ағза мүшелерін зақымдайды. Темекі шегетіндердің жиі-жиі жөтелетіні де содан. Темекі шегу салдарынан ауыз қуысында, өңеште, тыныс алу жолдарында обыр (рак) пайда болуы мүмкін. Шеккіш адам ауырғанда оның сырқаттан айығуы да қиынға соғады. Өйткені оның ағзасы уланғандықтан, қорғаныштық қабілеті (иммунитеті) төмендеп кетеді.

Темекі шегу ми қызметінің нашарлауына, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне соқтырады. Ең жаманы – сигареттің қоғамдық орындарда, отбасында шегілуі. Бұнда сигарет түтінінен шегушінің өзі ғана емес, оның айналасындағы адамдар да, әсіресе әйелдер мен балалар қаттырақ уланады. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде қызмет орындарында, көлікте, қоғамдық орындарда, қоғамдық тамақтану тармақтарында шылым шегуге қатаң тыйым салынған.

Есірткі заттардың немесе ішкіліктің қай түрін тұтынуына қарамай, олардың барлығы да нәсілге зиянды әсерін тигізеді, нашақор немесе маскүнем әйел мен еркектің перзенттері жарымжан, ақылы кеміс, дене бітімі тұрғысынан дамудан артта қалған болып туылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Есірткі заттарға үйреніп қалған адам оны өз уақытында қабылдамаса, тұра алмайтын болып қалады. Олардың бұндай заттарға (наша, көкнәрі, қарадәрі, морфий, кокаин, кофеин және т.б.) сұранысы барған сайын күшейе береді. Олардың басы ауырады, жүрек соғысы жиілейді, аяқ-қолдары қалтырайды, бұлшық еттері құрысады, терлейді, әлсіреу белгілері пайда болады. Есірткі заттарды созылмалы түрде тұтынатын, онсыз жасай алмайтын адамдар қоршаған ортаға да, жанұясы мен қоғамға да қауіпті болып саналады. Сондықтан да мемлекетіміздің аумағында есірткіқұмарлық пен нашақорлықтың тамыр жаюына мүмкіндік бермеу және оған қарсы күресу әрбір азаматтың патриоттық парызы болып табылады. Өйткені кейбір жанұяларда перзенттің дүниеге келуі қуаныш емес, керісінше шексіз уайым мен қайғы әкеледі. Бұның себебі – маскүнем және темекі шегетін ата-аналардан ақылы кеміс, есерсоқ, жарымжан перзенттердің туылуында. Негізінен алғанда, бұндай бейкүнә балалар ата-анасы үшін де, қоғам үшін де үлкен проблема болып саналады.

Аталмыш мәселенің тағы бір қатерлі жағы бар.

Есірткі заттардың заңсыз саудасымен шұғылданатын қылмыстық топтардың қолына шоғырланған аса қомақты қаржылар халыаралық лаңкестік орталықтарды қолдауға, содырлық тобырларды қаруландыру секілді жиреніште істерге жұмсалып жатыр.

Өзбекстан Президенті ең беделді халықаралық мінберлерде тұрып айтқан сөздерінде әлемдік қауымдастықты аталмыш қатерлерден сақтандырып, дүние жүзін, халықаралық ұйымдарды бұл індеттерге қарсы бірігіп күресуге шақырып келеді. Елбасымыздың 1997 жылы жазылған, нақ сол проблемаларды және оларды шешу жолдарын көрсеткен «O‘zbekiston XXI asr bo‘sag‘asida: xavfsizlikka tahdid, barqarorlik shartlari va taraqqiyot kafolatlari» атты кітабы әлемдік шеңберде айрықша бағаланды.

Отбасылық ортада да маскүнемдік пе, есірткіқұмарлық па – қайсысы бар болса да, ол жерде салауатты перзент кемелдігі, жанұялық бақыт, ынтымақ, өзара құрмет пен ізет жөнінде сөз болуы мүмкін емес.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Адамның руханиятын, яғни өздігін жегідей кеміретін бұндай індеттердің қармағына іліккен адамдардан бәрі де қашқақтайды, олардың тағдыры жалғыздық пен үмітсіздікке толы болады. Әлішер Науаи бабамыз бұндай адамдар тек өздеріне ғана емес, бүкіл ел-жұртқа да бақытсыздық әкелетінін былайша сипаттайды:

Ел қашса одан, ел жаманы – біл оны,
Жағдайында бақытсыздық нышаны – біл оны.
Мінез-құлқы ұлыс дерті – біл оны,
Әлемнің де ең жаманы – біл оны.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өзбекстанда орнатылып жатқан қоғамның үстем құндылықтары нелерден тұрады?
2. «Адам саудасы» адамзаттың басына қандай қатерлер төндіруі мүмкін?
3. «Адам саудасымен» шұғылданатындардың арбауына түсіп қалмау үшін жастарда қандай түсініктер мен білімдер болуы қажет?
4. Есірткіқұмарлықтың пайда болуы, оның түрлері, қоғамға, адам ағзасына, нәсіліне кері әсері жөнінде не білесің?
5. Сеніңше, маскүнемдікке, нашақорлық пен шылымқұмарлыққа қарсы қалай күресуге болады?
6. Бұл індеттер әкелетін трагедиялар жөнінде әңгімелейтін көркем немесе ғылыми кітаптардан үзінді келтір.
7. Есірткі заттардың заңсыз өндірілуі, дайындалуы және тасымалдануы халықаралық шеңберде қандай проблемалар туындатып жатқанын естідің бе?
8. Түрлі қайнар көздерді пайдаланып, данышпандардың маскүнемдіктің, есірткіқұмарлық пен шылымқұмарлықтың зияндылығы туралы құнды пікірлерін жина, сөйтіп сыныптастарың ортасында оларды талқылау ұйымдастыр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

IV *тарау*

ЕҢ ҰЛЫ ЕРЛІК

РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ӨМІР ҮНДЕСТІГІ

Адамдар арасында әр түрлі әңгмелер бола береді емес пе, мүмкін сен де естіген шығарсың: «Біреу тамақ жеу үшін өмір сүреді, біреу өмір сүру үшін тамақ жейді». Сырттан қарағанда, қарапайым, мазмұны да тайыз болып көрінетін бұл тіркестің астарында үлкен әрі терең мағына жатыр. Расында да өмірде сондай адамдар да бар, олардың бүкіл болмысы тек материалдық байлық арттыруға, оның артынан қууға, сол байлығына мақтануға, бір сөзбен айтқанда, құлқын талаптарын қанағаттандыруға бағытталады. Көрнекті жазушы Уткир Хашимов айтқандай, бұндай адамдар, мысал үшін, хайуанаттар бағында мың бір түспен құбылған қауырсындарын жайып тұрған тауысқа қарап, оның баршаны бас игізген әсемдігіне мән бермей, «Осы жануардың да етін жеуге бола ма екен?» деген сұрақ қояды...

Ал басқа бір адам бұл дүниенің игіліктеріне – ол азық-түлік немесе киім-кешек бола ма, үй-жай немесе ат-көлік бола ма, автобус немесе машина бола ма– барлығына өмір сүрудің бір құралы, факторы ретінде қарайды. Яғни материалдық дүние бұндай адамдар үшін өмірінің бөлінбес бір бөлшегі болып саналғанымен, олар материалдық байлықты өз өмірінің негізгі мақсаты деп белгілемейді.

Олар жоғары рухани қасиеттерге, ең алдымен, өзі ие болады. Мүмкіндік табылды дегенше бұл ұғымдар мен құндылықтарды тұрмысқа енгізуге әрекет жасайды. Бір сөзбен айтқанда, олардың жүрегі адамзатты азат та бақытты етуге байланысты ізгі ниеттерге толы болады.

Бұл сөздер, қымбатты оқушы, ауадан алынған кітаби сөздер емес, нағыз адамдық өмірдің маңызды да жауапты талаптары болып табылады.

Адамзат өмірінің негізінде жататын алғашқы негіз не: материя – материалдық дүние ме, әлде ой-сана яғни рухани жан дүниесі ме деген проблема адамзат жаралғалы бері қызу пікірталастар мен дау-дамайларға себеп болып келеді. Олар-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

дың әрқайсысын алғашқы дегеніне қарап, ғалым-философтар екі үлкен топты құраған: материалистер мен идеалистер.

Материализм (латынша «материалис» – материалдық) – табиғаттың, қоғамның және адамның болмысын, өмір сүруі мен дамуын түсіндіруде затты (материяны) және оның қасиеттерін алғашқы деп тануға негізделген философиялық көзқарастар кешені. Материализм материяны алғашқы, ойсанаңы екінші, яғни соның туындысы деп түсіндіреді.

Кеңес заманының ғылымы мен саясатында бұл көзқарас абсолют шындық дәрежесіне көтерілуі нәтижесінде адамның санасы, түйсігі мен рухани факторларының қоғамдық прогрестегі орны мен маңызы кемсітілді.

Идеализм (грекше «идея» – ұғым, түсінік) – әлем мен адамның жаратылуында, табиғат пен қоғамның дамуында ойсана мен рухты, яғни материялық емес факторларды алғашқы деп санайтын философиялық көзқарастар кешені. Идеализмнің тарихы ұлы грек философы Платон ілімінен бастау алады.

XIX ғасырда қалыптасқан марксистік философияда материяның санаға, табиғаттың рухқа ықпалы абсолюттендірілді және идеализм мен материализм ортасында құрыш қабырға пайда болды. Бұл дүниетанымдар ортасындағы қарым-қатынас саясиландырылып, материализм озық, прогрессіл күштердің, ал идеализм артта қалған, кертартпа күштердің идеологиясы ретінде бір-біріне қарама-қарсы қойылды. Осынау екі көзқарас та адамзаттың материалдық және рухани кемелдігінде бірдей маңызға ие болғанына тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады.

Президентіміз Ислам Каримов рухани және материалдық өмірдің өзара тығыз байланысты жақтарын сипаттай отырып, төмендегідей маңызды пікірлер білдіреді:

«Мына көне дүние, біз сүріп отырған өмір бірегей, біртұтас болмыс болып табылады. Солай болған соң, материалдық сұраныстарды адамның жан дүниесіне қарама-қарсы қою, олардың біреуін жоғары деп санай отырып, тіршіліктің негізгі мақсаты ретінде қабылдау әлдеқандай біржақты көзқарастың бейнесі десек, жаңсақ емес»[1].

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 66–67-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Әрине, адамдардың тұрмыстық жағдайы өзгерген соң, олардың материалдық әлем жөніндегі түсініктері, көзқарасы, ұғымдары, әдеп пен ақылақ нормалары, тіпті ойлау салты да өзгеруі мүмкін. Рухани салауатты қоғамда бұндай өзгеріс адамдардың ортақ мүдделері негізінде, тұрмысты одан әрі көріктендіру және қолайлыландыру мақсатында жүзеге асады. Былайша айтқанда, адамның жақсы өмір сүруі де әрі материалдық, әрі рухани қамсыздандырудың мінсіз болуына, өмірдің қос қайнарына бірдей назар аударылуына тығыз байланысты.

Өзің куә болғаныңдай, тәуелсіздік жылдарында елімізді әрі экономикалық, әрі мәдени-ағартушылық тұрғысынан бірдей құдіретті мемлекетке айналдыру жолында аса үлкен іс-қимылдар жүзеге асырылып жатыр. Экономикалық мүмкіндіктердің арта түсуі халқымыздың молшылықта өмір сүруіне, тұрмыстық және мәдени өмір деңгейінің кемелденуіне кепіл болып келеді. Тек қалаларда ғана емес, ауылқыстақтарда, сонау шалғайдағы елді мекендерде де бірі екіншісінен де көрікті мектептер мен колледждер, мәдениет ошақтары, емханалар, халықтың тұрмыстық қажетін өтеу және сауда тармақтары бой көтеріп, тақтадай тегіс асфальт жолдар, сәулетті үйлер, бақтар мен саяжайлар құрылып жатқаны осы кемелденудің іс жүзіндегі айғағы болып табылады. Ата-аналар отбасы қаражатынан үнемдеп, перзенттерінің озық ғылым жетістіктерін, керекті кәсіптер мен өнерлерді игеріп алуына, ұлттық және әлемдік мәдениеттің озық үлгілерінен ризық алуына қаржы салуды өздерінің тәрбиешілік міндеті деп санайтын болды. Осының арқасында жастарымыз тек киімінің бүтін, қарнының тоқ болуын ғана ойламастан, рухани-ағартушылық сұраныстарын дер кезінде қанағаттандыруды көздеп, жалықпай ізденуде.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Барша қолайлылықтары бар ағарту ошақтарында өсіп келе жатқан Өзбекстан перзенттері бірде ғылым мен білім бағыты бойынша, бірде спорт яки мәдениет бағытында өткізіліп жатқан ең беделді халықаралық сайыстарда барған сайын көбірек жүлделі орындардан көрініп жүргені де елімізде материалдық және рухани өмір салаларын бір-бірімен үйлестіре дамытуға бағытталған назардың жемісі болып табылады.

Сен күн сайын көріп-біліп жүрген бұл мәселелерге назарыңды тағы да аударып отырғанымыз тегін емес. Гәптің мәнісі сол, бұрынғы кеңестік жүйе ыдырап кеткен соң пайда болған көптеген мемлекеттерде, сондай-ақ әлемдегі басқа мемлекеттерде де бұл мәселеге жеткілікті мән берілмеуі себепті қайғылы оқиғалар көбейіп, қоғам өміріне іріткі салатын келеңсіз көріністер жиілеп кетті. Кейбір Батыс мемлекеттерінде, тіпті бізге таяу орналасқан мұсылман мемлекеттерінде де тек саяси және экономикалық проблемалар ғана үстем мәселе ретінде қаралып, жастар тәрбиесінің заман ағымында қалып қойғаны көптеген ренішті жағдайларды туындатып отыр. Жастар ортасында ұлтшылдық, нәсілшілдік, діни содырлық, ақылақтық бұзылу, есірткіқұмарлық рәуішті қауіпті дерттер ірінді жарадай тамыр жайып келеді. Соның салдарынан кейбір елдерден алынған күнделікті хабарларда мемлекеттің немесе жеке тұлғаның мал-мүлкін талан-таражға салу, машина ұрлау, банктерді тонау үдерісінде көптеген жазықсыз адамдардың, тіпті бұндай оқиғаларға кездейсоқ куә болғандардың да өлтіріліп жатқаны, бұндайда не балаға, не қарт адамға аяушылық танытылмағандығы айтылуда.

Сондай-ақ өзін демократияның насихатшысы, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз еткен озық та бай қоғам деп санайтын кейбір мемлекеттерде тек шетел азаматтары ғана емес, тіпті сол

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

елдің азаматтары да тәнінің ақ-қаралығы, тілі мен діні басқа болғандығы себепті кемсітіліп жатыр, тіпті хайуандықпен таяқ астына алынуда. Ал бұл материалдық тұрғыдан қамсыздандырудың жалғыз өзі қоғамның тұрақтылығына кепіл бола алмайтынын айқын көрсетеді.

Өткен ұрпақтардың рухани-ақылақтық құндылықтарына менсінбей қарау, «бұқаралық мәдениет» бетпердесі астындағы мәдениетсіздік, адамдық әдеп пен ұяттың мөлшерлері мен шектеулерінен еш тартынбай, ойына келгенін істеу кейбір сол жерлік жастардың күнделікті тұрмыс-салтына айналып барады.

Елбасымыз нақ сол індеттер біздің өмірімізге де кіріп келе бастаған кезеңде – өткен ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде-ақ бүкіл қоғамды оларға қарсы күресуге шақырған болатын:

«Әңгіме сол туралы болған соң, «бұқаралық мәдениет» проблемаларына да айрықша көңіл бөлуге тиіспіз. Кейбір адамдарда рақат пен ләззатқа бөленіп өмір сүру, зорлық пен зомбылық, арамдық пен астамшылық рухы билік құрады. Кейде әдепсіздік пен арсыздықтан, көңілді айнытарлық дәрежедегі көріністерден адамдардың зығырданы қайнауда. Олар сан ғасырлық дәстүрлеріміздің, адалдық, ұждандылық, әдептілік саласындағы халық жоралғыларының аяқ асты болғанын айтып, өздерін қорғауды өтінуде.

Ғажайып мәдени дәстүрлер иесі болған халқымызды рухани азғындаудан және дөрекі арамзалықтан қорғау үшін заң шығару жолымен болса да қатаң шаралар қолдану керек»[1].

Өкініштісі сол, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары – халықаралық ғаламтор тармағы, шетелдік телеарналар, түрлі электронды қайнарлар арқылы бұндай жүгенсіз тұрмыс салты біздің өмірімізге барған сайын күштірек қауіп төндіріп келеді. Әсіресе ақ пен қараны әлі айыра алмайтын кейбір жастардың бұндай шабуылдардың құрбанына айналу қаупі бар. Сондықтан сенің де әлемде болып жатқан оқиға-құбы-

[1] **Ислам Каримов**. O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. –T.: «O‘zbekiston» БПШУ, 2011 жыл, 160-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

лыстарға өткінші, бізге қатысы жоқ нәрсе деп қарамастан, олардың келіп шығу себептеріне, түпкі негіздеріне тереңірек үңіліп, тиісті қорытынды шығаруың өте маңызды. Бұл мәселеге тұрақты назар аударып отырған Өзбекстан Президенті айтқандай:

«Тек шынайы білімді адам ғана адамның қадірін, ұлттық құндылықтарды, қысқасын айтқанда, өздігін тануы, еркін де азат қоғамда өмір сүруі, тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастықтан лайықты да абыройлы орын алуы үшін жанқиярлықпен күресуі мүмкін»[1].

Әне, енді ойланып көрейік: адам қашан шынайы білімді болады? Қашан адам қадірін, ұлт құндылықтарын, өздігін ұғынады?

Қашан ол өзін қоршап тұрған мына өмірге біржақты қарамаса, оны бүкіл күрделілігімен, біртұтастығымен қоса қабылдаса. Ол адамзаттың әрі материалдық, әрі рухани дамуының тарихын тереңірек таныса, өзінің тек материалдық қана емес, рухани әлемі де кемелденіп, кеңейіп отыруы үшін тұрақты жан күйдірсе.

Дана халқымыз «Бос қап тік тұрмайды», «Әуелі тағам, сосын кәлем», «Аш адам өзін отқа да, суға да тастайды», «Көзі тоқтың – жүзі тоқ» сықылды мақал-мәтелдермен бірге «Бидай наның болмаса да, бидай сөзің болсын», «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын», «Диірменде тұлған тышқанның пейілі кең», «Биік атақ биік үйден де ұлық» секілді өнегелі сөздерді ғасырлар бойы тарихи жадында сақтап, солар негізінде өмірге баға беріп келе жатқаны тегін емес.

[1] **Ислам Каримов.** Yoshlarimiz – xalqimizning ishonchi va tayanchi. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2006 жыл, 49-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Міне, осындай көзқарастар біздің өлкемізде атам заманнан-ақ материалдық және рухани өмір талаптарын тең қанағаттандыруға, адамдардың тұрмысын қос тұрғыдан бірдей қамтамасыз етуге зор маңыз берілгенін дәлелдейді.

Елбасымыз халықтың бұл саладағы құнды тәжірибелерін, өмірлік көзқарастарын қорыта отырып, төмендегідей маңызды тұжырым жасайды: **«Адамға тән арман-ұмтылыстарды жарыққа шығару, оның саналы өмір сүруі үшін қажет болған материалдық және рухани әлемді бейне ұшып жүрген құстың қос қанатына теңесек, орынды болады деп ойлаймын»[1].**

Шынында да осынау қос маңызды фактор өзара үндессе, шын мәніндегі қос қанатқа айналса, сонда ғана адамның, мемлекет пен қоғамның өмірінде өсу мен өзгеру, кемелдену үдерістері орын алады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуелсіз елімізде дамудың осынау қос қанаты – әрі материалдық, әрі рухани салаларды әр тұрғыдан өркендету, жетілдіру бағытында ұлы тарихи істер жүзеге асырылып жатыр, бұл мықты қанаттар халқымыз бен мемлекетімізді ұлы келешекке қарай аман-есен жеткізетініне еш шүбә жоқ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Материализм» жақтаушылары әлемнің, адамның, қоғамның пайда болуын қалай түсіндіреді?
2. «Идеализм» жақтаушылары ше?
3. Президентіміз неліктен бұл көне дүниені, біз сүріп жатқан өмірді бірегей, біртұтас болмыс деп атады?
4. Тәуелсіздік жылдарында халық өмірінің әрі материалдық, әрі рухани салаларын өркендету бойынша қандай істер жүзеге асырылды?
5. Материалдық және рухани өмір салаларын тең дамытуға айрықша назар аударылуының себебі неде?

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 67-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІР ҮНДЕСТІГІ

(Практикалық сабақ)

Бұл жолғы практикалық сабақ Елбасының «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» шығармасының 65–70-беттерінен орын алған пікірлерді толық оқуға және талқылауға арналады. Ең алдымен, автордың материализм және идеализм ілімдерінің пайда болу тарихы туралы ой-пікірлеріне оқулықта арнайы терминдермен берілген сипаттамалар арқылы кеңірек шолу жасаған орынды. Содан соң кеңес заманында материалистік көзқарасты жоғары қоюдың нәтижесінде пайда болған, адамның рухани құндылықтарын, әсіресе оның ұлттық және діни сезімдерін менсінбеудің ұнамсыз салдары өмірлік мысалдармен түсіндіріледі. Мәселен, «Узбеккино» Ұлттық агенттігі түсірген «Уртоқ Бойкенжаев» атты көркем фильмде бейнеленген аянышты әрі күлкілі тарихи үзінділерді талдау арқылы кеңестік саясаттың адамгершілікке жат мән-мазмұнын ашып беруге болады. Яки «Темір әйел» көркем фильміндегі адам мен оның тағдырына тек материалдық байлық жаратуға тиісті машина сияқты қарым-қатынастың суреттелуі, ал адамның жан дүниесі, рухани сұраныстары аяқ асты болғаны жөнінде тұжырымдар жасаған жөн.

Жалпы алғанда, адам баласының материалдық және рухани сұраныстарын бір-біріне қарсы қою, ақыр соңында қоғам өмірін дағдарысқа соқтыратынын дәлелдейтін тарихи мысалдарды практикалық сабақта көбірек келтіруге болады.

Сабақ барысында Елбасымыздың төмендегі пікірлеріне арнайы тоқталу, оларды практикалық мысалдар көмегімен кеңірек шолуды ұсынамыз:

«Біз экономикалық оңалу, экономикалық тіктелу, экономикалық даму үдерістерінің рухани тазарумен,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

рухани кемелдену іс-қимылдарымен бүтіндей үндесіп дамуын әрқашан мемлекет пен қоғамның басты назарына қойып келеміз»[1].

Осы қағидат негізінде дамып келе жатқан Өзбекстанда азаматаралық, ұлтаралық, дінаралық өзара ынтымақтастықтың қамтамасыз етілгені, қоғамда адам тағдырының, құқықтары мен бостандықтарының қадірленіп жатқаны бүкпесіз ақиқат. Кейбір елдерде нарықтық қатынастарға өту үдерісінде халықтың бірен-саран топтары арасында өзара теңсіздіктің күшейгені, құлқынқұмарлықтың арта түскені, соның салдарынан аталмыш қоғамдарда «Бай байға бағады, су сайға ағады» деген сияқты көзқарастар басым болып отырғанын жасыру қисынсыз.

Бұдан шығатын қорытынды сол, біздің елімізде материалдық және рухани үдерістердің өзара тең әрі үйлесімді түрде дамытылуы саяси-әлеуметтік тұрақтылық пен дамудың берік кепілі болып қызмет етіп жатқанын айрықша атап өткен орынды.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында сурет салуға қабілетті оқушылардың көмегімен үлкен қағазға қанаттарын кең жайып ұшып бара жатқан құстың суретін салу, оның бір қанатына материалдық өмірге байланысты ұғымдарды, ал екінші қанатына рухани өмір құндылықтарын жазып шығу тақырыпты жақсы меңгеріп алуымызға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 69-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АДАЛ ЕҢБЕК – РУХАНИ КЕМЕЛДІК КЕПІЛІ

Қымбатты оқушы, егер қоршаған ортаға ден қоя көз салсаң, өзің үшін, алдағы өмірің үшін үлгі-өнеге болатын бірталай нәрселердің куәсі боласың. Аяғыңның астына қара: жүздеген, тіпті мыңдаған құмырсқалар тыным таппай еңбек етіп, қажетті нәрселерді ұясына қарай тасып жатқанын көресің. Біреуі қиналса, оған екіншісі, үшіншісі көмекке келе жатыр, бірде-біреуі шетке шығып, «қол қусырып» отырған жоқ. Олар үшін жер астындағы осы шағын ғана орын отан есебіне өтеді. Осы арада тыныш, алаңсыз, жайбарақат өмір сүру ниеті оларды аяқтарынан тік тұрғызып, кіп-кішкене болмыстарына мұқалмас жігер, қылдай аяқ-қолдарына қайтпас қайрат берген. Біздіңше, бұлар – «санасыз», «ақылсыз» құмырсқалар ғана.

Ал сені мен біз АДАМ деген атты ардақтауға, барынша ақтауға тиіспіз.

Бұл орайда тағы да ұлы ақын бабамыз Әлішер Науаиға жүгінеміз. Ол барлық адам баласына былайша үгіт айтады:

Тұқым жерге кіріп шешек болды,
Құрт жанын қиып жібек болды.
Лала тұқымындай қайратың жоқ па,
Піллә құртындай құрметің жоқ па?

Лала қызғалдағының тұқымын сен көрдің бе, көрмедің бе: ол – өте майда ұрық. Ауылдық жерде жасайтын оқушылар көктемде әкеліп, тұт жапырағымен бағатын жібек құртының қолға жұқ болмайтын дәрежеде өте нәзік, дәрменсіз болатынын жақсы біледі. Қарашы, лала қызғалдағының тұқымы қара жерге кіреді де, күндердің күнінде табиғатты құлпыртып, адам көңіліне қуаныш ұялататын шешекке – гүлге айналады. Ал піллә құрты өз жанын қиып, денесіне нәзік жібек

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

талшығын орайды. Дүние халқы одан тамаша көйлектер тігіп, адамдық көркін безендіреді...

Балапандарын бағу, күтіп-баптау, түрлі сыртқы шабуылдардан қорғау жолында зар қаққан құсты, нәсілін сақтап қалу үшін жанын пида етіп әрекет жасап жатқан басқа да құстар мен тіршілік иелерін айтпай-ақ қоялық. Ұлы ойшылымыз адам баласын осы нәрселерден үлгі алуға шақырады.

Кейбір арамтамақ, «берсең – жеймін, ұрсаң – өлемін» дейтін кейіппен күн өткізетін адамсымақтарға «лала тұқымындай қайрат, піллә құртындай құрмет» тілейді!

Расында да саналы, ақылмен ұйымдастырылған еңбек қана адамдық қоғамның гүлденіп-дамуына, азаматтардың нағыз адамша өмір сүруіне негіз бола алады. Нақ осы еңбек арқылы адам өзінің материалдық және рухани сұранымдарын қанағаттандырады. Еңбек арқылы адамның таланты, қабілеті, білімділігі жарыққа шығады, көрінеді. Еңбекпен шұғылдану үдерісінде адамның дүниетанымы кеңейеді, білімі артады, денесі шынығады, рухани тұрғыдан қалыптасуы мен кемелденуі жеделдейді.

Адам еңбегі ой еңбегі және дене еңбегі болып бөлінеді. Олардың арасына жасанды бөгет орнатып, бір-біріне қарсы қою мүлдем орынсыз.

Керісінше өз өмірінде еңбектің осы екі түрін үйлестіре қолданған адам жан-жақты біліктілікке қол жеткізеді. Ой еңбегі адамның ақыл-есін шыныктырып, түйсігін дамытса, дене еңбегі оның кемел де салауатты болып өсуіне негіз қалайды. Бұндай адамдар еңбекте шынығып, ел-жұрты мен жанұясының абырой-құрметіне бөленген, өз еңбегімен қатар өзгелер еңбегін де қадірлей білетін азаматтар болып саналады. Сен «Әдебиет» пәні арқылы әрі ой еңбегімен, әрі дене еңбегімен шұғылда-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

нып, ұлы шығармалар жаратқан өзбек және әлем қаламгерлері жөнінде жеткілікті мәлімет алғансың. Екі еңбек түрінің үндестігіне қол жеткізген бұл жазушылар шығармаларының халықшылдығының, тартымдылығының сыры да сонда жатыр.

Керісінше еңбекті сүймейтін адамдар да бар. Демек, ол өзін де сүймейді. Бұндай адамдардың жалқаулығы, еріншектігі ақыр соңында оның білімсіз, мәңгүрт болып қалуына себеп болады. Нақ сондай адамдар қарнын тойғызу, амалдап күн өткізу жолында жүріп әр түрлі қылмысқа, опасыздыққа барады.

Жалқаулық – адам өмірінің, келешегінің зауалы, жар жағасына апаратын негізгі жол болып табылады. Әсем де ауқатты өмір сүру үшін бар мүмкіндіктерді іске қосып, кәсіп пен өнер үйрену, қайрат-жігермен еңбек ету керек.

Бақыт, байлық, абырой мен атақ, жайбарақат өмір өзінен-өзі келмейді. Өмірдегі барлық зейнеттерге адам тек өзінің ақыл-зейінімен, адал еңбегімен ғана қол жеткізе алады.

Отбасының материалдық және рухани хал-ахуалы да еңбек арқылы жақсарады. Жанұя мүшелерінің беделі, ауыл-аймақтағы абыройы, өзгелердің оларға деген қарым-қатынасы да төгілген маңдай тер мен адал еңбектің нәтижелеріне байланысты. Күндердің күнінде адам дүние салса, оның еңбегі, пайдалы істері жақсы ниеттермен еске алынады. Ата-ананың отбасындағы перзенттеріне үйреткен еңбек сабақтары, кәсібі мен өнері ұрпақтары үшін берік сүйеніш болып қала береді.

Адам тек қара жұмыстың ғана иесіне айналып қалмау үшін жастайынан-ақ кәсіп пен өнер үйренуге құнт жасауы керек.

Алынған мәліметтерге жүгінсек, әлемде 50 мыңнан астам кәсіп пен өнер бар, олар жер жүзіндегі халықтың тұрмыстық сұранымдарын қанағаттандыруға қызмет етеді.

Әрбір адам белгілі бір кәсіпті яки бірнеше кәсіп пен өнерді иелеуі мүмкін. «Жігітке қырық өнер де аз» деген нақылдың мазмұны өте терең. Өйткені адам кезекті бір мамандықты, білімді иелеген сайын, өмір деп аталатын теңіздің қаншалықты терең екенін сезіне береді. Қазақ халқының кемеңгер ақыны Абай атамыз:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан, –

деп, өнер мен білім үйрену үшін іздену керек екеніне, соның арқасында өмірден өз орныңды табатыныңа, ешқашан қор болмайтыныңа ишара жасайды.

Әрине, әрбір мамандықтың, кәсіп пен өнердің өзіне тән қиындығы мен қуанышы, реніші мен рақаты бар. Жастық шақта тыңғылықты меңгерілген өнер мен еңбек білігі адам өмірінің соңына дейін молшылықта өмір сүруіне кепіл болады. «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық», «Өнерлі ер қор болмас, бір үзім нанға зар болмас», «Өнерліге өріс кең», «Талапты ерге нұр жауар» дейтін мақал-мәтелдерде де адамның ырыс-несібесінің молшылығы өнердің арқасында келетіні айтылады.

Өнер – соншалықты мықты байлық, оны ұрлау да, өртеу де, жойып жіберу де мүмкін емес.

Көпті көрген ғұламалар жастайынан-ақ өнер иелеудің пайдасы мен қасиеті туралы құнды ой-пікірлерін білдірген. Мәселен, данышпан Сағди өзінің «Гулистон» атты шығармасында перзенттеріне арнап мынадай насихат айтады:

«Әзиз балаларым, өнер үйреніңдер, өйткені мал-дүние жинауға сенім жоқ, алтын мен күміс сапарға шыққанда өте қауіпті болады. Оларды қарақшы ұрлап кетеді немесе иесі ішіп-жеп тауысады. Десек те өнер – қайнар бұлақ, сарқылмас байлық, егер қолөнерші мал-мүлкінен айырылып қалса, оны көп уайымдамайды. Себебі өнердің өзі тұнып тұрған байлық. Қолөнерші қайда барса да қадірленеді, оған төрден орын беріледі. Ал өнерсіз адам үнемі қиналып өмір сүреді, қайыршылық етіп күн көреді».

Сен бірер мамандықты иелеу үшін ұстаз-шәкірт дәстүрлерін білуің керек. Өйткені «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дейді. Ұстаз көрмеген шәкірттің ісінде не өнім, не тиімділік болмайды, ал сапа туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Өз өнерінің сыры мен қырын жетік білмейтін адамның қолынан шыққан өнімнің де сапасы төмен болып, сатып алушылары азайып кетеді.

Ұстазының шәкіртіне қаталдау болуы, талап қойғыштығы, өз уақытында ынталандырып тұруы немесе жазалауы келешекте нағыз өнер иесі болып қалыптасуына септігін тигізеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сондықтан да ұстаздың азын-аулақ ескертуінен ренжіп, шеберхананы тастап кету сорақы әлсіздіктен басқа ештеңе де емес. Өйткені ұстаз бір шындықты сенен гөрі жақсырақ біледі – шәкіртке шектен тыс мейірімді болу, аяушылық білдіру, бетіне тік айтпау оны ортақол кәсіп иесі етіп қояды. Сол себепті ұстаз өзінде бар білім мен тәжірибені шәкіртіне сабыр-тағатпен дарытуға, өз өнерін жалғастыратын нағыз ізбасар дайындауға бар күшін салады. Өйткені әрбір шынайы ұстаздың көкейінде ұлы ағартушы, көрнекті ақын атамыз Ыбырай Алтынсариннің төмендегі сөздері сайрап тұрады:

Өнер, білім дегенің,
Оқуменен табылар.
Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылар, –

деген ол әрбір мамандықты иелеу үшін көп оқып, өнер үйрену қажеттігін меңзейді. Ал бұлардың барлығын, әрине, ұстаз үйретеді.

Шәкірт ұстазын құрметтесе, айтқанын бұлжытпай орындап, білмегенін сұрап отырса, бұл шәкірттің шеберлігі шыңдала береді. «Ұстаздан шәкірт озар» деген нақыл да соған байланысты айтылған болуы керек. Ұстазды құрметтеу арқылы шәкірттің өзі үйренуге ден қойған кәсіпке деген сүйіспеншілігі де, сенімі де күшейеді. Бұлардың барлығы қосылып, еңбек және кәсіп-өнер мәдениеті деп аталады.

Сен мектепте алған білімдеріңнен жақсы білесің, өзбек халқы ежелден-ақ өзінің еңбексүйгіштігімен, нанын адалдықпен табатынымен танылған. Халқымыздың егіншілік, зергерлік, оюшылық, теміршілік, шаруагерлік, тігіншілік, тас өңдеушілік, ағаш шеберлігі, құмырашылық, бағбандық, кестешілік, тоқымашылық, тақия тоқушылық, сандықшылық, бесікшілік, етікшілік және басқа жүздеген қолөнершілік

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

өнімдері өзінің қайталанбас әсемдігімен, тартымдылығымен әлем халықтарын таңдандырып келеді.

Самарқант, Бұхара, Хиуа қалаларындағы ежелгі, бірі екіншісін қайталамайтын жәдігерліктер, Хиуа құмырашылығы, Қоқан мен Әндіжанның ағаш шеберлігі, Үргіт кестешілігі, Ферғана аңғарының тақиялары, Бұхара зерлері, әрбір аумаққа тән сәулеткерлік мектептері өзбек халқының кәсіп-өнер мәдениеті қаншалықты жоғары екенін дәлелдейді. Қолөнершілер әулеттерінің, олар еңбек етіп, өмір сүретін гузарлар мен махалладардың пайда болуы, бұл жерлердің белгілі бір кәсіп пен өнер атымен аталуы («Оқшы», «Теміршілік», «Тоқымашы», «Бесікші» т.б.) да тек біздің елімізге тән ерекшелік болып табылады.

Біз орнатып жатқан, еркін нарықтық экономикаға негізделген жүйе жағдайында өнер иесі болу аса маңызды өмірлік қажеттілікке айналды.

Еліміз жастар мемлекеті болғандықтан, олардың барлығына дер кезінде әрі жеткілікті мөлшерде жұмыс орындарын жасап беру оңай міндет емес. Соны ескере отырып, сонымен қатар нарық талаптары мен ұсыныстары негізінде жастар жағы алуан түрлі кәсіптер мен мамандықтарды иелеуге ұмтылуға тиіс. Осы мақсатқа орай елімізде жүздеген кәсіптік-техникалық колледждер салынды, жыл сайын тағы ондаған жаңалары іске қосылуда.

Жас адамның өзіне лайықты кәсіп пен өнер таңдауына да бірінші кезекте ұстаз әрі кеңес беруші оның ата-анасы болады. Адам иелейтін мамандық оның жынысына, қызығуына, қабілетіне, денсаулығына, отбасы мен қоғамның сұраныстарына сай болуы керек. Кәсіп пен өнер таңдау әркімнің өз еркінде. Сонда ғана адам өзі ұнатқан мамандығына мейір қояды, бейнеті қаншалықты ауыр болса да, шаршамайды, налымайды. Бұндай адам өзі және өзгелер жаратқан өнімдердің қадіріне жетеді, адал еңбегі арқасында табылған байлықты ойлап, оны үнемдеп жұмсауға дағдыланады.

Өкінішке орай өмірде сондай ата-аналар да кездеседі, олар перзенттерінің бейімділігін, қабілетін ескермей, оны өздері ұнатқан мамандықты иелеуге мәжбүрлейді. Соның нәтижесінде оқу ордасын құлықсыз, қызығусыз бітірген жас маман өз мамандығы бойынша терең білімге, қажетті біліктілікке

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ие болмастан, өзіне ұнамайтын салада амалсыз еңбек етеді. Оның еңбегінде өнім де, сапа да болмайды. Бұндай маманнан отбасы да, қоғам да пайда таппайды. Керісінше бұндай біліксіз қызметкердің кесірі басқалардың өміріне, тағдырына кері әсерін тигізуі де ықтимал. Бұндай жағдай әсіресе медицинада, құқық-тәртіп, сауда салаларында жиі кездеседі. Науқас адамды көрсе, мұрнын тыржитатын қыздар мен жігіттердің қалай болса да дәрігер, медбике болуға ұмтылыстарының соңы немен аяқталатынын біліп тұрған шығарсың. Өкініштісі сол, осылайша мойнынан жіпсіз байланып, өзі ұнатпайтын мамандықтың иесі болған адамдардың біліксіздігі, жауапсыздығы, кейде ашықтан-ашық ұждансыздығы салдарынан бейкүнә адамдар өмірден мезгілсіз көз жұмуы мүмкін.

Демек, кәсіп-өнер таңдау, оны аяғына дейін құнт қойып үйрену жеке бастың ісі ғана емес, жалпы қоғамның тағдырына да қатысты мәселе екен.

Түптеп келгенде, өнердің жақсы-жаманы болмайды, маңыздысы сол, таңдалған кәсіп пен өнерге мейір қойып, қырсырына қанық болу басты міндет екенін ұмытпау керек. Өйткені ата-ананың байлығымен, мансап-лауазымымен ұзаққа бара алмайсың. Басына тауқымет түскенде немесе қиыншылықтарға бетпе-бет келгенде, перзентті тек қолындағы өнері мен адал еңбегі ғана сақтап қалады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Мынаны естен шығарма, жалқаулық, сасқалақтық, енжарлық секілді дерттер қолөнершіліктің, сондай-ақ кез келген еңбектің жауы болып саналады.

Жүзеге асырылатын әрбір іс жан-жақты ойланып, тыңғылықты түрде орындалуға тиіс. Қысқа уақыттың ішінде, асығыс, шала-шұрпы атқарылған жұмыстың тиімділігі де, сапасы да төмен болады.

Әрбір өнерді ойдағыдай иелеу үшін бүгінгі істі ертеңге қалдырмау керек, өйткені ертеңгі күннің өз жұмыстары болады. Күнделікті өмірде шала-шұрпы орындалатын жұмыстар болмасын десең, әр күнгі жұмысты өз уақытында орындауға дағдыланған жөн.

Бірер затқа не бұйымға жете көңіл бөлініп, бар шеберлікті іске қоса отырып жасалған жағдайда ғана ол елдің назарына ілігеді. Олай болмаса, еңбегіңнің өнімінен өзің де, өзгелер де ләззат ала алмайды.

Кез келген жұмысқа тек жеке сұранысты көздеп емес, қоғамның, халықтың мүдделерін ойлап, шын ықыласпен кіріскен мақұл. Өнер иесінің көңіл күйі де оның қолынан шыққан еңбек өнімінің сапасына ұнамды немесе кері әсерін тигізеді. Қаншалықты күрделі болса да, көтеріңкі көңіл күймен жүзеге асырылған жұмыс жеңіл әрі сапалы орындалады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өнердің иеленген сырларына қанағаттанбай, оның әлі ашылмаған қырларын іздеу, өз біліміңді үздіксіз жетілдіру және адал еңбек ету шебер маман болып шығудың маңызды факторы болып табылады. Өйткені бір жерде тұрып қалған бұлақтың зәмзәм суы да айнуы мүмкін.

Өз үйінің, елінің абаттығы мен тоқшылығы жолында әрекет жасамайтын адам рақат та, ізет те көре алмайды. Бұл жөнінде Абдулла Авлони атамыз былай деп ашына жазған:

«Қайрат-жігер болмысымызға қуат береді, жауапты әрі бақытты болуымызға үлес қосады. Сондықтан да әрқайсысымыз сақадай сай тұрып, өз күшімізбен қажетімізге керекті нәрселерді тауып, өзгелерге мұқтаж болмай өмір сүруіміз керек. Денсаулығымыз, игілігіміз, сәулетіміз, қанағатымыз, сабыр-төзіміміз, қасиеттеріміз, яғни бүкіл өміріміз іс-әрекетімізге байланысты. Әрекетсіз адамдар көп нәрседен мақрұм болады. Олар өзгелердің жәрдеміне мұқтаждыққа ұшырап, оқшауланып қалады. Адам баласы жас кезінде білім мен ағартуға, кәсіп пен өнерге мойын бұрмаса, дайындық жасамаса, қара жұмысшы болып қалары күмәнсіз»[1].

Ұлылардың бұндай сөздерін ұмытпай, оларға жан-тәнің мен сүйенуің керек. Әне, сонда ғана қайрат-жігерлі ұлт, өнерлі ел екенімізді бүкіл әлемге паш ете аламыз.

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Еңбек тәрбиесі адамның дұрыс қалыптасуында қандай рөл атқарады?
2. Ой еңбегі мен дене еңбегі ортасындағы өзара байланыстылықты кімдердің қызметінен байқадың?
3. Үйіңде қандай мамандық иелері бар? Өзің қандай мамандық иесі болуды қалайсың?
4. Қоғамымыздағы адамдар ортасында құрмет пен ізетке лайықты өнер иелерінен кімдерді білесің?
5. Еңбекті және еңбексүйгіштікті ұлықтайтын халық мақалмәтелдерінен 10-ын дәптеріңе жазып кел.
6. Облысың мен ауданында қызмет көрсетіп, еліміздің экономикасын кемелдендіруге үлес қосып жатқан кәсіп-өнер иелерінің еңбегін сипатта.

[1] **Абдулла Авлони.** Таңдамалы шығармалары. 2 томдықтың 2-томы. – Т.: «Маънавият» баспасы, 2006 жыл, 45-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

РУХАНИ ЕРЛІК

Қымбатты оқушы, сен көптеген кітаптарда, көркем және құжатты фильмдерде өз өмірін қауіп астында қалдырып, жанып жатқан үйден нәрестені алып шыққан, суға батып бара жатқан адамды құтқарған, жау оғынан тайсалмай тік барып, қаруластарын ажалдан аман алып қалған, шекараны арамза жаулардан қорғауда өз жанын құрбан еткен адамдардың ерлігіне талай рет куә болғансың. Расында да бұндай ерлік, батырлық іс әркімнің де қолынан келе бермейді. Елбасы өзінің «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабының «Ең ұлы ерлік» деген тақырып қойылған соңғы бөлімінде біз жоғарыда тілге алған қаһармандық үлгілерін былайша сипаттайды:

«Көпшілік қатарында тек жағдай талап еткен кезде ғана шайқас алаңына атылып шығып, қаһармандық көрсету, әрине, оңай емес. Бұл үшін адамда үлкен жүрек, қайрат пен жігер, ең маңыздысы, өзіне, өзінің күш-құдіретіне берік сенім болуы керек»[1].

Елбасымыздың сөздеріндегі «тек жағдай талап еткен кезде ғана» деген ескертуге ерекше назар аударайық. Демек, бұндай түрдегі қаһармандықтар көбінесе төтенше, күтілмеген кезде, аяқ астынан пайда болады. Тіпті сол қаһармандықты жүзеге асырған адам да не істеп жатқанын соңына дейін ойланып үлгірмеуі мүмкін. Егер бел байлаған ісінің нәтижесін, салдарын алдын ала білгенде, бұл әрекетке кейбіреулердің жүрегі дауаламайтын да еді.

Бірақ мәселенің екінші жағы да бар. Төтенше жағдайлар мен күтілмеген құбылыстар күнделікті өмірде өте сирек кездеседі. Демек, бұндай ерліктер күн сайын емес, оқта-текте ғана

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 165-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

бой көрсетіп қалады. Бірақ бұл – сол өмір өмір күйінше, адамдар қызметінен бөлек жағдайда жалғаса береді дегені де емес. Яғни өмірдің бұндай жалғасы, әсіресе бейбіттігі, молшылығы көптеген адамдардың күнделікті қызметі, көзге жарқырап көріне бермейтін жанқиярлық еңбегі, мінсіз іс-әрекеттері арқылы пайда болады. Елбасымыз мәселенің осынау маңызды жағына назарымызды аударып, тұжырымдарын төмендегідей жалғастырады:

«Бірақ маған бұйырса, күн сайын, сағат сайын жанқияр болу, алға қойған мақсатына жету үшін өзін соңғы тамшысына дейін арнап, ең кішкене бөлшегіне дейін аянбай жұмылдыру, осы қасиетті тұрақты, күнделікті қызмет өлшеміне айналдыру – міне, нағыз қаһармандық осы деп айтқан болар едім»[1].

Өзің куә болғандай, Елбасы тек төтенше жағдайларда, оқта-текте болатын іс-әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар бүкіл қызметінің мән-мақсатына айналып кеткен белсенділікті өмір өлшемі деп санайтын адамдардың іс-қимылын нағыз ерлік, қаһармандық деп атайды. Бұл ерлік, жоғарыда айтылғанындай, адамдар көзіне әрқашан да байқала бермейді, ал айналадағыларға мүлде сезілмеуі де мүмкін. Дегенмен осындай жанқиярлық болмаса, оны біреуге айтып, мақтанбай-ақ өз өміріне тұрақты енгізілген үйреншікті іс деп санайтын адамдар болмаса, қоғам да, мемлекет те, адамзат та дамымайды, өркендеуден қалады.

Аталмыш жоғары өлшемдерді ескере отырып, Елбасымыз: **«Мына жарық дүниеде ең ұлы ерлік деген не деп сұраса, еш ойланып та отырмастан, ең ұлы ерлік – рухани ерлік деп жауап берсек, қателеспейтін шығармыз деп ойлаймын»[2]**, – деп ұғындырады.

Міне, сол ерліктің иелері ретінде адамзат ғылымы мен білімі, мәдениеті, азаттығы жолында өзін аямаған ұлы ғалымдар, ойшылдар, қолбасшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері асқан құрметпен тілге алынады. Олардың арасында:

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 165–166-беттер.

[2] Сол шығарма, 159–160-беттер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

– Шығыста «устоди аввал», яғни бірінші мұғалім деген құрметті атқа ие болған грек философы Платон (Афлотун);

– Бағдаттағы «Байтул-хикмада» («Ғылымдар үйі») және Хорезм Маъмун академиясында ұлы ғылыми ашылымдарды жүзеге асырған білікті ғұламаларымыз;

– Орта ғасырлардағы Еуропа ғылымының мақтанышы болып саналған Николай Коперник, Джордано Бруно, Галилео Галилей секілді ғалымдар;

– еліміздің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жанын құрбан еткен Нажмиддин Кубро, Жалолиддин Мангуберді, Әмір Темір сынды ұлы бабаларымыз бен ағартушы аталарымыз бар.

Мысалы, сен тарих, әдебиет сабақтары арқылы XX ғасырдың бас кезінде халқымыздың ағарту ісі мен мәдениетін кемелдендіру, экономикалық және саяси өмірін басқыншылар қанауынан азат ету жолында теңдесі жоқ жанқиярлық танытқан Махмудқожа Бехбуди, Абдулла Авлони, Фитрат, Қажы Муйин, Абдулла Қадыри, Чулпан, Нихони секілді қаламгерлердің өнегелі қызметімен танысқансың. Олар өз өмірлерін бәске тігіп, онсыз да тасып-төгіліп жатпаған жеке мал-дүниесін жұмсап, ел балалары үшін жаңа әдіспен оқытатын мектептер, ғибадатханалар, театр труппаларын, газеттер мен журналдар ұйымдастырған. Олардың бұндай іс-әрекеттері, бір жағынан, алдымен патша өкіметінің, сосын кеңес өкіметінің қысым көрсетуіне душар болса, екінші жағынан, білімсіздік батпағына батқан дүмше діндарлардың қатты қарсылығына ұшырады. Міне, осындай ауыр жағдайға қарамастан, халқының, ұлтының қамын ойлап жан күйдірген жанқияр бабаларымыз өз бағыттарынан, ізгі мақсаттарынан артқа қайтпаған. Осы күрестер үдерісінде олардың көпшілігі құрбан болды, еліміз тәуелсіздікке жеткенше есімдері жаманатты етілді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Елбасымыз тарихтың ауыр да қиын-қыстау сынақтарынан халқымыздың аман-есен өтуінде, оның боранды дауылдары арасында жоғалып кетпей, зауалсыз өмір сүріп келе жатқанында, өздігін, ежелгі құндылықтарын сақтап қалуында сол халықтың қаны мен сүйегіне сіңген осындай рухани ерлік сезімі шешуші рөл атқарғанын айрықша атап көрсетеді.

Бүгінгі таңда еліміздің барған сайын гүлдене түсуі мен экономикалық құдіретінің артуына лайықты үлес қосып келе жатқан, мыңдаған кәсіпорындарда, мекеме-ұйымдарда, шаруашылықтарда адал еңбек етіп, ризығымызды көбейтіп жатқан миллиондаған отандастарымыздың – ата-аналарымыздың, аға-әпкелеріміздің қызметіне Елбасымыз ерекше ілтипатықыласын білдіреді:

«Жеке өз басым еңбеккер және жасампаз халқымыздың өмірін, әсіресе қыстың қақаған аязы мен жаздың ми қайнатқан ыстығында да, көктем мен күздің жауынды-шашынды күндерінде де жерден ризық өндіру мақсатымен күнді-күнге, түнді-түнге ұлап еңбек ететін диқандарымыздың өмірін шын мәніндегі ерлік үлгісі деп санаймын»[1].

Сондықтан, қымбатты оқушы, сені мен біздің қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк болып, алаңсыз өмір сүруіміз үшін азап шегіп жүрген сол әзиз адамдар еңбегін қадірлеу, оларға қолдан келгенінше жәрдем беру, келешекте алатын білімдеріміз, ашатын жаңалықтарымыз арқылы олардың ауырын жеңілдетіп, ісінің тиімділігін арттыру жолымен ел әл-ауқатының одан әрі кемелденуіне үлес қосу біз үшін әрі парыз, әрі қарыз болып табылады.

Елбасымыз өзінің «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында нағыз рухани ерлік иелері ретінде үш бірдей отандасымыздың қызметіне жеке-дара тоқталып өткен.

Олар – әйгілі археолог ғалым, академик Яхия Ғұламов, Өзбекстан халық ақыны Зулфияханым және Өзбекстан Қаһарманы, әдебиеттанушы ғалым Озод Шарафиддиновтар.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 165-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Шығармада осынау жанқияр отандастарымыздың ерлікке толы, өнегелі өмірлері, жүзеге асырған салмақты ғылыми-шығармашылық істері шын жүректен әрі шынайылықпен баяндалған.

Сабағымызды аталмыш кітаптың «Ең ұлы ерлік» деп аталған бөлімінде келтірілген төмендегі маңызды пікірдің сипаттамасымен аяқтаған орынды.

Елбасы былай деп жазады: **«1991 жылдың 31 тамызы күні қолға енгізілген ұлттық тәуелсіздік – XX ғасырда халқымыз тарапынан жүзеге асырылған ұлы рухани ерліктің үлгісі болды десек, нағыз ақиқатты айтқан боламыз»[1].**

Шынтуайтында әрбір ұлт пен халықтың тағдырында оның кез келген қанаушылықтан азат болуы сынды, өз тағдырын өзі белгілеу құқығын қолға енгізуі сынды, дүние жүзі халықтары арасында тең мәртебені иелеуі сынды, бір сөзбен айтқанда, ұлттық тәуелсіздікке жетуі сынды үлкен құбылыс болмаған, болмайды да. Өйткені барлық салалардағы өсу мен өзгеру, халық пен мемлекеттің жетуі мүмкін болған барлық жетістіктері, оның әлемдік абырой-беделінің кемелденуі, ең алдымен, осы факторға тығыз байланысты.

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 170-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Біздің Отанымыздың мысалында айтатын болсақ, 130 жылдан астам уақытқа созылған қанаудан толық азат болуымыз, дүние жүзінің картасында Өзбекстан Республикасы деп аталатын егемен мемлекеттің пайда болуы, 1991 жылғы 31 тамызда Өзбекстанның бірінші Президенті Ислам Каримовтың ел тәуелсіздігін жариялауы шын мәніндегі тарихи құбылыс, ұлы рухани ерлік болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Рухани ерлік ұғымы өз мазмұнына жеке тұлға қызметіндегі қандай қасиеттер мен ерекшеліктерді жинақтайды?
2. Өткен тарихта өзінің қызметімен, ғылыми-шығармашылық ізденістерімен шынайы рухани ерлік үлгілерін көрсеткен қандай тұлғаларды білесің?
3. Сайыпқыран Әмір Темірдің рухани ерлігі нелерден көрінеді?
4. Елбасымыз тарапынан Өзбекстан Қаһарманы Озод Шарафиддиновтың өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметі неліктен рухани ерлік үлгісі ретінде бағаланғанын «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабынан оқып, біліп ал.
5. 1991 жылы 31 тамызда қолға енгізілген ұлттық тәуелсіздікті неліктен ұлы рухани ерлік үлгісі дейміз?
6. Өзің жасайтын жерде еңбек етіп, шығармашылықпен шұғылданатын адамдардың өмірінде рухани ерліктің қандай белгілері бар екенін баяндап бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тапсырма: **«Ең ұлы ерлік»** тақырыбы бойынша реферат дайында.

Оны дайындау барысында төмендегі мәселелер бойынша тәуелсіз пікір жүргізуге тырыс:

– «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында Елбасымыз білдірген пікірлер мен тұжырымдар (шығарманың 159–170-беттері);

– төтенше жағдайларда, орын алған жағдайлардың талап етуіне байланысты ерлік пен қаһармандық көрсету де адамдық ерлікке мысал болатыны;

– Отан тарихында әділет пен ақиқат, ел-жұрт азаттығы жолында өнегелі істерді жүзеге асырған адамдардың қызметі;

– Тумарис пен Ширақ сынды ұлттық қаһармандардың жүрегіндегі рухани ерлік сезімі;

– ғылыми-шығармашылық ерлік үлгілері;

– әйгілі археолог, академик Яхия Ғұламов, Өзбекстан халық ақыны Зулфия, Өзбекстан Қаһарманы, әдебиеттанушы ғалым Озод Шарафиддиновтар қызметінің бүгінгі жастар дүниетанымын салауатты қалыптастырудағы маңызы;

– Өзбекстанның тәуелсіздікке қол жеткізуінде Елбасымыз көрсеткен рухани ерліктің тарихи маңызы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Қымбатты оқушы! Міне, соңғы үш жыл бойы сен сүйікті мектебіңнің бауырында ұстаздарыңнан және оқулықтардан «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәні бойынша терең білім алдың. Осы жылдар барысында сенің тек бойың ғана месе, ойың да, дүниетанымың да, түсінік-ұғымдарың да, рухани әлемің де өсті, ұлғайды. Тәуелсіз мемлекетіміз бен халқымызды ұлы келешекке қарай жұмылдыруда маңызды фактор болған ұлттық идеяның мән-мазмұны, оны құрайтын ұғымдар мен қағидаттар жөнінде белгілі бір көзқарастар мен дағдыларға ие болдың.

Алған білімдерің негізінде мынаған сенімді болдың, ешқандай халық ұлттық идеясыз, ізгілікке жетелейтін идеологиясыз өмір сүруі де, дамуы да мүмкін емес.

Өз тағдырына, келешегіне үлкен үмітпен қарайтын әрбір халықтың өз идеясы, оны алға қарай нұсқап тұратын маягы болады. Халқымыз Президентіміз Ислам Каримов негіздеп берген ұлттық идеяны ой-санасы мен жүрегіне түйіп, ұлы келешекке қарай аршынды адымдап барады.

Биылғы сабақтар барысында оқып-үйренген тақырыптарымыз – ұлттық идея мен ұлттық дамудың өзара тығыз байланыстылығы, бүгінгі әлемнің күрделі идеологиялық көрінісі, зияндылығы жағынан ядролық полигондардан да күштірек идеологиялық полигондарда жүріп жатқан күрестер туралы пікірлер сені жайбарақат қалдырмаған шығар. Бұл күресте маңызды рөл атқаратын идеялық бостыққа жол бермеу, жастардың санасы мен жүрегінде идеологиялық иммунитетті қалыптастыру, қырағылық пен сергектікті күшейту ісіне сен де белсене қатысуың керектігін ұғынып отырсың. Бұл үшін адамның жүрегінде қасиетті Отанына, ана тіліне деген сүйіспеншілік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

құрмет, адал еңбек етіп, тоқшылықта өмір сүруге ұмтылу сезімдері қалыптасуы керек екенін де жақсы түсінесің. Сондай-ақ ата-ана, жанұя, махалла секілді ұлттық руханиятымыздың ежелгі ордаларын аялап-сақтау, материалдық және рухани өмірді өзара үндестіре дамытудың қазіргі таңда қаншалықты маңызды екені жөнінде де нақты түсініктерге ие болдың.

Елбасымыз өзінің «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» шығармасының қорытынды бөлімінде төмендегі маңызды мәселеге назарымызды аударады:

«Рухани кемелдікке қол жеткізу – бір жылдық немесе бес-алты жылдық іс емес. Халық пен ұлт өзінің ұлттық руханиятын жылдар, ғасырлар бойы кемелдендіріп, байытып отырады. Өйткені руханият қатып қалған догмалар жиынтығы емес, керісінше тұрақты қозғалыс үстіндегі үздіксіз үдеріс болып, прогресс жалғасып жатқан кезде оның тегеурінді жүруі нәтижесінде рухани өмір алдына қойылатын талаптар да үздіксіз пайда бола береді»[1].

Нақ руханият сияқты ұлттық идея да заман талаптарына сай тұрақты жетіліп, байып отырады. Бұдан шығатын қорытынды сол, сенің ұлттық идея және руханият жөніндегі білімің мен түсініктерің, тәжірибең мен дағдыларың да соған сәйкес түрде өсіп, дамуға тиіс. Ең маңыздысы, сен сүйікті Отанымызда, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан маңызды оқиғалар мен өзгерістерден дер кезінде құлағдар болып тұруың, сол оқиға-құбылыстар көпшілік қатарында сенің өмірің мен тағдырыңа да қатысты екенін терең түсінуің керек. Өйткені бұл елдің, осы қасиетті Отанның ертеңгі иелері, оның ұлы болашағының жаратушылары қатарында сенің де жауапты орның бар. 1991 жылы қол жеткізілген тәуелсіздікті көздің қарашығындай аялау, мемлекетімізді әлемнің ең озық елдері қатарына шығару әрқайсысымыздан шынайы жанқиярлықты, осы ел, осы Отан үшін өмір сүру секілді жоғары саналылықты талап етеді.

Елбасымыз Ислам Каримов Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің 23 жылдығына арналған салтанатты рәсімдегі құттықтау сөзінде төмендегілерді атап көрсетті:

---

[1] **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 171-бет.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

«Материалдық көзқарас тұрғысынан алғанда біз ең дамыған мемлекеттерден әлі біраз арттамыз. Бірақ біз өз жолымызды таңдадық және бұл жолдан шегінбестен, қатаң сеніммен айта аламыз: материалдық көзқарас тұрғысынан да бұл мәрені сөзсіз иелейміз. Алайда рухани көзқарас тұрғысынан алғанда, ең жеңілмейтін күш деген не? Жоғары руханиятты халық емес пе? Өзіңіз-ақ айта қойыңыз, бұндай халықты кім жеңе алады?»[1]

Расында да өз күші мен әлеуетіне сүйенген, өзінің өміршең, жасампаздыққа үндейтін ұлттық идеясы мен идеологиясы бар, ұлттық руханиятын ұдайы кемелдендіріп тұратын халықты әлемдегі ешқандай күш жеңе алмайды.

Сендерге – әзиз перзенттерімізге білдіретін тілегіміз де өмірдің ұлы шындығынан туындайды: ұлттық идеядай ізгі идея, ұлттық руханияттай үлкен мұра сендерге әрқашан күш-қуат беріп, ізгі істерге рухтандырып тұрсын.

[1] «Халқ сузи» газеті, 2014 жылғы 1 қыркүйек.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАЗМҰНЫ

I тарау. **Тәуелсіздік және ұлттық идея** 3

Ең ұлы мақсат 3
Ұлттық идея және прогресс 8
Әлемнің идеологиялық көрінісі 13
Идеологиялық полигон 20
Бақылау жұмысы 24

II тарау. **Ұлттық идея және кемел ұрпақ** 25

Идеялық бостық 25
Идеологиялық иммунитет 30
Ана тілі – ұлт рухы 36
Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар үндестігі 42
Дамудың өзбек моделі және оның маңызы 47
Бақылау жұмысы 53
Практикалық сабақ. Бүгінгі реформалар жайлы әңгіме 54

III тарау. **Руханияттың берік тіректері** 58

Руханият қорғаны 58
Ұлттық құндылықтар мекені 69
Бақылау жұмысы 80
Білім мен тәрбиенің үндестігі 81
Руханиятқа қатер – өздігімізге қатер 87

IV тарау. **Ең ұлы ерлік** 98

Рухани және материалдық өмір үндестігі 98
Практикалық сабақ. Материалдық және рухани өмір үндестігі 105
Адал еңбек – рухани кемелдік кепілі 107
Рухани ерлік 116
Бақылау жұмысы 122
Қорытынды сабақ 123

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

O‘quv nashri

OYNISA MUSURMONOVA, MURTAZO QARSHIBOYEV,
RAHMON QO‘CHQOROV

MILLIY ISTIQLOL G‘OYASI VA MA’NAVIYAT ASOSLARI

Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 9-sinflari uchun o‘quv qo‘llanmasi

(Qozoq tilida)

To‘ldirilgan va qayta ishlangan 4-nashri

Toshkent «Ma’naviyat» 2015

Аударған *А. Ташметов*
Редакторы *А. Рахманов*
Корректоры *F. Эсанбекова*
Комьютерде беттеген *Ш. Сохибов*

Лицензия AI №189, 10.05.2011 жылы берілген. Басуға 02.07.2015 жылы рұқсат етілді. Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қарібі «Таймс». Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 8,00. Есептік баспа табағы 7,62. Таралымы 4836 дана. Тапсырыс № 3870.

«Маънавият» баспасы, Ташкент, Тараққиет 2-тўйық көше, 2-үй. Келісім № 57-15.

«SHARQ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы баспаханасында басылды. Ташкент, 100000, Буюк Турон көшесі, 41-үй. 2015.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық пайдалануға жарамайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE